

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 378.02:796.015(=512.122)

Қолжазба құқығында

ОМАРОВ БАХЫТЖАН СУЛТАНОВИЧ

**Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік
құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында)**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Мухамеджанов Б.К.,
педагогика ғылымдарының докторы,
доцент Ортаев Б.Т.
Шетелдік кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Гриншкун В.В.

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2015

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
	КІРІСПЕ.....	7
1	БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	13
1.1	Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру - психологиялық-педагогикалық проблема	13
1.2	Ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері.....	39
1.3	Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі	63
2	БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	81
2.1	Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайы	81
2.2	Ұлттық спорт бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдері	95
2.3	Тәжірибелі-эксперимент жұмысының ұйымдастырылуы және нәтижелері	120
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	139
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	141
	ҚОСЫМШАЛАР.....	156

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана, 30 тамыз, 1995.

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012. http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynun-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11(28235) 18 қаңтар, сенбі 2014. - 34 б.

«Диссертация мен авторефератты ресімдеу бойынша нұсқаулық». ҚР Жоғары аттестациялық Комитеті. БЖҒМ. Алматы, 2004.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. –Алматы, 2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5В010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10 маусым, 2011.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар көрсетілген:

Білім – ойлау мен дүниені түзу құралы, яғни объективті шындық туралы қабылданған, саналы түсінілген, есте сақталып қалған және көрсетілген әдіс, үлгі бойынша әр түрлі таныс жағдайларда қолдану деңгейіне дейін меңгерілген ақпарат; адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдарының, т.б. жиынтығы.

Білім беру бағдарламасы - білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік-басқару құжаттары.

Жаттықтырушы-оқытушы - дене шынықтыру және спорт ұйымдары маманының лауазымы, педагог қызметкер.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ): Студенттің өзі жазылған пәндердің типтік оқу жоспары, элективті пәндер каталогы және оқу пәндерінің тізімі негізінде кредит саны немесе академиялық сағаты көрсетіліп, әрбір оқу жылына өздігінен жасаған құжаты, жеке оқу жоспары нақты студенттің білім алу траекториясын көрсетеді.

Интеграция - латын тілінен аударғанда («integratio» сөзінің қазақша мағынасы қайта құру, толықтыру, «integer» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді.

Интеграциялық курс (элективті, таңдау курсы, қосымша оқу пәндері және т.б.) - кешенді және басқа деңгейдегі сапада әр түрлі пәндердің элементтерін қамтитын автономды ғылыми пән.

Кәсіби құзыреттілік – сала бойынша меңгерілген білімді, іскерлік пен дағдыны және маманның жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыру қабілеттілігі;

Құзыр – әмір, билік; – белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық.

Құзырет – белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті.

Құзырет – бұл белгілі саладағы нәтижелі іс-әрекет үшін білімді, біліктілікті және жеке тұлғалық сапаларды қолдану қабілеттілігі.

Құзыреттілік - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

Модель - (франц. modele, итал. modello, лат. modulus) - өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Оқу жоспары (ОЖ): білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

Оқу жоспарының тұрақты бөлігі - оқу жоспарының өзгертуге жатпайтын бөлігі. Оқушы тұлғасын жалпы адамзаттық мұраттар мен мәдени дәстүрлерге сәйкес қалыптастыруды қамтамасыз етіп, мемлекет аясында тұтас білім кеңістігін құрады.

Оқу бағдарламасы: әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Пәнді оқыту нәтижелері – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

Типтік оқу жоспары (ТОЖ): оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

Спорт - жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір бөлігі;

Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік: оқу-нұсқаулық құжаттарын, білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар туралы білімдерді меңгеруі; ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттарын (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т.б.) жетілдіру біліктері мен дағдыларын меңгеруі; жоғары орындаушылық тәртібі мен ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болуы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы;
ҚР МЖМБС	– Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ЖОО	- жоғары оқу орындары;
ХҚТУ	– Халықаралық қазақ-түрік университеті
ОӘК	– оқу-әдістемелік кешен;
МОӘК	- мамандықтың оқу-әдістемелік кешені;
ПОӘК	- пәннің оқу-әдістемелік кешені;
БСҚА	- Білім беру сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі;
МЖМБС	- мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;
ҮОЖ	- үлгілік оқу жоспары;
БТ	- бақылау тобы;
ЭК	- эксперимент тобы;
ІТ	- ақпараттық технологиялар

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыздандырудың негізгі факторларының бірі болып табылатын жоғары білім беру жүйесінің аса тиімділігін арттыру қажеттілігі жағдайында мамандарды, соның ішінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды сапалы даярлауға жоғары талаптар қойылып отыр. Осы міндеттер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттары тұрғысынан көрсетілген [1, 2].

Осы талаптар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да маңызды міндеттер қатарында «білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық бүгінгі қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандар даярлау» көрініс тапқан. Ал бұл болса, педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен өзінің кәсіби өсуін жүзеге асыру мен алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді [3].

Осыған орай қазіргі уақытта жоғары білім беруді, соның ішінде жоғары педагогикалық білім беруді оқыту нәтижесін бағдарлай отырып, жобалау мен жүзеге асыру негізгі мәселенің бірі тұрғысынан шетелдік (Weinert, F. E., Alireza Zandi, Mona Tavakoli, Seyed Nemat Khalifeh, Leila Saffari, Arredondo, P., Toporek, R., Brown, S. P., Jones, J., Bakx, A, т.б. [4-7]), ТМД елдері (Сластенин В.А., Кузьмина Н.В., Рыжков М.В., Баранников А.В., Зимняя И.А. және т.б. [8-12]), қазақстандық (Кенжебеков Б.Т., Меңлібекова Г.Ж., Құдайбергенова К.С. және т.б. [13-15]) ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелуде.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спортты жаңа сапалы деңгейге көтеруге қабілетті жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау саласын жетілдірудің оңтайлы жолдарын зерттеу талап етілуде. Өйткені ұлттық спорттың жанашыры, қолдаушысы Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақша күрестен «Қазақстан Барысы - 2015» сайысы күрескерлерін марапаттауда қазақша күрес – ұлттық ерекшелігімізді танытатын спорттың бір түрі, ұлттық мақтанышымыз болып табылатынын атап көрсетті [16]. Ұлттық спорт түрлерінің (қазақша күрес, тоғызқұмалақ және т.б.) дамуының мемлекет тарапынан қолдау табуы дені сау қоғам мен мықты мемлекетті дамытуға тікелей ықпал ететін болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігін арттырады. Әсіресе, болашақ спортшылар мен чемпиондарды тәрбиелеу жаттықтырушы-оқытушылардың бойында ұлттық ойындар түрлерінен терең білімдерінің болуын, педагогикалық іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы ұйымдастыру, әдістемелік білім, білік дағдыларымен қатар,

тұлғалық қасиеттер мен психологиялық сапаларының қалыптасуын талап етеді. Ал бұл болса, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

Ұлттық ойын құндылықтарында жас ұрпақты тәрбиелеу қажеттілігі мен оның мүмкіндіктері туралы ойлар ғұлама ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А.Ясауи және т.б., ұлы ағартушылар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде көрініс тапқан [17-27].

Болашақ мұғалімдердің жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру және оның оқу-тәрбие үдерісінде жетілдіру (Ж.Ы.Намазбаева, Н.Н.Хан, Ш.Т.Таубаева, Ұ.М.Әбдіғалпбарова, Р.С.Омарова және т.б. [28-32]), жоғары оқу орындарында болашақ маман даярлау мәселелерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Н.В.Кузьмина, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, Қ.И.Адамбеков, К.М.Беркімбаев, Г.Э.Белицкая, Б.А.Тұрғынбаева және т.б. [33-39]), жастардың дене шынықтыру саласы үшін мамандарды кәсіби даярлау (Б.Төтенаев, М.Б.Сапарбаев, Б.А.Тойлыбаев, Ж.К.Оңалбек, А.Қ.Қарақов, Қ.Т.Жаңабаев, Т.А.Ботағариев, Б.Қ.Мұхамеджанов, Ш.Б.Оразов, А.Ақшораев, Ә.Бүркітбаев және т.б. [40-50]) мәселелері қарастырылған.

Біздің зерттеуіміз үшін жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби-дидактикалық (Б.Барсай [51]), әдістемелік (И.О.Игропуло, И.В.Кузнецова [52, 53]), коммуникативтік (Б.Б.Кенджаева [54]), ұйымдастырушылық (В.Г.Суранов [55]), ұйымдастыру-басқарушылық (А.Э.Исламов [56]), технологиялық (Н.Ю.Каракозова [57]) және т.б. құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған еңбектер аса қызығушылық тудырады.

Дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау мәселелері И.Х.Мешевтің (дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру), А.Н.Кузнецованың (дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру), К.А.Маринченконың (болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби-тұлғалық өзін жетілдіру құзыреттілігін қалыптастыру), Н.В.Никифоровтің (болашақ педагог-жаттықтырушылардың еркін күрес бойынша кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру) және т.б. еңбектерде жан-жақты зерделенген [58-61].

Зерттеу жұмыстарын теориялық талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі зерттелмегендігін көрсетеді. Ұлттық спорт түрлерінің (қазақ күресі, тоғызқұмалақ) әлемдік деңгейде қолдау табуы жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттігін арттырады.

Осы айтылып өткендер, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда мынадай қарама-қайшылықтар бар екендігін көрсетті:

- жас буын ұлттық спорт чемпиондарын тәрбиелеуге аймақтық қоғамдастықтың сұранысы мен әрекет етуші жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің жеткіліксіздігі;

- ұлттық спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауда ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру көкейкестілігі мен оның жоғары оқу орындары оқу-тәрбие үдерісінде теориялық тұрғыда негізделмеуі;

- ЖОО-ң оқу-тәрбие үдерісінің болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндіктерінің болуы мен ол бойынша әдістеменің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуы диссертациялық зерттеу көкейкестілігін арттырады.

Осы қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты **«Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында)»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасау және эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу.

Зерттеу нысаны – жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, құзыретті маман даярлау бағдарына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мәні анықталса, психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалып, жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасуының моделі, сондай-ақ элективті курс мазмұны және оларды жүзеге асыру әдістемесі жасалса, онда болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің жоғары деңгейін қалыптастыру қамтамасыз етіледі, өйткені, олардың кәсіби даярлығы ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеттерінде өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік тудырады.

Зерттеудің міндеттері

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін айқындау.

2. Ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтау.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасау.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасау және тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі – Мемлекеттік білім беру стандартында көрініс алған дене тәрбиесіне қойылған талаптарды жоғары кәсіби деңгейде шешуде көмектеседі.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: педагогика, философия және психология ғылымдарының жеке адамды дамыту туралы ілімдері, тұлға дамуы мен қалыптасуының жалпы диалектикалық принциптері, сана мен іс-әрекет бірлігі принципі, дене мәдениеті теориясы, жеке тұлғаны дамытудағы шығармашылық әрекет пен тұлғалық ізденушілік қатынас туралы қазіргі философиялық қағидалар; таным теориясы; рухани мәдениет ілімі және дене тәрбиесі теориясы.

Зерттеу әдістері:

- жалпы ғылымилық әдістер (зерттеліп отырған мәселеге байланысты психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау);

- эмпирикалық әдістер (студенттердің оқу, іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, интервью (сұхбат) жүргізу);

- педагогикалық эксперимент, үлгілеу әдісі;

- зерттеу деректерін статистикалық өңдеу, математикалық әдістер;

- эксперимент жұмыстарының нәтижелерін мәліметтерін сандық жағынан сараптап, қорытындылау.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Білім туралы» Заң, Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасы оқушы жастары мен балалардың дене тәрбиесі» бағдарламасы және «Білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру мен спортты дамыту» Тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және ҚР Білім министрлігінің бекіткен тұжырымдамалары, стандарттары, бағдарламалары мен ресми мемлекеттік құжаттар; ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, ғылыми-педагогикалық зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелер.

Зерттеу кезеңдері.

Алғашқы кезеңде (2012-2013) – зерттеу проблемасы бағытындағы педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми аппараты анықталды, ұлттық спорт түрлері бойынша басылым көрген әдебиеттер зерделенді, Жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына талдау берілді. Анықтау эксперименті жүзеге асырылды.

Екінші кезеңде (2013-2014) – тақырып бойынша материалдар жинау жалғасын тапты, қалыптастыру эксперименті басталып, аралық кесінділер алынды, алынған нәтижелер жүйеленді. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылым көрді. Оқу құралдары бойынша материалдар жиналды.

Үшінші кезеңде (2014-2015) – қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, эксперимент нәтижелері қорытындыланды, бақылау эксперименті жүзеге асты, алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өтті, диссертация талап бойынша рәсімделді, әдебиеттер жүйеге келтірілді, ғылыми ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мәні айқындалды.

2. Ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері анықталды.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалды.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

- «Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі (ұлттық спорт түрлері бойынша)» атты оқу құралы дайындалды;

- «Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы жасалды;

- «Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікке бағдарланған оқыту үдерісі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасы жасалды;

- Тоғызотау және Бесотау ойын тақтасы жасалды, оқу үдерісіне ендірілді;

- «Тоғыз арна» ойын тақтасы жасалды, оқу үдерісіне ендірілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

1. «Жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі» ұғымы мен оның аясындағы анықталған маманның кәсіби іс-әрекет мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартын, білім беру бағдарламаларын толықтыратын білім ретінде қарастырылады және оны болашақ жаттықтырушы-оқытушыда қалыптастыру білімнің, дағдының, жеке тұлғалық сапалық қасиеттердің үйлесімді бірлігі негізінде жүзеге асырылады.

2. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық спорттың мүмкіндіктері: спорттық әрекет құрылымы (басқару, ұйымдастыру, әлеуметтік-психологиялық ықпал ету; бағдарлық, ұйымдастырушылық, т.б.), оның бағыттылығы (әлеуметтік-мәдени, практикалық, оқыту) және оқу жұмыстары барысында әртүрлі деңгейде ұйымдастырылуы (оқу-жаттығу, ұлттық спорт түрлері бойынша оқыту формаларын ұйымдастыру, жарыстарды ұйымдастыру деңгейінде) тұрғысынан артады.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік құраушылар тұрғысынан) негізінде оңтайлы жүзеге асырылады.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі оқытудың технологиялық картасы негізінде жобаланып, құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды (сұрақ-жауап, пікір-талас, кейс) қолдану, оқыту

тәсілі мен жаттығуды үйрету техникаларын жүзеге асыру тұрғысынан пайдалануға негізделеді және жүзеге асырылады.

Зерттеудің нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәніне сәйкес әдістерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының педагогикалық мақсатқа сәйкестігімен, теориялық тұжырымдардың практикадан алынған нәтижелерімен үйлесімділігі, олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексерумен және практикаға ендірумен қамтамасыздандырылады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру эксперимент барысында және халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық баспасөз беттерінде, жоғары оқу орындарындағы ғылыми семинарларда, ғылыми-әдістемелік кешеннің мәжілістерінде, кафедра отырыстарында талқыланып, Оңтүстік Қазақстандағы университеттердің оқу-жаттығу үрдісіне ендірілді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және олардың енгізілуі. Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 15 еңбекте көрініс тапқан. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 8 ғылыми басылымдарда, Scopus компаниясының ақпараттық базасында тіркелген 1 жарияланымда және 5 халықаралық (оның ішінде 3 шетелдік) ғылыми-практикалық конференция материалдарында және 1 оқу құралында. Сонымен қатар 2 ұлттық спорттық ойын тақтайшасы құралына (Тоғызотау және Бесотау, Тоғызарна) авторлық куәлік алынды.

Зерттеудің негізгі базасы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

1 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру - психологиялық-педагогикалық проблема

Қазіргі жаһандану жағдайында білімді де білікті маман даярлау қоғам талабы және оны қанағаттандыру үшін көптеген өзгерістер жоғары оқу орындарында жүзеге асырылуда. Солардың бірі – дайындық бағыты бойынша құзыретті маман даярлау.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде: кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны атап көрсетілген [3, б. 26-30]. Бұл бағытта жұмыстар жүзеге асырылуда және оны қамтамасыз ету үшін ЖОО білім беру бағдарламаларын әзірлеуде.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындары білім беру саласында болашақ мамандарды даярлаудағы жаңа басымдықтар белгіленуде. Сондықтан, жоғары оқу орындарының қызметіне бағдарланған заңды құжаттарда келесі міндеттер айқын көрсетілген:

- кең көлемді іргелі білімге ие, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті кәсіби құзыретті мамандар даярлау;

- білім беру үдерісін демократияландыру арқылы бүкіл жоғары білім беру жүйесінде сапалы білім беру қызметін ұсыну мотивін күшейту;

- жекелеген жоғары оқу орындарын халықаралық аккредитациядан өтуге дайындау, элиталық жоғары оқу орындарын дамытудың нақты шарттарын құру;

- жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа ұстанымдары мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін ендіру және ЖОО автономдылығын (дербестігін) көтеру;

- студенттердің сапалы білім алу құқығын жетілдіру, жоғары оқу орындары басшылығының сапалы білім беру қызметіне жауапкершілігін анықтайтын механизмдерді жасау және ендіру.

Жоғары оқу орындарында құзыреттерге, оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру бағдарламасын қалыптастыру және жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мазмұнында «Жоғары білім мамандықтары шеңберінде жоғары оқу орындары Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген білім

беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді» - деп атап көрсетілген [62]. Осыған байланысты, білім беру бағдарламалары ЖОО-да әзірленеді және бекітіледі.

Аталған құжатта жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің әрбір деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттің алған білімінің, шеберлігінің, дағдысы мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттайтын Дублин дескрипторлары оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ ECTS кредит (сынақ) бірліктерінің жалпы санына негізделетіні айтылған.

Сондай-ақ, құзыреттілік тұғыр тұрғысынан жоғары білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша теориялар мен шетелдік тәжірибелерді мазмұндайтын оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларды атап көрсетуге болады [63-65]. Сонымен қатар, бұл еңбектерде құзыреттерге негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыру, жүзеге асыру бойынша тәжірибелер қамтылған. Негізгі мақсат және нәтиже: құзыреттілігі қалыптасқан маман даярлау.

Барлық сала мамандарының құзыреттілігі туралы пікірлер, кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан.

Психология, педагогика ғылым салаларында маманның кәсіби құзыреттілік және оны қалыптастыру мәселелері түрлі авторлар тарапынан (Б.Барсай, В.С.Безрукова, В.Р.Веснин, В.Г.Горчакова, Л.Гребнев, И.А.Зимняя, Н.Б.Крылова, А.А.Леонтьев, М.Розенова, Д.В.Чернилевский және т.б.) қарастырылды.

Құзыреттілік пен құзырет мәселесі бойынша жұмыстарды зерделеу (В.И.Байденко, Н.Ф.Ефремова, И.А.Зимняя, Б.Кенжебеков, И.В.Кузьмина, В.Н.Куницына, А.К.Маркова, Р.П.Мильруд, Л.А.Петровская, А.В.Хуторской, Дж. Равен, Д.Хаймс, Ч.Вельде) құзыреттерге негізделген, білім берудің үш қалыптасу кезеңдерін ерекшелеуге мүмкіндік береді.

Бірінші кезең (1960-1970 жж.) ғылыми аппаратқа «құзырет» ұғымын енгізумен, «құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін ажыратуға алғышарттар жасаумен сипатталады. «Құзырет» түсінігі алғаш рет іс-әрекеттік білім беру саласында (performance-based education) АҚШ-та XX ғасырдың 60 жылдары қолданыла бастады, оның мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау болатын. Бастапқыда «оқушылардың құзыреттері» бихевиоризм дәстүрінде «білімді автоматтандыру» нәтижесінде қалыптасқан, қарапайым дағдыларға келтірілді. Бұл амалды сынаушылардың тұжырымы бойынша, тәжірибелік білімдер түріндегі құзыреттер оқушылардың дербестігі мен шығармашылығын дамыту үшін жеткіліксіз. Сондықтан, екі түсінік ажыратылды: құзыреттілік пен құзырет (competence and competencies). Құзырет тұлғалық дәреже, ал құзыреттілік оқыту бағдарламасының бірлігіне айналып және құзыреттің «анатомиясын» құрады. Сол уақыттан бастап тілдерді оқыту теориясында тілдік құзыреттердің түрлері зерттеліп, «коммуникативтік құзыреттілік» түсінігі енгізілді [65, с.7-8].

Екінші кезең (1970-1990 жж.) кәсіби басқаруға, қарым-қатынасты оқытудың, шетел тілін оқытудың теориясы мен тәжірибесінде құзырет ұғымын пайдаланумен сипатталып, «әлеуметтік құзыреттер» түсінігінің мазмұны жасалды.

Кәсіби білім беруге білім берудің жаңа құрылымдары – құзыреттерді енгізу - XX ғасырдың 80-жылдарында В.Оскарссон, Дж. Равен, В.Хутмахер, С.Шо секілді Еуропалық Одақ елдерінің ғалымдарының еңбектерімен ғылыми негізделді [66-69].

Кеңестік білім беру педагогикасында «құзыреттілік» ұғымы оқытудың нәтижесі үшін сипатталатын термин ретінде өткен ғасырдың соңғы ширегінде қолданыла бастады [70]. Бұл кезеңнің аяғында зерттеушілер адамзат өмірінің түрлі салаларындағы (педагогикалық құзыреттілік, коммуникативтік, құқықтық) құзыреттілік туралы ғана емес, олардың ішіндегі түрлерді ажыратады.

XX ғасырдың 90-жылдарында білім беру саласында қолданылған ғылыми дәреже ретінде құзыреттерді зерттеудің үшінші кезеңі А.К.Маркова (1993, 1999), Л.М.Митина (1998), Л.А.Петровская (1989) секілді ғалымдардың еңбектерінің пайда болуымен сипатталады. Бұл кезеңнің еңбектерінде құзыреттілік түсінігі түрліше талқыланады: кәсібилік синонимі де, оның құраушыларының бірі ретінде де түсіндіріледі.

Құзыреттілік тұғырының осы даму кезеңін сипаттайтын ЮНЕСКО құжаттарында білім берудің күтілген нәтижесі ретінде қарастырылатын құзыреттер ауқымы көрсетілді. 1990 жылдардың басында шетелдік педагогика ғылымындағы Еңбектің Халықаралық ұйымында дипломнан кейінгі білім беру жүйесінде, басшы мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде мамандардың дәрежелік талаптарына енгізілген «басты құзыреттер» түсінігі кәсіби мектепте мамандардың даярлығына талаптарды анықтай бастады [71].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзырет (компетенция) және құзыреттілік (компетентность) ұғымдары пайдаланылып келеді.

Білім беруді жаңарту негіздерін құзыреттілік тұғыр тұрғысынан жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын әзірлеуді жүзеге асырды. Бұл тұрғыдан алғанда білім беру мақсаты мен нәтижесі ретінде білім алушының құзыреті назарда болды. Десекте, құзырет ұғымына берілген ұғымдар, анықтамалар, түсіндірмелер кей жағдайларда шатасуларға алып келеді. Сол үшін де, біз «құзырет» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелерді 1-кестеде келтірдік (кесте - 1).

Кесте 1 – «Құзырет» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелер

«Құзырет» ұғымының мазмұны	Авторлар (еңбек аты)
– нақты әрекет пен үдерістерге байланысты тиімді, өнімді әрекеттер жасай алатындай дара тұлға сапаларының өзара байланысқан бірлестігі (білім, іскерлік, дағдылар, іс-әрекет түрлері)	Меңлібекова Г.Ж. [14]
Құзырет - - қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтық шеңбері	С.Ожегов, [72]
1) жалпы алғанда – қайсы бір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау; 2) тіл мен психолінгвистикада – тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру; 3) сот психиатриясында сот отырысына қатысуға психикалық тұрғыдан қабілетті деп есептелетін адамды белгілеуде қолданылады.	Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі [73, 131-132 бб.].
Құзыр I – Әмір, билік. Құзыр II – Белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық. Құзырет – Белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [74, 534 б.].
құзыр – адамның тұлға болып қалыптасуындағы қызмет барысында байқалатын мінез-құлқы	Қ.С.Құдайбергенова [15]
Құзырет - білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жаңғыртуға дайындық	Ферхо С.И. [75]
Құзырет – адамның сапасының құраушысы ретінде көрінеді, оның белгілі әрекеттерді немесе кешенді міндеттерді орындау қабілеттерін анықтайтын оның қасиеттерінің тобы	Hutmacher, Walo. [68, с.12]
Құзыреттер – студенттердің оқыту үдерісі кезінде алған білім, шеберлік және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті	ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», [62, 25 б.]
Құзырет – сәйкес салада кәсіби іс-әрекетпен шұғылдану үшін қажетті жеке тұлғалық сапаның, білімнің, іскерлік пен дағдының динамикалық комбинациясы	Қырғыз Республикасы ЖОО үшін құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған әдістемелік нұсқаулық, (65, с.13)

1-кестеде берілген сипаттаулардан ұғатынымыз «құзырет» ұғымы адамға қатысты және оның аясы белгілі саладағы нәтижелі іс-әрекет үшін білімді, біліктілікті және жеке тұлғалық сапаларды қолдану қабілеттілігін, оның динамикалық сипатта болуын қамтиды.

Сонымен, «құзырет» термині, әдетте, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебе иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігінің, білімінің, іскерлігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады [14].

Латынның «compete» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды. Кәсіби құзыреттілік категориясын айқындау үшін оларды әр түрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіру жүзеге асырылады.

«Білу» тек кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті нақты, ақиқат білім ғана емес, сонымен қатар, ақиқат мәні бар және білім мен білікті қолдануға бағыттайтын құндылық болып табылады.

«Жасай алу» педагогикалық үдерісті жүзеге асыру амалы ғана емес, адамның ең басты білігі өзінің ішкі жандүниесін еркін және саналы сезіне білуде де, сыртқы кәсіби педагогикалық қызметте де субъект бола білу.

«Дегеніне жету» - қойылған мақсатқа заң, адамгершілік және мәдениет шеңберінде жете білу [14]. Осы логикалық құрылым ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан құрылымын анықтауға және оны қалыптастырудың құралын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Тюнинг әдіснамасында «оқыту нәтижелері» және «құзырет» ұғымдарын ажыратады. Құзырет білім алушыға (бітіруші түлекке) қатысты және білім беру бағдарламасының мақсаты болып табылады. Оқыту нәтижесі білім беру бағдарламасының элементіне қатысты және оқытушы тарапынан құзыретті (білім, практикалық іскерлік, іс-әрекет тәжірибесін) «құраушылардың» күтілетін, өлшенетін көрсеткіші ретінде қалыптастырылады. Нақтырақ айтқанда, «Оқыту нәтижесі – оқыту үдерісінің аяқталуы бойынша білім алушының білуі, түсінуі және/немесе орындауға дайын болуы қажет күтілетін көрсеткіштері» [65, с.121]. Сонымен, «құзыреттерді» білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізуде оқыту нәтижелері пайдаланылады.

Шетел ғалымдарының еңбектерін зерделеу [76-79], төмендегідей құзыреттердің мазмұнын ашып, оларға басымдық бергенін көруге болады, олар:

- түйіндік құзыреттер;
- кәсіби құзыреттер;
- түрлі мәдени құзыреттер;
- коммуникативті құзыреттілік.

В.Хутмахердің ойынша, «құзырет» ұғымы «не білуді» емес, «қалай жасауды» білдіреді және ол «қолдану іс-әрекеттегі құзырет екендігін» атап өтті [68, р. 21]. Бұл пікірді, біздің ойымызша, қолдауға болады.

«Құзырет» ұғымы сияқты «құзыреттілік» ұғымына да анықтамалар көптеп келтірілгендігі белгілі. «Құзыреттілік» ұғымына берілген бірқатар анықтамалар мен түсіндірмелерді төмендегі 2-кестеден көруге болады.

Кесте 2 – «Құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелер

Берілген анықтамалар мен түсіндірмелер	Авторлар мен ақпарат көздері
құзыреттілік – мектеп жасына дейінгі баланың тәрбие, даму, білімділік деңгейі, қалыптасқан жеке басының қасиеттері, білім нәтижесінің типі; негізгі құзыреттіліктер – күнделікті, кәсіби немесе әлеуметтік өмірлік жағдайларда қолданылатын, өмірдегі әралуан проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін білім, шеберлік, дағды, қабілет жиынтығы.	ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [62]
белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, қандай да болмасын мәселеден хабардар болу, беделділік	С.Ожегов, [72]
«құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі ол мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, іскерлік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды; - құзыреттілік – алған білім, іскерлік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті; - құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; - құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады	М.В. Рыжков, [10]
құзырлылық – адамның өздік даму жолындағы ізгілік идеялар мен ұстанымдарға негізделген кіріктірілген сипаттамасы	Қ.С.Құдайбергенова [80]
құзыреттілік - тұлғаның теориялық білімді және практикалық тәжірибені белгілі бір міндеттерді шеше білуге қолдануға қабілеттілігі және дайындығы	Ю.В. Варданян [81]

2-кестеде берілген «құзыреттілік» ұғымына сәйкес анықтамалар мен түсіндірмелерден олардың мазмұны бір-біріне қайшы келмейтіндігін көруге болады.

Сонымен «құзыреттілік» термині, әдетте, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебе иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, іскерлігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. Сол себепті, басты құзыреттілік мазмұны маман даярлаудың сапасын анықтаушы, жеке білімдер жүйесінің білім, білік, дағдылары жеке құзыреттіліктің негізінде құрылуы қажет [82].

Ғылыми еңбектерді [83] зерделеу бойынша анықталған: оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтілік құзыреттілік түрлері түйінді құзыреттілік түрлері ретінде қарастырылады. А.В.Баранников өзінің зерттеу жұмысында «түйінді құзыреттілік» түрлерін [11]: оқу (оқу үдерісін ұйымдастыру, білім берудегі өзіндік қолтаңбасын табу, оқу және өз білімін көтеру мәселелерін

шешу; білім беру тәжірибесінің пайдалы жағын анықтау, т.б.), зерттеушілік (ақпаратты табу және өңдеу; ақпараттың әртүрлі көздерін табу; құжаттармен жұмыс істеу, т.б.) және коммуникативтік (басқа адамдардың көзқарастарын тыңдау және қаперге алу; өзінің көзқарасыңды дәлелдеу және қорғау; өзге тілді түсіну, сөйлеу және жаза білу; адамдар алдында сөз сөйлеу; өз ойыңды әдеби тілмен жеткізе білу, т.б.) құзыреттіліктер деп атап көрсетеді.

Сонымен, «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына берілген бірдей ортақ анықтамалар мен түсіндірмелер болмағанымен де, оларда терең қайшылықтардың да жоқ екендігін көруге болады.

Бізді қызықтыратыны «Құзыреттілік – бұл нақты адамда көрінген және өлшенген құзырет» - деп авторлық бірлестікте берілген анықтама [84]. Сондай-ақ бұл анықтаманы біз де қолдаймыз. Құзырет және оқыту нәтижесі кейбір жағдайда бір мағынада қолданылады. Біріншісі адамға қатысты айтылса, екіншісі соның көрсеткіші ретінде құжатталудағы көрініс болады.

Қазіргі кезде Еуропада да, кез-келген елді алсаңыз да «оқытудың нәтижесі» деген терминге нақты анықтама бере алмайды. Дегенмен, бұл мәселе тудырмайды, өйткені бұл терминді қолданатындардың көбі, оны Солтүстік Еуропа, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка мен АҚШ елдерінің тәжірибесінен алған. Бұл терминнің мағынасы түбегейлі әлі де өзгерген жоқ. Оқыту нәтижелері зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әдетте, төмендегіше анықталады [85-89]:

- «Білім алушылардың оқытудың соңғы кезеңінде не білетіндігін, не түсінгендігін немесе не көрсете алатындығының тұжырымдамасы»;

- «Оқу тәжірибе нәтижесі ретінде білім не білетіндігі, не түсінетіндігі және не көрсете алатындығы туралы күтілетін нәтижелер туралы тұжырымдар»;

- «Оқытудың нәтижелері – оқу үдерісінің нәтижесінде студент қандай құзыреттерді игереді деген тұжырымдар».

Жалпы алғанда, оқыту нәтижесіне берілген тұжырымдар әртүрлі болғанымен де, олардағы негізгі ой біреу, ол – білім алушының оқытудың соңында меңгеретін дайындық көрсеткіші деп білеміз.

Еуропалық біліктілік шеңбері бойынша құзыреттілік құраушылары үш бөліктен, яғни оқыту нәтижелерінен тұрады [90]:

- білім – теориялық және практикалық;

- дағды - когнитивті (логикалық, интуициялық және шығармашылық ойлауға қатысты) және практикалық (қол еңбегі және әдістерді, материалдар мен жабдықтарды қолдану);

- эмоционалдық-құндылық қатынастар – жауапкершілікте және жеке дербестікте болу.

Сонымен, құзыреттілік білім, дағды және эмоционалдық-құндылық қатынастардың кіріктірілген тұтас жүйесі ретінде анықталады, бағаланады. Сондай-ақ, бұл мәселе педагогтардың зерттеу нәтижелері бойынша да қолдау тапқан, яғни құзыреттіліктің кіріктірілген 3 аспектіні қамтитынын көрсетеді [83]:

- когнитивтік (білім);

- операциялық (*іс-әрекет тәсілдері және осы іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығы*);

- аксиологиялық (*белгілі құндылықтардың болуы*).

Аталған салалардың мазмұны ғылыми, педагогикалық еңбектерде кеңінен қарастырылған [91-94]. Олардың мазмұнында:

1. Когнитивті (танымдық),

2. Психомоторлы,

3. Аффективті (эмоционалдық-құндылық) салалар ашылып жазылған.

Бір ғана когнитивті (танымдық) сала - Б.Блум бойынша: білу (білім, есіне сақтау), түсіну, қолдану, талдау (саралау), жинақтау, бағалау деңгейлері қамтылған [95]. Сондай-ақ қалған салалардың да мазмұнын құраушылар мен деңгейлер қарастырылған.

В.Хутмахер Еуропа кеңесімен қабылданған, жастарды дайындауда маңызы зор, басты құзыреттердің тобын анықтаған. Оның ішінде педагогтар үшін қажетті негізгі төмендегідей құзыреттерді атап көрсетеді: коммуникативтік, әлеуметтік-ақпараттық және іс-әрекеттік немесе қызметтік құзыреттер. Іс-әрекеттік құзыреттердің мазмұны төмендегіше анықталады: жеке кәсіби және әлеуметтік өмірде үздіксіз білім алу негізі ретінде өмір бойы оқу қабілеті.

Педагогтың құзыреттілігі туралы зерттеулерді зерделей келе, Б.Барсай В.А.Сластениннің пікіріне сүйене отырып, мұның өзі «адамдардың, оның ішінде педагогтардың белгілі бір міндетті атқаруда бейімділік пен іскерлікті меңгеру жолындағы психологиялық жағдай және білімділіктің, тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты педагогқа қажетті көптеген сапалардың болуы» деп тұжырымдайды [51, б. 106].

Сондай-ақ, педагог ғалым зерттеу жұмысында: «Бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық құзыреттілігі бастауышта оқытылатын барлық пәннің ғылыми негіздерін, мазмұнын, оларды оқытудың ортақ және кейбір пәндердің жеке ерекшелігіне байланысты әдістемелерін, оқытуда қолданылатын технологияларды толық меңгеруімен, сабақ үдерісінде дидактикалық талаптарды (оқытудың ұстанымдары мен заңдылықтарын, оқыту формаларын, құралдарын, нәтижені бағалау әдістерін, т.б.) жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдысының болуымен анықталатын кәсіби сапасы» деп анықтаған [51, б. 83].

Болашақ мұғалімнің, оның ішінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әртүрлі аспектілерімен көптеген ғалымдар шұғылданды. «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде де қолданылды. Кейбір авторлардың еңбектерінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби қызметке даярлық» (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова, А.И. Панарин және т.б.) және «педагогикалық кәсібилік» (А.И. Пискунов, В.В. Косарев және т.б.) ұғымымен теңестіріледі. Басқа да туындаған пікірлерді білу үшін қысқаша тарихи педагогикалық шолу жасалады.

Білім беру саласында құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі ХХ ғасырдың 80-90 жылдары қарқынды жүре бастады. Кәсіби-педагогикалық

құзыреттілік пен оның жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы В.А.Адольтің, Е.В.Бондаревтің, Н.В.Кузьминаның және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерін К.А.Абульханова, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков, Б.Барсай және т.б. зерттеді [51, 35].

XX ғасырдың 80-жылдары В.А.Сластенин мұғалім жеке тұлға сапасының құрамындағы кәсіби құзыреттілікті төмендегідей элементтерден тұрады деп көрсетті [8]:

а) педагогикалық қабілеттілік деңгейі;

б) базалық білімдер мен педагогикалық және психологиялық талаптарды міндетті орындау (жұмыста ғылым мен педагогикалық технология жетістіктерін пайдалану);

в) педагогикалық іскерліктер қалыптасуының деңгейі.

Онстенк (1997) зерттеулері бойынша, «құзырет салалары» төмендегідей анықталған:

- кәсіби және әдістемелік білімдер;
- ұйымдастыру және әдістемелік білімдер;
- әлеуметтік, коммуникативтік, нормативтік және мәдениет білімдері;
- білімді зерттеу және қалыптастыру [96].

Білімді ақпараттандыру қазақстандық оқу жүйесін модернизациялау мен реформалаудағы маңызды талаптардың бірі, өйткені осы білім саласында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзырлы өз мамандығын еркін игерген, әлемдік стандарттарға сәйкес терең қабілетке ие, әрдайым кәсіби тұрғыда өсуге дайын жоғары білікті маман даярлау мәселесіне үлкен көңіл бөлініп отыр [97].

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы туралы бірыңғай пікір жоқ екені байқалады (қосымша А). Көбіне бұл ұғым кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады. Кейбір авторлардың еңбектерінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби қызметке даярлық» (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова, А.И. Панарин және т.б.) және «педагогикалық кәсібилік» (А.И. Пискунов, В.В. Косарев, Б.Барсай және т.б.) ұғымымен теңестіріледі [51].

Педагог-ғалымдардың еңбектерінде кәсіби құзыреттілік құраушылары топтастырылған (қосымша Б). Қосымша Б-да көрсетілгендей, кәсіби құзыреттілік құраушыларын анықтауда бірдей немесе ортақ атау жоқ. Оның себебін, зерттеушілердің зерттеу объектісі мен пәніне байланысты деп қарастыруға болады деп білеміз.

Кәсіби білім берудегі құзыреттілік тұғыр әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыруды көздейді (қосымша В). Мәселен, В.Р.Веснин кәсіби құзыреттілік негізіне кәсіби жарамдылық алынатынын айта келіп, оны «психофизиологиялық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін адамның қажетті психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» ретінде түсіндіреді [98].

Кәсіби құзыреттілік құраушыларына берілген анықтамалар мен сипаттамалар көптеп кездеседі (Солардың негізгілері қосымша Г-да берілді).

Еуропалық білім беру шеңберінде құзыреттерді екіге бөледі, олар:

- жалпымәдени (немесе әмбебаб);

- кәсіби құзыреттер.

«Кәсіби құзыреттілік» түсінігін зерттеген көптеген ғалымдардың еңбектерін талдау арқылы және ғылым әрі оқу пәні ретінде дене мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, біз педагог-жаттықтырушының кәсіби құзырлығы, - бұл жеке тұлғаның жалпы сипаттамасы, яғни, дене мәдениеті саласындағы негізгі кәсіби әрекеттерінде типтік мәселелерді шешуде сапалы нәтиже көрсете алатын кәсіби, коммуникативтік және жеке қасиеттердің жиынтығынан тұрады деген шешімге келдік [99].

Жалпымәдени құзыреттер саны – 30 бірлікті құраса, «Білім» бағытындағы құзыреттердің барлығына ортақ болып табылатын кәсіби құзыреттер саны – 15 бірлікті құрайды және арнайы құзыреттерді құрау мүмкіндігі мамандану бағытына сәйкес қамтылуы қарастырылады [100] (Қосымша Д). Жалпы, кәсіби құзырет жеке тұлғаның нәтижелі кәсіби әрекеттерінен тұратын қабілеттер жиынтығы. Бұл қабілеттер жиынтығының құрылымы кәсіби білім, дағды, кәсіби көзқарас, креативтік ойлау мен креативтік кәсіби әрекет жасау сияқты қасиеттерден тұрады. Мұнда, теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі болуы тиіс. Өйткені, ол маманға өзінің әлеуетін жетістікке жетелейтін кәсіби әрекетін практикада көрсетуге мүмкіндік береді [101].

Құзыреттер мен оқыту нәтижелері кәсіптік білім беру стандарты мазмұнында да қамтылады. Сондықтан да біз зерттеу тақырыбымызға байланысты болашақ дене шынықтыру және спорт мұғалімдерін, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушы мамандарын даярлаудағы білім стандарты мазмұнын талдау 2.1 тақырыпшада қарастырыламыз.

Педагогикалық қызметкерлердің үлгілік құзыреттілік моделі әзірленген [102]. Осы үлгіге сәйкес оны төмендегідей құраушылардан тұратынын көруге болады (кесте 3).

Кесте 3 – Құзыреттіліктер мен оларды құраушы құзыреттер

Түйінді құзыреттіліктер	Құзыреттер профилі
Арнайы және кәсіби құзыреттілік	- пәндік құзыреттер; - ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттер; - диагностикалық құзыреттер; - аналитикалық және бағалау құзыреттер; - болжау құзыреттер; - зерттеушілік құзыреттер.
Ақпараттық құзыреттілік	- ақпараттық-іздеу құзыреттер; - ақпараттық-талдау құзыреттер; - ақпараттық-технологиялық құзыреттер.
Коммуникативтік құзыреттілік	- әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттер; - ұйымдастыру-коммуникативтік құзыреттер.
Жеке тұлғалық құзыреттілік	- өзіндік дамыту және өзін көрсету құзыреттер; - рефлексиялық құзыреттер.

Жоғарыда келтірілген және 3-кестеде берілген құзыреттерді топтастыруда ұқсастықтар бар. Сонымен қатар, кәсіби құзыреттіліктерді анықтауда ортақ немесе қатып қалған қағида әлі де орын алмағандығын көруге және құзыреттер мазмұнын іріктеуде терең қайшылықтардың да орын алмағандығын аңғаруға болады.

3-кестеге сәйкес ұйымдастыру-әдістемелік құзыретке төмендегіше анықтама берілген [102]. «Ұйымдастыру-әдістемелік құзырет – оқу-тәрбие үдерісі сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи білім беру әдістемесін және технологиясын, ақпараттық технологияны қолдануға дайындығы; аталған кәсіпте нәтижеге сәтті жету үшін қолданылатын іс-әрекеттер, әрекеттер, әдістер, іскерліктер, жұмыс тәсілдері, техникасы; білім алушының (тәрбиеленушінің) білім алу іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі».

Зерттеу жұмыстарына сәйкес ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік педагогикалық еңбектің іс-әрекеттік мәнін көрсетеді, педагогикалық (талдау, болжау, зерттеу және т.б.) міндеттердің қойылуын және оны шешу әдістері мен тәсілдерінің жоғары деңгейін меңгеруді қамтиды. Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік деп, қандай да бір салада іс-әрекеттің жүзеге асырылуы туралы білімнің ерекше саласын (гностикалық аспект), сондай-ақ, қандай да бір нақты іс-әрекетте әрекеттің нормативтік тәртіпке келтірілгенін, оны жазбаша сипаттау, елестете алуы формасында көрсетуін (іс-әрекеттік аспект) түсінеміз. Демек, бұл құраушы белгілі жағдайда субъектілердің өзара әрекеті ретінде педагогикалық үдерістің жалпы ұйымдастыру бағдарламасын көрсетеді (ұсынады) және тұтастай педагогикалық үдерісті «көруге», «қарап шығуға» мүмкіндік береді [103].

Білім стандартына сәйкес (5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша) анықталған ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік төмендегідей оқыту нәтижелерін қамтиды: «оқу-ұйымдастыру, оқу-нұсқаулық, оқу-әдістемелік құжаттар, білім беру, оқыту, дайындық саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар туралы білімдерді меңгеруі; перспективалық, ағымдық оқу-ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құжаттарды практикалық іс-әрекетте қолдануы және оларды жетілдіруі мен әзірлеу іскерліктерін, дағдыларын меңгеруі; жоғары ұйымдастыру-әдістемелік қызметті жүзеге асыруы» [104]. Аталған құзырет құраушысының мазмұны: білімнен, іскерліктен және жеке тұлғалық сапалардан құралатыны тұрғысынан анықталған. Сонымен қатар, бұл мазмұндау толықтыруды қажет етеді деп білеміз.

Келтірілген зерттеулерде педагогтың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі бойынша білім және іс-әрекет аймағында шектеу жоқ, сондай-ақ олардың мазмұнында қайшылық та орын алмаған.

И.А.Зимняяның еңбегіне [105] сүйене отырып, ЖОО оқытушылардың И.Игропуло әдістемелік құзыреттіліктің төмендегідей құрылымдық құраушыларын атап көрсетеді, олар [106, с.160]: құндылық-мотивациялық; танымдық (когнитивті), функционалдық-іс-әрекеттік; рефлексивтікк. Сонымен қатар, әрбір құраушының мазмұнын келтіреді [52].

И.В.Чичикин болашақ менеджерлерді кәсіби даярлау үдерісінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды қарастыра келіп, төмендегідей өзіндік пікірін білдіреді: «Менеджмент салалары мамандарының коммуникативтік құзыреттіліктерінің мәнін әртүрлі құзыреттермен толықтырылған өзара байланысты құраушылардан тұратын құрылым түрінде елестетуге болады. Бұл мотивациялық-құндылық; танымдық-шығармашылық (стратегиялық және жаһандық құзыреттер); реттеуші-іс-әрекеттік (әкімшілік және командалық құзыреттер, өзіндік менеджер); коммуникативтік (коммуникативтік құзыреттер) құраушылар» [107, с. 25].

Педагогикалық үдерістерді зерттеулердің барлығына жуығында ұйымдастыру, басқару функциясы мен әрекеттерге қамтылған деп саналады (А.Файольдің [108] басқару функциясын бөлу негізінде): жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру, түзету, талдау, сонымен қатар, ұйымдастыру үдерісі, оның әдістері, біздің ойымызша, назарға алынбай қалады. Жаттықтырушы-оқытушының басқару құзыреттілігі жөнінде қалыптасқан түсініктер, оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру жеткілікті еместігі байқалады. С.И.Ожегов [72] сөздігіне сәйкес «ұйымдастыру бұл жоспарлы, ойластырылған құрылғы, ішкі тәртіпті». Сөздікте ұйымдастыруды динамикалық объектілердің «бүтіннің бөліктерінің өзара байланысын жетілдіру ретінде және түзілуіне алып келетін үдерістердің немесе тәсілдердің жиынтығы» ретінде анықтайды. Сондай-ақ, басқару жүйенің сақталу және іс-әрекеттің оны ұстап тұру функциясы болып табылады. Ұйымдастыру мен басқару – қарастырылатын жалпы білім берілетін жүйеде жасап шығару, жұмыс жасау және дамыту іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін, ажырамайтын байланысты категориялар. Сонымен қатар, ұйымдастыру іс-әрекетінің екі типі бар – өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру және іс-әрекетті басқаруды ұйымдастыру. В.А.Сластенин [109] педагогтың ұйымдастыру іс-әрекетін жалпы мақсатқа жету үшін адамдар тобын біріктіруге бағытталған өзара байланысты әрекеттер (технологиялар) жүйесі ретінде анықталады және қойылған педагогикалық мәселелерді шешу шеңберінде Педагогтың ұйымдастыру іс-әрекетінің төмендегідей міндеттерін негіздейді: міндеттерді меңгеру, міндеттерді шешу қорларын анықтау және оны жоспарлау, міндеттерді шешу кезінде үйлестіруді қамтамасыз ету, міндеттерді шешуде тиімді жүрісті анықтау, міндеттерді тапсыру, іс-әрекет есебін жүргізу және бағалау. Н.В.Кузьмина [110] педагогтың ұйымдастыру құзыретін гностикалық, жобалау, конструкторлық және коммуникативтік құзыреттермен қатар, негізгі (метаіс-әрекет) ретінде бөліп қарастырады. В.Г.Суранов [55] болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық құзыретін «алған білім, іскерлік, дағды және жинақталған тәжірибе мен дамыған қабілеттер негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілеттілік» ретінде анықтайды. Оның ойынша ұйымдастыру құзыреттің мәні: ұйымдастыру білімі, ұйымдастыру іскерлігі мен ұйымдастыру қабілеттілігін құрайды.

Құзыреттіліктің құрылымдық құраушылары жеке тұлғаның меңгерген білім, іскерлік және құндылықтары деңгейінде анықталған [111], сондай-ақ

когнитивті, операциялық және аксиологиялық құраушыларды түзуімен болуы мүмкін. М.А.Чошанов [112] құзыреттіліктің жеке тұлғалық, пәндік және инструменталдық құраушыларын бөліп көрсетеді, олардың үздіксіз жаңару қажеттілігіне басымдық береді. Көптеген авторлар құзыреттіліктің: мотивациялық-жеке тұлғалық, танымдық-іс-әрекеттік, коммуникативтік және рефлексивтік-бағалаушылық - төрт құраушыға негізделетінін айтады [113].

Ұсынылған құзыреттіліктердің құрылымдарына талдау жасау негізінде А.Э.Исламов болашақ технология пәні мұғалімдерінің ұйымдастыру-іс-әрекеттерінің анықталған ерекшеліктеріне негіздей отырып, ұйымдастыру-басқару құзыреттілігінің төмендегідей құраушыларын: танымдық; жоспарлау-болжау; функционалдық; диагностикалық деп бөліп көрсетеді [56].

Н.Ю.Каракозова [57] өзінің зерттеу жұмысында бала-бақша тәрбиешілерінің технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырады. Ізденуші технологиялық құзыреттіліктің құрылымдық құраушыларын үш бірлікке бөледі, олар: мотивациялық-құндылық, танымдық (когнитивті), іс-әрекеттік.

И.В.Кузнецова математика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің функционалдық және құрылымдық құраушыларының мазмұнын талдау барысында оның қалыптастырылғанын бағалау критерийі мен деңгейін негіздейді [59].

Әдістемелік құзыреттіліктің қалыптастырылу деңгейінің критерийі ретінде: құндылық-мотивациялық (жетекші мотивтер); когнитивті (әдістемелік білімдердің қалыптастырылу дәрежесі); практикалық-бағдарлық (әдістемелік іскерліктер мен іс-әрекет тәсілдерінің қалыптастырылу дәрежесі); коммуникативті (коммуникативті іскерліктерді меңгеру дәрежесі) және рефлексивтік (рефлексивтік іскерліктердің қалыптастырылу дәрежесі).

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін, құзыреттілікті құзыреттерге немесе құраушыларға үлестіруді талдау бойынша ортақ топтастырудың жоқ екендігін және құзыреттілік құраушыларында ұқсастықтар барын көруге болады. Дегенмен де, теориялық талдау, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің төмендегідей құрылымдық құраушылардан тұрады деген пікірге алып келді.

Зерттеу жұмысымызға байланысты жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі анықталуы тиіс. Ол үшін жаттықтырушы-оқытушыға сипаттама берелік. *Жаттықтырушы-оқытушы оқу-тәрбие, оқу-жаттығу жұмыстарын жалпы білім беретін мектептерде, арнайы спорттық мекемелерде ұйымдастыратын педагог.* Оның атқаратын міндеті, меңгеруі тиіс білімдері, оған қойылатын талаптар анықталған. Қосымша Е-де мектептегі дене тәрбиесі пәні мұғалімі мен жаттықтырушы-оқытушының лауазымдық қызметіне қойылатын талаптар берілген (қосымша Е). Бұл талаптар «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 қарашадағы №434 бұйрығына сәйкес

жаттықтырушы-оқытушы бірқатар лауазымдық міндеттерді атқаруы, білуі тиіс деп берілген [114].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда алдымен негізгі қажетті кәсіби білімдерді игерулері және оны пайдаланудың жеке практикалық тәжірибелері жинақталып, оларды өз қызметтерінде қолдану туралы сәйкес дайындығының қалыптасуы тиіс [115]. Дене шынықтыру және жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық іс-әрекеттерін жетілдіру туралы шетелдік ғалымдардың еңбегін зерделеу төмендегідей тұжырым жасауға негіз болды [116-118]:

- спорт мамандарының басқару құзыреттерін жетілдіру;
- болашақ дене шынықтыру мамандарының құзыретін дамыту;
- дене тәрбиесін оқытуда құзыреттерді жүзеге асыру.

Бұл мәселе біздің де, зерттеп отырған дайындық бағытын жетілдіру бойынша бағдарымыздың дұрыстығын көрсетеді.

Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығына сәйкес дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесі берілген [119]. Олар:

1. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі.
2. Олимпиада резервін даярлау орталығы.
3. Олимпиадалық даярлау орталығы.
4. Жоғары спорт шеберлігі мектебі.
5. Балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлығы клубы.
6. Спорт клубы.
7. Мамандандырылған спорт клубы.

Сондай-ақ, жаттықтырушы-оқытушы бұл білім беру-спорттық мекемелерде оқу-жаттығу үдерісін дайындық кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырады.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық мәнін анықтау үшін «әдіснама» ұғымына түсінік беруді жөн көрдік. Әдіснама төмендегіше тұжырымдалады [120]:


- 1) зерттеудің негізгі бағыттары мен бағдарламаларын анықтау;
- 2) проблеманың дұрыс қойылуын қамтамасыз ету;
- 3) ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдарын жасау;
- 4) нысананы, зерттеудің жалпы жолдарын анықтау;
- 5) ғалымдарды ғылыми іс-әрекеттің интеллектуалды техникасымен қамтамасыз ету;
- 6) ғылыми ізденістің жалпы стратегиясын белгілеу;
- 7) зерттеуші қозғалысын нысаналық мазмұн бойынша түзету;
- 8) зерттелетін объектідегі принципіалды құрылым мен негізгі, өзара байланыстарды шешу;
- 9) зерттеу нәтижелерін бағалау үшін критерийлер жасау;

10) ғылыми-зерттеудің нысаналығын негіздеу және құру міндеттерін қою.

Зерттеліп отырған дайындықтың мәні болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы ұғымдар, заңдар, проблемалар, теориялар, педагогикалық-ғылыми және философиялық принциптер жүйесі ретінде көптеген гносеологиялық, оның ішінде синтездеуші, дүниетанымдық, әдіснамалық, эвристикалық функцияларға ие. Олар ғылыми дүниетаным қалыптастырудың және заманауи ойлаудың, жоғары оқу орындарында дайындықты теориялық талдап қорыту, жүйелеу және интеграциялаудың әдіснамалық негізі қызметін атқарады [120]. Сондай-ақ, әдіснамалық тұғыр ретінде қарастырылады: тарихи принципті ғылыми таным ретінде қолдану; алғышарттарды анықтау; жүйелік зерттеуді нақтылау (үш деңгейде: пәндік, метоажүйе, синтездік); оқытудағы тұтастықты абстрактіліден нақтылауға өту арқылы жүзеге асыру.

Зерттеу жұмысына сәйкес, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін анықтау үшін жаттықтырушы-оқытушының профессиограммасын және біліктілік сипаттамасын құрастырдық. Материалдар қосымша Ж, И-да келтірілді (қосымша Ж, И).

Сонымен, жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекетін талдау және теориялық зерттеулерге сәйкес *болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі деп, әдістемелік білімдер мен іскерліктерінің, тұлғалық сапаларының және ұйымдастыру қабілеттерінің жиынтығын түсінеміз*. Берілген анықтамадағы құраушыларды бейнелі түрде сурет 1-дегідей елестетуге болады (сурет 1).



Сурет 1 – Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушылар

1-суретке сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін түзетін білім, іскерлік және тұлғалық сапалар төменде мазмұндалады.

А.Әлімов өзінің «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» тақырыбындағы еңбегінде білім түрлерін: 1. Атаулар мен есімдерді білу; 2. Атаулар мен есімдердің мәнін білу; 3. Фактілерді білу; 4. Анықтамаларды білу; 5. Салыстыратын, теңдестіретін білім; 6. Қарама-қарсылықтарды,

қайшылықтарды, антонимдерді, т.с.с. объектілерді білу; 7. Ассоциативтік білімдер; 8. Жіктеу (классификациялау) білімі; 9. Себеп-салдар қатынастарын білу, негіздер (дәлелдер) келтіре білу; 10. Процессуалдық, алгоритмдік, процедуралық білім; 11. Технологиялық білім; 12. Ықтималдық білім; 13. Абстрактылық білім; 14. Әдіснамалық білім деп топтастырады [93, б. 88-91]. Сондай-ақ, білімді: репродуктивті және конструктивті деп ажырату практикада кездеседі. Репродуктивтік тұрғыдан білім беру өткен дәуірдің әдістемесіне жатса, конструктивтік тұрғыдан білім игеру - бүгінгі және ертеңгі күннің білімі.

Білім және оның сапасы жөнінде көптеген педагог ғалымдар зерттеу жүргізді және өзіндік анықтамаларын қалыптастырды (М.Н.Скаткин, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, А.А.Кузнецов, т.б. [121-124]. Сонымен, білім – ойлау мен дүниені түзу құралы, яғни объективті шындық туралы қабылданған, саналы түсінілген, есте сақталып қалған және көрсетілген әдіс, үлгі бойынша әр түрлі таныс жағдайларда қолдану деңгейіне дейін меңгерілген ақпарат; адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдарының, т.б. жиынтығы. Сондай-ақ, білім сапасы және білім сапасын арттыру бойынша да зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Сондықтан да кез келген білім мазмұнына енген ұғымдар, терминдер, іс-әрекет алгоритмдері, т.б. білім ретінде қарастырылады. Педагогикалық білім оқыту мен тәрбие факторларына қатысты білімнің көрініс табуында жүзеге асырылады. Ал педагогтың білімі кең ауқымды және кәсіби іс-әрекеттің негізін қалайды.

Білім – адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үдеріс болғандықтан, ол – педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды» оның өмір сүру барысында өзгере алатын, оған өзінің әлеуеті жететін ашық жүйе ретінде қарастырамыз. Ал ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» - маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады [94]. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Д.Қ.Пошаев оқытушының іс-әрекеттік құрылымы оның негізгі атқаруға тиіс қызметтері арқылы [125, б. 102]:

- конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік (қарым-қатынастық), ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық, мобилизациялық, ізденушілік, техникалық, т.с.с., анықталса,

- жеке тұлғалық сипаттағы, оның білімдеріне қатысты: идеологиялық, социологиялық, өнегелік, психологиялық, педагогикалық, жаратылыстану-ғылыми, техника-технологиялық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, эстетикалық, жалпы мәдени;

- ұйымдастырушылық сфералар, біліктіліктері мен дағдыларына қатысты: интеллектуалдық, педагогикалық, жалпы еңбектік құрылымдары анықталатынын атап көрсетеді.

Дене шынықтыру және спорт мамандары жаттықтырушы-оқытушылар үшін жоғарыдағы атап көрсетілген білімнен бөлек: биологиялық,

физиологиялық, медициналық, білімдердің және арнайы пәндік (дайындық бағыты бойынша) білімдер қажеттілігін атап көрсетеді.

Келесі қарастырылатын құзырет құраушысы – іскерлік. Ол білімді практикада тез, саналы, дәл қолдануды білдіреді және ол іс-әрекетпен байланысты. Іс-әрекет – адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс-жүзіндегі көрінісі. Адамның дене және ақыл-ой қуатының дамуына шешуші қызмет атқаратын іс-әрекет түріне еңбек жатады [73, б. 241].

К.А.Дүйсенбаев болашақ мұғалім моделінің кәсіби мәнді сапаларының негізін іскерлік пен дағды түзетінін айта келіп, олардың түрлерін интелектуалдық, педагогикалық және арнайы (жалпыеңбектік іскерліктер мен дағдылар) деп топтайды [126]. Аталған іскерліктер мен дағдылардың маманның білімімен, сапалық қасиеттерімен өзара байланыста екендігін көрсетеді.

Педагогтың дара қасиеттері жөнінде де көптеген зерттеулер жүргізілген және анықтамалар берілген. Ұстаздың жеке дара қасиеті деп – жауапкершілік, төзімділік, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, т.б. қасиеттері үлгі тұтылады (В.А.Крутецкий). Педагог - ол алдымен тұлға. Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі [127].

Педагогика тарихы мен педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасаған тарихи шолу болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылғанын байқатады. Белгілі педагог-ғалым Ю.К.Бабанский [128] мұғалімнің кәсіптік маңызды және жеке тұлғалық қасиеттерін үш топқа бөліп қарастырады:

1. Жеке тұлғалық (балалармен жұмыс жасауға қабілеттілігі, саяси-идеялық және мәдени өрісі, жұмысқа табандылығы; педагогикалық такт, педагогикалық бағыттылығы, жаңаны сезе білуі, оған ынтымақпен кірісуі; өзіне және басқаларға талап қоя білуі).

2. Оқу іс-әрекетіне байланысты қасиеті (пән бойынша білімі; білім, іскерлік пен дағды сапасын бағалай білуі; жұмысты жоспарлай білуі, ойды дамыта алуы, қызығушылықты қалыптастыру, жоспарды уақтылы, сапалы орындау іскерлігі, пән аралық байланысты орнату, балаға жеке ықпалы, әр баланың қабілетіне, жеке қасиеттеріне орай қарым-қатынас жасай білуі, оқушылардың оқу еңбегіне дағдысын қалыптастыру; оқытудың педагогикалық - психологиялық негізі жөніндегі білімі).

3. Мұғалімнің тәрбие жұмыстарына байланысты сапасы (нәтижені бағалай білу іскерлігі; тәрбие жұмысын жоспарлау; тәрбиелеу барысында жекелей ықпал ету, жоспарланған жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, мұғалімдер мен ата-аналардың іс-әрекеттерінің тұтастығы; тәрбие теориясының психологиялық- педагогикалық негізі бойынша білімі; пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білуі) [128].

Жаттықтырушы-оқытушының жеке тұлғалық қасиеттері өзінде кәсіби басты сапаларды одан әрі қалыптастырудың негізі болып табылады [129-132]. Олардың ауқымы айтарлықтай кең: психологиялық үдерістерге негізделген жеке тұлғалық сапалар; педагогикалық іс-әрекетке бағытталғандығын сипаттайтын сапалар; кәсіпке танылған әлеуетін көрсететін сапалар:

- Бірінші топ: тұлғалық сапалар (А.К.Маркова, 1993, 1995) ойлауды, интуицияны, байқағыштықты, ұстамдылықты, эмоционалды тұрақтылықты қамтиды.

- Екінші топқа тәжірибелік жолмен алынған (L.A.Razorina, 1989) сапалар: гуманистік бағыттылықтың, қарым-қатынастың, өзіндік дамытуға бағыттылықтың айқын көрінуіне, өмірдің мақсаттарын және мағынасын айқын саналы сезінуіне қатысты болып табылады.

- Үшінші топқа педагогикалық іс-әрекетке тән белгілері көрінетін және кәсіби жарамдылықтың негізін құрайтын сапалар қатысты, олар: азаматтық сапалар; еңбекке қатынасы, кәсіпке қызығушылығы, көзқарасы осы іс-әрекет аймағын көретін; қабілеттілігі; дағдылары, тәжірибесі (Е.А. Климов, 1990, 1996, 1997).

Жаттықтырушы-оқытушы кәсібіне педагог ретінде төмендегідей талаптар қойылады [133, 134]:

1. Физикалық сапаларына қатыстысы: жақсы, мықты денсаулық, жүйке-психикалық сферасының ерекше төзімділігі, жеткілікті дыбысты төзімді дауысы.

2. Жүйке-психикалық сферасына қатыстысы: зейіннің үлестірімділігі, зейіннің үзіліссіздігі, тұрақтылығы, байқағыштығы, есі, ойлауы, елестетуі.

3. Еріктік сапаларына қатыстылары: мақсат бағдарлылығы, мақсатқа жетудегі ұмтылысы, шыдамдылығы, өзін игеру және басқаларға ықпал ету қабілеттілігі, жауапкершілікті мойындауға дайындығы.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін келесі құраушысы – қабілеттер. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Қабілет – бір іс-әрекетті орындаудағы тұлғаның жеке дара қасиеті. Сонымен қатар белгілі бір іс-әрекетті берілген уақыт ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сапалар, мүмкіндік, білік, тәжірибе, шеберлік, талант және т.б. Мұның мәнісі – адам міндетті тап қазір орындауы керек. Бұдан арғы жаттығудың қажеті болмайды. Осылайша қабілеттілік пен жарамдылық арасындағы айырмашылық сараланады» - деп көрсетілген. Сондай-ақ, «Қабілеттілік дегеніміз – индивидтің қайсыбір іс-әрекетті орындауға дайын болуы; жарамдылық - қайсыбір іс-әрекетті орындау үшін бар әлеуетті немесе қабілеттілікті дамытудың белгілі бір деңгейіне жету мүмкіндігі» - ретінде анықталған [73, б. 122].

Педагогикалық қабілеттердің барлығын қамтыған жүйелер – ол В.А.Крутецкий жасаған топтар. Ол әрбір топқа анықтама берген. В.А.Крутецкийдің еңбегіндегі анықтамаларға сүйене отырып, С.А.Жолдасбекова [135] ұйымдастыру бейімділігі – бұл біріншіден, оқушы ұжымын әртүрлі күрделі жұмыстарға бейімді ұйымдастыра білу; екіншіден, өз

деген мақсатына толық жеткізіп, жоғары деңгейде ұйымдастыра білу, өз жұмысын да дұрыс жоспарлап, оны тексеріп тұру екендігін көрсетеді. Білімді мұғалімде өз уақытын жұмыс кестесімен толық істеу және тиімді берілген уақытта бітіру қалыптасады.

Сондай-ақ, Б.А.Тұрғынбаева бәсекеге қабілетті мұғалімнің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды [136]. Арнайы білімдер, кәсіби мәнді, тұлғалық, рухани сапалар және акмеологиялық бағыттылық мұғалімнің шығармашылық әлеуетін түзетінін көрсетеді.

И.П.Подласый, басқа да ғалымдар мұғалімге қойылатын бірінші талап оның қабілеті деп біледі [137]. Педагогтік қабілет – оқушылармен жұмыс жасауға икемділігін білдіретін жеке бас сапасы, балаларға деген сүйіспеншілік, олармен жұмыс істеуден ләззат алуы. Педагогтік қабілет кейде әдемі сөйлеу, ән айту, сурет салу, ұйымдастыра білу сияқты нақты әрекеттермен шектелетіні жиі кездеседі.

Зерттеулерге сәйкес қабілеттің басты түрлері төмендегідей: ұйымдастырушылық, дидактикалық, рецептивтік, коммуникативтік, суггестивтік, зерттеушілік, ғылыми-танымдық болып келеді. Оның ішінде ұйымдастырушылық – жұмысты жоспарлау, оқушыларды біріктіру, оларға міндеттер бөлу, тапсырмалар беру, жасалған жұмысты қорытындылау, т.б. кезінде көрінеді.

Дидактикалық оқу материалын, көрнекілікті, сабаққа қажетті құралдарды іріктеу және дайындау, оқу материалын түсінікті, жүйелі, нанымды етіп жеткізе білу, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын оята және дамыта білу, оқу-танымдық белсенділіктерін арттыру.

Б.Барсай дидактикалық біліктілікті «мұғалімнің білім беру, оқыту қызметін орындаудағы, әртүрлі дидактикалық міндеттерді шешудегі түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеруі» - деп қарастырады [51, б. 80]. Бұл іскерлік сипаты әдістемелік іскерліктің негізін қалайды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушы әдістемелік іскерліктер ЖОО оқыту/оқу үдерісінің тиімді ұйымдастырылуымен тығыз байланысты.

Зерттеулерге сәйкес әдістемелік іскерлік (кейбір жағдайда әдістемелік біліктілік деп қарастырылады) оқытылатын пәндердің ерекшеліктерін айқын ажырату және оған гностикалық, жоспарлай білу, ұйымдастырушылық, қарым-қатынас, талдай білу, болжау, шығармашылық, жобалау, ақпараттық іскерліктер жатқызылады.

Оның ішінде, ұйымдастырушылық - оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастыра білу; оқушылардың біліміне, білігіне, дағдысына қойылатын талаптарға сәйкес сапаларды қалыптастыра білу; жоспарларды жүзеге асыра білу біліктіліктерінен тұрады.

Сондай-ақ, жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінде педагог позициясы айқын көрініс табады. Педагог позициясы – интеллектуалдық, ерікті, эмоционалды-құндылық қатынастардың қоршаған ортаға, педагогикалық шындыққа, педагогикалық іс-әрекетке

катынастарының жүйесі. Ол бір жағынан, қоғам қоятын талаптардан көрінсе, екінші жағынан, белсенділік сапаларынан – педагогтың мотиві, мақсаты, құндылықтары, дүниеге көзқарасы, мұраты арқылы көрінеді. Жаттықтырушы-оқытушының позициясынан оның жеке басы, әлеуметтік құндылық сапасы, азаматтық мінез-құлқы, әрекеті көрініс береді.

Сонымен, теориялық талдаулар мен 1-суретте келтірілген құзыреттілік құраушыларының өлшемдерін 4-кестегідей етіп анықтадық (кесте 4).

Кесте 4 – Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушылары

Құзыреттілік құраушылары	Өлшемдері
Әдістемелік білім, іскерлік	1. Пәнді (спорт түрлерін) білуі мен түсінуі; 2. Алған білімді практикада қолдануы. 3. Спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттерді жүзеге асыруы.
Тұлғалық қасиеттер	1. Жаттықтырушы-оқытушылық қызметке мотивінің және қызығушылығының болуы; 2. Өзін-өзі дамытуға ұмтылысы; 3. Рефлексивтік қабілеті; 4. Жаттықтырушы-оқытушыға тән жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруы.
Ұйымдастыру қабілеттері	1. Оқытуды, спорт түрлерін үйретуді жобалау іскерлігі. 2. Спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі.

4-кесте бойынша құзыреттілік құраушыларының критерийлерін төмендегідей сипаттауға болады.

1. Әдістемелік білім, іскерлік.

1. Спорт түрлерін оқыту үшін «Пәнді (спорт түрлерін) білуі және түсінуі» білу мен түсіну деңгейінде оқу материалдарын меңгеруді қамтиды.

2. «Алған білімді практикада қолдануы» пәнді, спорт түрлерін оқыту әдістемесі бойынша оқыту мазмұны, әдіс-тәсілдері, формалары, т.б. білімдерді қамтиды.

3. «Әдістемелік әрекеттерді жүзеге асыруы» әдістемелік іс-әрекеттерді жүзеге асырудағы әрекеттерді қамтиды. Олар:

1) оқу-бағдарламалық құжаттарды, әдістемелік кешендерді талдау; оқу материалдарын әдістемелік талдау;

2) оқытудың теориялық және практикалық сабақтар жүйесін жоспарлау;

3) сабақта оқу ақпараттарын модельдеу және құрылымдау; оқушылардың спорттық ұғымдар мен практикалық іскерлігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау;

4) пән (спорт түрлері) бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау; спорттық білім, іскерлік пен дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау; сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару және бағалау;

5) сабаққа дайындалу және оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау іскерліктерін қамтиды.

2. Тұлғалық қасиеттер. Педагогтың, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушының сапалық қасиеттерін қамтиды. Оның критерийлері ретінде:

1. Жаттықтырушы-оқытушылық қызметке мотивінің және қызығушылығының болуы;
 2. Өзін-өзі дамытуға ұмтылысы;
 3. Рефлексивтік қабілеті;
 4. Жаттықтырушы-оқытушыға тән жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруы.
- Бұл әрбір құраушы педагогтың сапалық қасиеттерін ашу жағдайында тарқатылады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің төмендегідей құраушыларын атап көрсетуге болады:

- білім алушылардың өзіндік санасын дамыту және қорытынды жасай білуге үйрету;
- рефлексиялық жүйелі талдаудың және жинақтаудың әдісі ретінде қозғалыс әрекеті мен технологияларын атап көрсету;
- өзі үшін жеке психомоторлық семиотика (қимыл-қозғалыс тілі, сезіне білудің әдістері мен тәсілдері) жасақтау.

3. Ұйымдастыру қабілеттері. Спорт түрлерін «Оқытуды, спорт түрлерін үйретуді жобалау іскерлігі» төмендегідей іс-әрекеттерді қамтиды:

1. Спорттық ойындарды ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру;
2. Оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау;
3. Спорт ойын түрлерін педагогикалық талаптар тұрғысынан іріктеу;
4. Оқу-жаттығудың эргономикалық негіздері;
5. Спорттық ойынды, жаттығуды зерттеу (іздену);
6. Оқу пәндері, спорт түрлері арасындағы байланыстарды жүзеге асыру.

Сонымен қатар, «Спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі» спорттық ойынға педагогикалық басшылық етуді және ережелерді, нұсқаулықтарды әзірлеуді қамтиды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттерін қалыптастыру – педагогикалық және психологиялық проблема болып табылады. Оның себебі, құзыреттіліктің тұтастай немесе құраушылары арқылы қалыптастыруды жүзеге асырудың ғылыми негізін анықтаудан тұрады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру іс-әрекет барысында, нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан да кез келген құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздерінің бірі ретінде іс-әрекет теориясы басшылыққа алынады. Іс-әрекет – іс-қимыл бірлігі, саналы түрдегі, мақсатқа жетуге бағытталған тікелей жасалатын, еркін ниеттілік, белсенділік.

Теориялық материалдарды [138, 139] және практиканы зерделеу жаттықтырушы-оқытушылардың шеберлігін арттырудың бірнеше тәсілі барын көрсетті. Оның біріншісі - әртүрлі курстарда, әдістемелік жиналыстарда, т.б.

біліктілігін көтеруі. Келесі бір тәсілі - өзін-өзі жетілдіруі, бірнеше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылардың өткізген жаттығуларына, сабақтарына қатысу және талдау;

2. Өзінің кәсіби және жалпы эрудициясын арттыру (арнайы әдебиеттер оқу, арнайы бөлім бойынша осы әдебиеттерді конспектілеу, жаңа мағлұматтарды талдап қорыту және өзінің жаттықтырушы-оқытушы жұмысы үшін тұжырымдар құрастыру); спорттық баспа материалдарын оқу, спорттық жарыстар туралы телехабарларды қарау, барлық басты спорттық оқиғаларды білу мақсатында бірқатар жарыстарға қатысу, спорт саласында кең эрудицияны меңгеруі (онсыз жаттығуларды секциялардағы сабақтарды эмоционалды өткізу қиын болады, спортқа деген оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру);

3. Күнделікті өзінің іс-әрекетін талдау (мысалыға, жекелеген оқушылардың және тұтастай топтың ерекшеліктерін күнделікке жазып қою, әртүрлі жағдайда оқушыларға ықпал ететін әрекеттер тиімділігін тіркеу, болашаққа жоспарын, жаттығуды ұйымдастыру бойынша ойларын жазу, т.б.);

4. Өзінің іс-әрекетімен байланысты, жаттықтырушы-оқытушыны қызықтыратын сұраққа жауап беретін күрделі емес зерттеу жұмыстарын өткізу (күшті дамыту үшін оларға жаттығуларды қалай тиімді пайдаланады, жекелеген оқушылардың және толықтай топтың физикалық дайындығының деңгейі қандай, нақты жағдайларда қандай әдістер тиімді, т.б.).

Бұл іс-әрекеттер ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда бағдар береді.

Білім берудегі психологиялық және дидактикалық теорияларды назарға ала отырып, білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда, пәндерді оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін, интеллектуалдық іскерліктерін қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру мен басқару әдістемесін қарастыру негізгі мәселе деп білу қажет. Олар:

- психологиялық, педагогикалық, жеке әдістемелік, пәндік және басқа да түсініктерді меңгеру;

- міндеттерді шешуге оқыту.

Құзырет құраушысы білімді игеру - күрделі үдеріс, ол білім алушыларға дәлелдерді, ұғымдарды, анықтамаларды, терминдерді меңгеруге ықпал етеді. Кез келген білім жүйесінде түсінік маңызды рөл атқарады. Білім алушы (студент) ұғымды іс-әрекет (ақыл-ой, оқу, еңбек және т.б.) арқылы меңгере алады. Ұғымның өзі – білім алушылардың күрделі талдау – жинақтау іс-әрекетінің нәтижесі. Психологтар мен педагогтар ұғым қалыптасуының келесі сызбасын ұсынады: түйсіну – қабылдау – елестету – түсіну [140-142].

Білім алушылардың ұғымды игеру және дамыту психикасы - педагогикалық психологияның басты проблемасы. Психологияда ұғымды игеру оны еркін және шығармашылықпен басқару деп қарастырылады. Ол студенттердің ойлау іс-әрекетін басқару арқылы жүзеге асады. Педагогикалық психология теорияларын мұғалімнің міндетті түрде басшылыққа алуын

ұғымдар жөнінде олардың ойлауына негізделетінін психологтар П.П.Блонский, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн атап көрсетеді.

П.П.Блонскийдің айтуы бойынша ойлау ұғымдар түзуден басталып, оны дамытудың жалпы сызбасын береді, олар:

1) дифференцияланған үстірт ұғым кезеңі;

2) ұғымдарда объектіні жалпылау мен бірлігін ғана емес, олардың диалектикалық ойлауға жақындау кезеңі.

Түсіну мен ойлауды дамытуда ол, есте сақтаудан жоғары тұрады, өйткені ол әрекетпен тығыз байланыста болады деп тұжырымдайды [143].

Л.С.Выготский ұғымды түсінуді психика мен ойлау қызметінің дамуымен тығыз байланыста қарастырған, оның жетекші принципі ойлау мен сөйлеудің бірлігінде, ұғымды қалыптастырудың басты проблемасы деп оны анықтау құралдарын және онымен пайдалана білуді санаған. Ойлау қызметінің құралына сөздер мен белгілерді жатқызған [144]. Ұғымды түсінудің негізгі белгісі – саналы сезіну. Л.С.Выготский білім алушылардың түсінігінде бір ұғымның басқа жүйедегі орны, олардың қатынасы, түсіну проблемасы оқыту және дамыту үлесі арасындағы байланыстарды зерттей келе, оқыту дамытуды жетілдіреді деп тұжырымдайды.

Білім алушылардың оқу пәндері бойынша жұмыстары интеллектуалдық іскерліктерін (қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерін) қалыптастыруға бағытталады және оқу-танымдық тапсырмаларының жүйесін дайындау кезінде дидактикалық негіз ретінде алынады.

Интеллектуалдық іскерлікті қалыптастыруда негізгі дидактикалық әдіске проблемалық әдіс жатады, ол, оқу-танымдық тапсырмалар, міндеттер, мәселелер арқылы жүзеге асырылады. Оларды көп жағдайда педагогикалық тапсырмалар деп те атайды.

Интеллектуалдық іскерліктер негізіне ойлау операциялары жатады, яғни бастапқысы ойлау болып табылады. Қазіргі кезеңде білім алушылардың өз бетінше білімдерін толықтыруын және қарқынды ақпараттар ағымына бағдарлануын тәрбиелеу қажет. Интеллектуалдық іскерліктер – бұл білім беру қызметінде ақпараттар алу, қайта өңдеу және қолдану бойынша әрекеттер мен операциялар жиынтығы. Л.Б.Таренко интеллектуалдық іскерліктердің ақпаратқа қатысты төмендегідей түрлерін ажыратады [145].

1. Ақпаратты алу іскерліктері.

2. Алынған ақпаратты қайта өңдеу іскерлігі.

3. Кәсіби іс-әрекетте ақпаратты қолдану іскерлігі.

Барлық осы іскерліктердің негізінде әртүрлі ақыл-ой операциялары жатады: талдау және жинақтау, бастыны бөлу, салыстыру, логикалық ой қорытындысы, сәйкес қою, т.б. және де оқыту үдерісінде олардың қалыптасуымен арнайы жұмыс жасау керек.

Білім алушылардың интеллектуалдық іскерлігін қалыптастыру (ақыл-ой іс-әрекеттері тәсілдерін қалыптастыру) кезеңдері бекітілген танымдық іс-әрекеттің психологиялық құрылымына сүйенеді: мақсат – мотив – объект – үлгі – операция – нәтиже – түзету. Бұл дидактикалық ережелер білім алушыларда

интеллектуалдық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- білім алушылардың әрекет үлгісімен танысуы;
- білімді қолдану іскерлігін игеруі;
- алғашқы алынған іскерлікті жетілдіру;
- стандартты емес жағдаяттарда іскерліктерді шығармашылықпен қолдануы [146].

Педагогикалық тапсырма оқу үдерісінде білім алушыны дамыту және олардың өзінің оқу іс-әрекетін (оқу) белсендендіру, құзыреттілікті қалыптастыру үшін пайдаланатын сұрақ, есептер және басқа да құралдар сияқты ұғымдар жіктелесін қамтиды. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды белсенді етудің және бір факторы – білім алушылардың өзіндік жұмыстары және оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы. Өзіндік жұмысты басшылыққа алу үшін (оның ішінде саралау мақсатында) тапсырмалар жүйесі құрылады.

Ойлау іс-әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру технологиясы немесе оны ойлау әрекеттері мен ұғымдарын кезеңмен қалыптастыру теориясы деп те атайды. Бұл тұжырымдама П.Я.Гальпериннің, Н.Ф.Талызинаның операциялық тәсіл мен интериоризация идеясына негізделеді [147, 148].

Бұл теория оқу пәнін бағдарламаланған алгоритмдік оқытуда кеңінен қолданылады. Өйткені білімді игеру белгілі әрекет жүйесінде орындалатын психикалық әрекеттің нәтижесі. Психикалық әрекеттің материалдық құндылыққа кезеңменен әсер етуі – қабылдау, елестету, ұғыну сияқты қабілеттерді оятумен қалыптасады. Осыларды интериоризация деп атайды. Әрбір әрекет «болжау және орындау» сияқты екі бөліктен тұрады. Ойлау – болжау механизмі. Ойлаудың операциялық құрылымын идеалды жоспардағы заттарға адамның практикалық әсері құрайды. Ойдың пайда болу шарты іс-әрекеттің болжау негізі, ол алгоритмдерді, үлгілерді, нұсқауларды болжау жүйесі. Осыған сәйкес оқытудың үш түрі ұсынылады:

- білім алушыға үлгі бір рет көрсетіліп, дайын күйінде болжау мен әрекетті түсіндіру толық берілмейді;
- білім алушыға дайын күйінде болжау әрекеті негізі толық беріледі;
- болжау негіздері жалпы түрде беріліп, білім алушыдан өзінше нақты әрекет болжауларды құрастыру талап етіледі.

Бұл тұжырымдама біліктілікті күрделі жүйелерде де қалыптастыруға мүмкіндік береді және ол оқу үдерісін интенсификациялауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, проблемалық оқыту жағдайында түсінуді (ұғымды) қалыптастырудың теориялық жүйесін қамтамасыз ете алмайды, интериоризация үдерісімен байланысты экстериоризация (ішкі психикалық қызметтен сыртқы материалдандыру қызметіне өту үдерісі) үдерісінің өзара байланысын төмендетеді.

Ойлау іс-әрекетін кезеңдік қалыптастыру технологиясының жетістігі, білім алушылардың жеке түрде жұмыс жасау жағдайын қалыптастыру және оқу-танымдық іс-әрекетті өз бетінше басқаруын жүзеге асыру.

Жоғарыда мазмұндалған теориялар мен тұжырымдамалар болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың дайындығын қамтамасыз етуде басшылыққа алынады. Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыруда алдымен негізгі, қажетті кәсіби білімдерді игерулері және оны пайдаланудың жеке практикалық тәжірибелері жинақталып, оларды өз қызметтерінде қолдану туралы сәйкес дайындығы қалыптасуы тиіс [149].

Жоғарыда жасалған талдауларға сүйене отырып, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда негізінен төмендегідей педагогикалық міндеттерді шешу қажеттігі айқындалды:

- студенттердің өзіндік жұмыстарын шығармашылықпен орындауда болашақ маманның жеке тұлғалығын дамыту, өздігімен нәтижелі іс-әрекетке дайындау;

- бірлескен шығармашылық жобаларды орындау негізінде қарым-қатынас қабілеттерін дамыту;

- шығармашылық ойлауды дамыту (талдау, синтездеу, салыстыру, т.с.с.); мәселені талдауда оңтайлы шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру;

- зерттеу іс-әрекетінің біліктілігі мен дағдысын дамыту;

- шығармашылықпен өңдеу іскерлігін қалыптастыру.

Іс-әрекеттің жалпы психологиялық моделінің құрылымы мынадай желіде өтетіні анықталды: мотив, мақсат, жоспар, ақпаратты өңдеу, оперативті образ, шешім қабылдау, әрекет, нәтижелерді тексеру, әрекетті коррекциялау. Сондай-ақ, жоғары кәсіби қызметтің де психологиялық құрылымы Н.В.Кузьмина және Л.Д.Столяренко анықтағандай [150, 151], ұйымдастырушылық, коммуникативтік, гностикалық және т.б. іс-әрекет түрлерінен тұрады.

Жаттықтырушы-оқытушылардың психологиялық әрекет заңдарын, оның желісі мен құрылым ерекшеліктерін айқын түсіну үшін жан әрекетін туындатушы адам миының құрылымымен танысып, оның жан-күйі көріністерінің сол тән бөлігімен қандай байланыста болатынын білу қажет.

Адам миындағы танымдық үдерістерді есептеуіш машинасында жүретін операцияларға ұқсастық негізде зерттеу адам миының психикалық қызметінің механизмін түсіндіруде көптеген жаңа мәліметтер берді. Білімді меңгерту, тәрбие беру негізі психологиялық ереже бойынша ақыл-ой белсенділігіне сай жүреді. Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау барысы бойынша жүргізілген зерттеу, біршама жан-жақты талқылау мектептегі спорттық жұмыс түрлері мен дене шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, дене тәрбиесі мұғалімінің педагогикалық әрекеттегі даярлығын бақылау, кәсіби, психикалық, дене мәдениетіндегі өзара тұтастық пен ерекшеліктерді анықтап берді. Қазіргі кездегі педагогика ілімінің жеке тұлғаны қалыптастыруға сәйкес жүргізілгендігінен біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негіздерін нығайта түсетіндігін аңғаруға болады. Жүйелік, іс-әрекеттік және құрылымдық-функционалдық тұғырлардың негізінде болашақ маман даярлаудың жетілдірілуінің жүзеге асырылғандығын көруге болады. Сондай-ақ, ғылыми-теориялық тұрғыдан болашақ мұғалімдерді денешынықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындау кәсіби іс-әрекетінің таным теориясына,

А.Н.Леонтьевтің [152] кәсіби іс-әрекет тұжырымдамасына, шеберліктің негізіне үйрету туралы А.А.Вербицкийдің [153] оқытудың кәсіби мамандыққа үйлесімділігі принципіне, П.Я.Гальпериннің [154] орындаушылық әрекеттеріне және студенттерге денешынықтыру-сауықтыру жұмыстары туралы жүйелі білімді қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері мен құралдарына негізделгендігін байқадық. Маманның кәсіби даярлығын жетілдіруде мазмұндық талдау, жүйелілік, бақылау, талдау, тәжірибелі педагогикалық жұмыс, статистикалық зерттеу әдістерінің де өзара байланысты жүргізілгендігі біздің зерттеуіміздегі осы әдіснамалық негіздерді нығайта түседі деп есептейміз.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми-теориялық, әдіснамалық мәні білім беруді дамытудағы оқушы-жастарды спортқа, спорт түріне баулу кезеңінде ЖОО дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша пән мұғалімдерінің және жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға әлеуметтік тапсырысын әзірлеуден тұрады:

- мектеп пен ЖОО білім беру жүйесінің құраушылары ретінде қоғам дамуының заманауи кезеңінде туындаған жаңа жағдайларды негізге алу, оны қолдану және дамыту;

- басты мақсатты сәтті жүзеге асыру – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың спорт, оның ішінде ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды жетілдіру – ЖОО дайындық жүйесіне арнайы пәндерді (элективті) немесе білім траекториясын таңдау бағытына сәйкес енгізу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру;

- мектеп оқушыларын спорт, оның ішінде ұлттық спорт түрлері бойынша дайындауға болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды заманауи дидактикалық жүйелер негізінде жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу және оларды практикада тексеру.

Зерттеу жұмысына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру төмендегі міндеттерді шешуге байланысты психологиялық-педагогикалық проблема ретінде қарастырылады:

1. Болашақ кәсіби құзыретті жаттықтырушы-оқытушылар моделінің немесе білім беру бағдарламаларының толық мәнді анықталмауынан, әзірленбеуінен;

2. Білім беру бағдарламаларында ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттердің оқыту нәтижелеріне дұрыс үлестірілмеуінен;

3. Анықталған оқыту нәтижелерінің меңгеру деңгейлерінің дұрыс анықталмауынан;

4. Анықталған оқыту нәтижелері деңгейлеріне қол жеткізетін оқыту технологиялары мен оқу/оқыту әдістерінің (интербелсенді әдістерді) дұрыс іріктелмеуінен;

5. Оқыту нәтижелеріне (білім, дағды, эмоционалды-құндылық қатынастар) қол жеткізуде, оқыту үдерісін ұйымдастыруда анықталған теориялар мен тұжырымдамаларды басшылыққа алмауынан;

6. Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі қалыптасқан маманды даярлаудағы педагогикалық, құзыреттерге бағдарланған тапсырмаларды кеңінен пайдалануынан;

7. Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікті бағалау құралдарының дұрыс таңдаудың жүзеге асырылмауынан.

Сонымен қатар, біз аталған тақырыпта құзырет құраушыларын қалыптастыруға бағдарланған теориялар мен тұжырымдарды айтып өттік. Олар өз кезегінде құзыреттілікті қалыптастыру құралы да болып табылады:

1. Когнитивті (танымдық) саланы (Блум бойынша) қалыптастыру үшін ұғымды қалыптастыру, іс-әрекет теориясы;

2. Іскерлік пен дағдыны (психомоторлы дағдыны) қалыптастыру үшін ақыл-ой қызметін кезеңдеп қалыптастыру тұжырымдамасын, іскерлік пен дағдыны кезеңдеп қалыптастыру, т.б. теорияларды;

3. Эмоционалды-құндылықтар қатынастарды қалыптастыру үшін педагогикалық (құзыреттерге бағытталған) тапсырмаларды орындау мен құрастыру жұмыстарын жүзеге асыру негізінде ғана үйлесімін табады.

Қазіргі уақытта елімізде ұлттық құндылықтарға бет бұру, соның ішінде ұлттық спортты дамытуға, жастарды ұлттық спортқа баулуға ден қоюы, ұлттық спортты олимпиадалық ойын деңгейіне көтеру мәселесі жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін жетілдіруді талап етеді.

Ұлттық спорт түрлерінің құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми еңбектердің жоқтығы таңдап алған проблеманы жан-жақты зерттеп, оның мазмұнын, ерекшеліктерін, дене тәрбиесі құралы тұрғысынан мүмкіндіктерін ашу қажеттілігін дәлелдейді.

1.2 Ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері

Білім беру жүйесінің толық мәнді жұмыс жасауы және дамуы, негізінен, мамандардың жеке бас ерекшеліктері мен жұмысқа деген дайындығына тікелей байланысты. Сол себепті де оған маман кадрларды даярлау тарихы адамзат баласының терең тарихынан басталады. Ал, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты оқыту ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу мен дамыту, жеке тұлғаны қалыптастыру, дене күш қуаттарын жетілдіру екендігі тағы да белгілі.

Адамның күш-жігерін дамыту мен денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы - дене шынықтыру ұғымдарын қалыптастырады. Оның құрамына дене тәрбиесі, арнаулы ғылыми бағыттар, спорттағы табыстар жүйесі енеді. Денені шынықтыру еңбек пен тұрмыс гигиенасын, демалыс пен еңбек етудің дұрыс режимін, сондай-ақ денсаулықты нығайтып, шынықтыру үшін күн мен ауаны, суды тиімді пайдалану тәсілдерін қамтиды [155].

Еліміздегі дене шынықтырудың мазмұны мен оны жүзеге асыру жолдары, тәсілдері қоғамдық қатынастардың өзгеруіне, білім беру, оның ішінде жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау жүйесімен тікелей

байланысты. Болашақ педагогтарды даярлау тарихы ерте заманнан басталғанын көруге болады. Сократ кәсіби педагогтарды «ой акушерлері» деп санап, шәкірттерді әңгімелесушілер деп атады, ал оқытудың мақсатын «дайын» күйде берілетін білім емес, ойлау нәтижесінде пайда болатын құндылықтар ретінде қарастырды.

Әл-Фараби ұстаздан міндетті ғылыми жұмысты талап етіп және тәрбиелеу іс-әрекеті ауқымды білімдер мен жоғары әдептік қасиеттерді (адамгершілік, жақсы істер жасауға талпыныс) тәрбиеленушілердің бақылауымен және тәжірибесімен үйлесімділікте талап етеді [17].

Дене тәрбиесі адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін, ақыл-ойын арттырады. Дене тәрбиесі ертеде Грецияда, Римде едәуір дамыған. Сол кезде Францияда Ф.Рабле, М.Монтель дене тәрбиесін ақыл-оймен, біліммен бірге қарау керек екенін насихаттаған. Чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменский «Ұлы дидактика», «Ана мектебі» деген еңбектерінде балалар гигиенасы, денсаулығы, тамақ режимі мәселелеріне, балалар ойындары мен дене шынықтыру жаттығуларына ерекше мән беріп, дене тәрбиесі балалардың жас кезінен-ақ басталуы қажет екенін дәлелдеп, оны педагогикалық үдерістің аса маңызды бөлігі деп қарады [156].

К.Д.Ушинский дене тәрбиесін еңбекпен байланыстыра қарады. Ол адамның ақыл-ойы мен көзқарасының, күш-жігерінің қалыптасып дамуына еңбектің тигізер маңызын атап көрсетті. Гигиеналық жаттығулармен ұдайы шұғылдану, жүгіру, шаңғы тебу, жүзу, қайық есу сияқты спорт ойындары мен арнаулы жаттығулар адамның тыныс алу үдерісін күшейтетінін, қан айналымын, зат алмасуын жақсартатынын айтқан [157].

Еліміздегі дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың жүйелі дамуы Кеңес Одағының құрылуымен байланысты. Сол себепті де, зерттеп отырған мәселе тарихына шолу жасауды КСРО кезеңіндегі білім беру мен жүргізілген зерттеу жұмыстарынан бөле жарып қарау қиындық тудырады.

Дене тәрбиесіне үлкен үлес қосқан, Ресейде дене тәрбиесінің іргетасын қалаушы Л.Ф. Лесгафт өз еңбектерінде дене жаттығуларын орындау үдерісін рухани және дене жетілуімен тұтас бір уақытта жүретін үдеріс деп қараған [158, б. 32].

Қазақстанда дене тәрбиесі ісін алғаш ұйымдастырып, дамытушылар арасында Г.Белоглазов, М.Гуннер, Д.Мурашко, В.Баканов, В.Зимин, М.Жайшыбаев, Е.Колокольников, Г.Абдурахманов, С.Струге, В.Колокольников, Н.Колокольников, Г.Виноградов, т.б. үлесі көп [159].

Баланың салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастыруға көптеген ғалымдардың: В.К.Бальсевич, П.А.Виноградов, В.И.Жолдақ, Л.П.Матвеев, Л.И.Лубышева, А.В.Царик, Г.Д.Иванов, Л.И.Орехов, Б.К.Каражанов, А.В.Чоговадзе және т.б. еңбектері арналды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда бұл үдеріс педагогтар мен білім беру мекемелерінің барынша белсенді зерттеу үдерісі болды.

Дене тәрбие жүйесі «дене мәдениеті», «спорт», «дене тәрбиесі» деп аталатын салалардан тұрады. Дене тәрбиесі жұмыстары дене тәрбиесі жүйесіне

кіріп, дене тәрбиесінің жалпы міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді (сурет 2).



Сурет – 2 Дене тәрбиесі жүйесі

2-суреттен көріп отырғанымыздай, ойындар, спорттық ұлттық ойын, т.б. тәрбие жүйесінің құралы болып табылады. Спорт (ағыл. Sport – ойын, әуестену) – адамның денсаулығын нығайту, түрлі жарыстарда жоғары көрсеткіштерге жетуі үшін қолданылатын жаттығулар. Арнайы ережелері, әдістері және тәсілдері бар, спорттық құрал-жабдықтардың бір түрін пайдаланып, белгілі бір нысана көздеп, жеңіп шығу мақсатында әр түрлі қозғалыстар жасау арқылы іске

асатын ойындар «спорт ойындары» деп аталады. Қазақстанда спорттың елуден астам түрі дамыған [43].

Спорттың олимпиадалық түрлерінен басқа қазақша күрес, бәйге, көкпар, қыз қуу, тоғыз құмалақ сияқты түрлері, ұлттық спорт ойындары да едәуір дамыған және дамып келеді [160].

Спорт ағылшын тілінен аударғанда: «ойын, көңіл көтеру». Спорт - ол мәдениет. Спорт - ол интеллектуал. Спорт - ол қозғалыс. Спорт - ол күрес. Жалпы спорт бөліп қаралады. Кәсіпқой спорт, әскери қорғаныс спорты, ұлттық спорт, көпшілік спорт және спорттың жоғары жетістігі.

Спорт дегеніміз – түрлі жақтан арнайы мамандандырылған және адамдағы істерде жарысу арқылы өз мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде көрсете білуге, жандүниесін дайындауды дене тәрбиесі ойындарында жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік жасайтын материалдық әрі рухани байлық. Атап айтқанда,

1) спорт қоғамның тәрбиелеуші, дайындаушы рөлін атқарады;

2) спорт материалдық, өндірістік қажеттіліктермен тікелей байланысты емес;

3) спорт күрделі арнайы дайындықты талап етеді;

4) жоғары көрсеткіштер сайыс түрінде ғана салыстырылып, ерекшеленеді.

Спорт іс-әрекеті жарыстар үстінде ғана анықталады және бұл балалар спортына да қатысты.

Республикамыздағы спорттың жаппай дамуы 1928 жылы Петропавл қаласында еліміздің тарихында тұңғыш өткен 1-Бүкілқазақстандық спартакиададан бастау алады. Ұлы Отан соғысы алдында Қазақстан спортшыларының саны 150 мыңға жетті, оның ішінде 30 мыңнан астамы қазақ жастары болды [161].

Спорттық ойындар, оның ішінде олимпиадалық ойындар және оларға дайындық жұмыстарының даму және ұйымдастырылу тарихы тереңнен бастау алады [162]. Бұл ойындарда әскери дайындық, дене шынықтыру өнерін көрсету байқаулары, дәстүрге айналған ақындар мен шешендер айтысы, әр түрлі өнер көрмелері ұйымдастырылған.

Спорттың ерекше түрі ретінде – қазақ күресі қарастырылады. Қазақша күрес – дүние жүзіне кең тараған және әлемді мойындатқан қазақтың ұлттық күресі. Сонау КСРО-нің кезінде Петропавл қаласында 1928 жылы күрестің бұл түрі бірінші Бүкілқазақстандық спартакиада бағдарламасына енгізілген болатын [163, б. 183]. Еркін және классикалық күрес бойынша халықаралық ареналарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген көптеген қазақстан күресшілері өздерінің алғашқы қадамдарын қазақша күрестен бастаған еді. Олар: А.Ғабсаттаров, А.Бұғыбаев және Ә.Айханов, т.б.

М.Т.Тәнекеев (1973) 1928 жыл өзін түрлі спорттық оқиғаларымен танытқан деп жазған. Ұлттық спорт және классикалық спорт түрлерінен көптеген жарыстар өткізілген. Соған байланысты, Республикалық дене шынықтырудың жоғары кеңесі қазақ күресінің спорттық жарыстарына бірыңғай ереже бекітті [163].

Қазақстанда қазақ күресінің кең танымалдығы осы ұлттық спорт түрін сауықтыру мақсатында жаппай айналысуды дамыту үшін маңызды етеді. Қозғалу белсенділігінің танымал түрлерін қолдану, көпшіліктің шұғылдануы үшін көптеген секциялар құру, әсіресе, адамның қозғалу белсенділігі төмендеген, яғни техникалық ілгерілеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы және білім беру жүйесі салдарынан әлсіреген қазіргі таңда өзектілігі зор [164].

Қазақ халқының ұлттық спорт ойынының бірден-бір көп тарағаны - бәйге мен аламан бәйге. Спорттың бұл түрінің өзгеше бір ерекшелігі сол - жарыс тек жазық жерлер мен ипподромдарда ғана өтіп қоймайды, спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Бір жағынан, бұлайша жарысты бұрын белгісіз, ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жуықтайды [165]. Бұл республиканың жергілікті халықтары арасында спорттың классикалық түрлерін кеңінен таратуға өзінің пайдасын тигізетіні сөзсіз.

Бәйге – қысқа қашықтыққа шабатын ат жарысы; аламан бәйге 50 км. қашықтыққа шабатын ат жарысы. Қысқа қашықтыққа өткізілетін ат жарыстарына жас аттар қатысады, яғни аттың шабатын қашықтығын анықтауда негізгі критерий ретінде аттың жасы белгіленген [166, б. 189].

Көкпар – Орта Азия халықтары арасында кең тараған ойын түрі. Көкпардың 2 түрлі нұсқасы бар. Ауылдарда ең көп тараған түрі – жалпы тартыс, ойынға көптеген шабандоздар қатысады да, әрқайсысы көкпар үшін өз бетінше таласқа түседі. Дода-тартыс деп аталатын екінші түрінде көкпар үшін тартыс командалар арасында жүріп жатады [167, б. 337].

Аударыспақ – атбегілер ат үстінде отырып алып, бірін-бірі ат үстінен аудару үшін күреседі.

Басқа ұлттық спорт түрлері ішінде келесілері өте кең тараған сипатқа ие [167, б. 336-340]:

- қыз қуу – белгілі бір қашықтыққа атқа шапқан қызды жігіт қуып жетуі тиіс;

- жорға жарыс – жорға ат мініп жарысу;

- жамбы ату – атқа отырып садақ ату;

- жігіт жарыс – жігіттердің ат жарысы,

- ат марафоны - өте үлкен қашықтыққа бірнеше күн бойы жарысуы мүмкін;

- қыз жарыс – қыздардың ат жарысы;

- тоғыз құмалақ – үстел үстінде ойналатын ойын түрі.

Сонымен қатар, ҚР-ның түрлі аймақтарында кеңінен тараған спорт түрлері мен жоғарыда аты аталған спорттың басқа түрлері бар.

Қазақстандағы ұлттық спорт түрлерінің даму мәселелері ҚР-ның 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында (2 б. 10 т.) Қазақстандағы халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерін дамыту мәселелері ашылған және аталған заң қайта толықтырумен жарық көруі аталған саланы дамытуға негіз қалады.

Қазақстан бүгінгі күнге дейінгі ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне арналып жүргізілген ғылыми зерттеулер төмендегідей бағыттарды қамтығандықтарын көруге болады [168]. Оларға:

- ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің даму тарихы;
- ұлттық ойындарды спорттық оқу-жаттығу жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды патриоттық тәрбие жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды балалардың, оқушылардың, студент жастардың дене шынықтыруында қолдану.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі №181-IV Заңында [169] төмендегідей ұғымдарға анықтамалар берілген (кесте 5):

Кесте 5 – Спортқа қатысты негізгі ұғымдар және олардың анықтамалары

Негізгі ұғымдар	Анықтамалар
Жаттықтырушы	- кәсіби білімі бар және оқу-жаттығу үдерісі барысында спортшының дайындығын және спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін оның жарыс әрекетінде басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға;
Спорт	- жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға дайындаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір бөлігі;
Спорт түрі	- біліктілік деңгейі, жаттығу ортасы, пайдаланылатын құрал-сайман мен жабдық, жарыс ережесі айрықша белгілері болып табылатын дене шынықтырудың құрамдас бөлігі;
Ұлттық спорт түрлері	- жарыс әрекеті нысанында тарихи қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігін ұйымдастырудың өзіндік ережелері мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі.

5-кестеден көріп тұрғанымыздай, ұлттық спорт ұғымына анықтама келтірілмеген. «Ұлттық спорт туралы анықтама осы кезге дейін қалыптаспаған» - деп Е.Алимханов атап көрсетеді [168, б. 28].

«Ұлттық спорт – ұлт руханиятымен егіз ұғым» дей келе, Ә.Ербосын ұлттық руханият күш алса, ұлттық спорттың бәсі жоғары болатынын айтады [170]. Ұлттық спортты өз биігіне көтеру үшін алдымен оларға мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуі керектігін алға тартады.

Е.Алимханов өзінің зерттеу жұмысында ұлттық спортқа қатысты былай деп жазады: «Біз өз тарапымыздан ойынның ұлттық спорт түрі болып танылуы

үшін төмендегідей шарттардың болуы қажет деп санаймыз: халықтардың тарихи қалыптасқан дәстүрлі ойындарының спорт түрі болып танылуы үшін, осы ойын түрінің республикалық дәрежедегі федерациясының болуы, ережесінің бекітілуі және осы ойын түрінің республикалық спорттық жарыстар күнтізбесіне енгізілуі спорт түрі болып саналуына негіз бола алады деп санаймыз» [168, б. 28]. Берілген түсіндірме толықтай қолдауға лайық және біз оны қуаттаймыз.

Біздің зерттеу тақырыбымыз дене тәрбиесі құралының ішіндегі ұлттық спорт болғандықтан, алдымен, ұлттық дене тәрбиесі туралы ұғымды, оның атқаратын міндетін және мазмұнын айырып алуымыз қажет. Бұл жөнінде бірқатар педагог ғалымдар еңбектер жазған.

Е.Алимханов «Ұлттық дене тәрбиесі деп халықтың (этностың) тарихи-әлеуметтік өмір сүру ерекшелігіне байланысты қалыптасқан адам денсаулығын шынықтыру, жетілдіру мақсатында ұлттың тарихи жинақтаған дене жаттығулары түрлері мен әдістемелерін айтады» - деп жазады [168, б. 29]. Бұл мазмұндау «ұлт», «этнос» ұғымдарының сөз тіркестеріндегі мәнін түсінуді қажет етеді деп білеміз.

Ұлттың классикалық анықтамасын И.В.Сталин берді және ол бүгінгі күнге дейін түбірлі өзгере қоймаған. Ол бойынша, халықтардың этникалық ерекшеліктерінің бүкіл алуан түрлілігі оның төрт белгісіне әкеліп таңылды және қатаң сақталынды; егер де, сол белгілердің біреуі қай ұлтта болмаса, онда ол ұлт ретінде есептелмеді. Өзге де факторлар қатарында әдетте, территорияның, тілдің, діннің ортақтығы көрсетіледі. Сондай-ақ «ұлт», «ұлттық» түсініктері этникалық емес, мағынаны да білдіретіні сипатталады [171, б. 256].

Ұлт этникалық түзілім ретінде қарастырылады және ұлттың негізгі белгісі ретінде тіл мен жер аумағы мойындалады. Ұзақ жылдар бойы этникалық және этносаралық үдерістерді зерттеу барысында ұлт пен ұлттық қатынастарының маркстік-лениндік-сталиндік теориясы басшылыққа алынып келді. Бұл теория бойынша тарихи қауымның мынадай негізгі типтері бар: ру, тайпа, халық, ұлт [171, б. 253]. Ал ұлт – бұл бір мемлекетте өмір сүретін және осыған орай кейбір ортақ белгілері бар адамдардың бірлігі, этникалық қауымы емес [171, б. 257].

Т.Ғабитов «Ұлт дегеніміз – бұл жалпы жерімен (территориямен) және біртұтас мемлекетпен біріккен, экономикалық, тарихи бірлігінің терең байланыстары бар, этникалық, конфессионалдық, тілдік айырмашылықтарды құрметтейтін және ақырында біртұтас мемлекеттік тілі бар, жалпы өзіндік санасы мен патриотизмге ие азаматтардың қауымдастығы» деп анықтама береді [171, б. 257-258].

Ұлт дегеніміз – ол тілдің, аймақтың (территорияның), экономикалық өмірдің және ұлт мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктерінде көрінетін психикалық қалпының ортақтығымен байланысты адамдардың үлкен тобы [172, с.197-198].

Әрбір ұлт ұрпақтарын тәрбиелеуде этнопедагогика құралдарын, факторларын басшылыққа алуда. Халықтық педагогиканы қолға алу, дәстүрлі

мәдениетімізді жаңғырту бірқатар міндеттерді шешуді талап етеді. Солардың бірі - ұлттық ойындар мен спортты оқу-тәрбие үдерісіне енгізу және оның тәрбиелік, дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Бұл жағдайда біз тарих қойнауындағы озық ойларды, оңды тәжірибелерді қайта қолға алуды жөн көреміз.

А.Байтұрсынов халықтық педагогика ғасырлар бойы еліміздегі тәлім-тәрбиенің пәрменді құралы қызметін атқарып отырғанын анық көрсеткен. А.Байтұрсынов 1922 жылы «Тәні саудың - жаны сау» деген еңбегін жазды. А.Байтұрсынов бала тәрбиесін тек білім, тіл, ақыл тәрбиесі деп, біржақты емес, сонымен бірге тән сұлулығына да көп көңіл бөлген [23]. Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Олар өзара бір-біріне байлаулы, бірінің жайына бірі қарайды, біріне келген кемшілік біріне білінбей қоймайды. А.Байтұрсынов өз еңбектерінде тек тән мен жан байланысын көрсетіп қоймай, дене тәрбиесіне керекті мәселені атап көрсетті:

1. Мерзімі мен күн тәртібін сақтау, таза ауа, тамақ, сусын.

2. Тән қызметі дұрыс болу үшін дене шынықтыру, гимнастика, ат спорты, ұлттық қимыл ойындары.

3. Дененің әртүрлі мүшелерінің қызметін дұрыс басқару, дұрыс атқару, тамақ қорыту, қан айналу.

Қазақ халқының ұлттық ойындары өз негізін халық педагогикасының терең қатынастарынан алады. Бұл ұлттық ойындардың мазмұны жастарды болашаққа, батылдыққа, төзімділікке, табандылыққа, ептілікке, жігерлілікке, ұйымшылдыққа, өнегелілікке, адамгершілік дағдылары бойынша сіңіруге негізделген. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алып, егемендігіміздің көк туы ел тұрғындары мерейін көтеріп, өмір бағыты кең арнаға бағытталған осынау 24 жылдан аса уақыт аралығында Елбасы мен үкімет бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ел тұрғындарының денсаулықтарының жақсаруына, білім беру мекемелерінде дене мәдениетінің пәрменділігін арттыруға, дене мәдениеті бойынша жүйелі білім беруді жандандыру бағдарламаларын жетілдіруге, салауатты өмір бейнесін қалыптастыру мақсатында пәрменді шаралар жүргізуге байланысты бірнеше қаулы, жарлықтар, заңдар қабылдап жариялады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында республика халқын дене тәрбиесі және спорт арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу, денсаулықтарын шынықтыру шаралары көрсетілген, осы құжаттарда ұлттық спорт түрлеріне де маңызды орын бөлінген [173].

Республикада дене мәдениетін дамыту, қалыптастыру бағытында тарихи ғылыми-әдістемелік тұрғыда қомақты үлесін қосқан Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, М.Тәнекеев, К.Ахметов және т.б. ғалымдардың жарқын бейнелі шоғырын бөліп айту қиын [174]. Сонымен бірге жас жеткіншектер мен жастарды дене мәдениетіне, оның ішінде үлкен спортпен шұғылдануға тартуда үлкен серпіліс берген, саңлақтарымыздың орны бөлек. Олар қазақ халқының мақтаныштары Балуан Шолақ (Нұрмаханбет), Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Октябрь Жарылқапов, Шақыр Бөлтекұлы, Әбдісалан Нұрмаханов, Әлжан

Жармұхамедов, Ғұсман Қосанов, Дәулет Тұрлыханов, Бекзат Саттарханов және т.б. ұлт перзенттері спорт саңлақтары.

Ә. Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті тіршілігіндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындар ережесі қарастырылған [175].

М. Болғамбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт түрлері» атты кітабында ат спортына қатысты бәйгеден бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйгемен қоса қазақша күрес секілді спорт түрлеріне арналып, осы спорт түрлеріне жаттықтыру, тәрбиелеу әдістемелері берілген [176].

Ойын - тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Кез-келген қазақ халқының ұлттық ойындарының тәрбиелік мақсаттары бар. Мысалы: “Асық” ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке, ептілікке үйретсе, доппен ойын бүкіл дененің тұтас қимылдап, шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін: «қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау» деп, мазмұнына қарай оларды «тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар», ал жас ерекшеліктеріне байланысты «спорттық ойындар» деп бөледі [176].

Ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне жан-жақты жарасымда жеке тұлға тәрбиесі құралы ретінде пайдалану, оқушылардың денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік және көркемдік талғамды, еңбек іс-әрекетімен өзара байланыста болатынын аңғарамыз [177].

Бүгінгі күннің өзекті тақырыбының бірі ұлттық спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі мәселелерінің шешімін табу, жаттықтырушы-оқытушылардың дайындығын арттыруда қажетті жағдайлар жасау – білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

Дәстүрлі халық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып саналатын ұлттық ойындар мен спорттың қоғамдағы атқаратын орнын анықтау, оны теориялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу егемен Қазақстан жағдайында халқымызды дене тәрбиесі, оның ішінде ұлттық спорт пен ойындар арқылы салауаттық өмірге баулу, денсаулығын жақсарту, спортқа бейімдеу, салт-дәстүрді сақтау, елін-жерін сүйеге тәрбиелеу жолдары маманның ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі осы жұмыстың негізгі өзекті бағыты болып табылады [48].

ЖОО-да қандай да болсын ұлттық қимыл ойындары мен жаттығулардың кез-келген тобын үйрету өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Студенттің белсенді қозғалыс қызметі - оқу материалын меңгерудің қажетті шарты. Болашақ маманның қозғалыс қимылдарын және дене жаттығуларын үйренуі - өзінде бар психологиялық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу-еңбек қызметі. Қимылды үйретуге қолданылатын қолайлы жағдайлар педагогтың үйрету әдісін жетілдіргенде көрінеді.

2. Болашақ маманға ұлттық ойындардың қозғалыс дағдылары жүйесін қалыптастыру. Тек қана қимыл жүйесі олардың дене дайындығының сипатын

анықтайды. Бірақ, ұлттық ойындардың дене жүктемесі, ойынды өткізудің жеке немесе командалық нысандары және басқалары сияқты ерекше көріністері түрлерінің көп болуы нәтижесінде, олар дене тәрбиесінің бағытына және оның нақты міндеттеріне байланысты іріктеліп алынуы керек.

3. Ұлттық ойындардағы қозғалыс қимылдарына үйрету дене мүмкіндіктерін қалыптастырумен өзара байланысты.

Кейбір қозғалыс қимылдарына үйретуді дене мүмкіндіктерінің тиісті деңгейінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Мысалы, ұлттық ойын: «Арқан тартыс» - тартуға үйрету қолдың жеткілікті шынығу деңгейін талап етеді, сонымен қатар жаттығу жұмыстары мен оған үйрену қажеттігі туындайды. Бұлар бір-біріне байланысы бар төмендегі жағдай міндеттерді шешеді:

- күш, төзімділік, жылдамдық сияқты дене қасиеттерін шыңдай түседі;
- студент денесі шынығып, өзіндік мүмкіншіліктерін байытады;
- болашақ маман ұлттық ойындардың қозғалыс қимылдарына бейімделу, үйрену нәтижесінде шеберліктің, әдіс, айла, амалдарының жаңа түрлерін таба білуіне ықпал жасайды;
- ұлттық психологиялық қасиеттерін дамытып, тәрбиелеп, сол арқылы күшті, шапшаңдықты игереді.
- ұлттық ойындардағы қозғалыс қимылдары түрлерін теориялық жағынан түсіне отырып, үйрену, ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде қолдануды, оны өткізуді жеңілдетеді.

Ұлттық спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің табысты болуы өзінің даралығын, өзінің ерекшеліктерін танып білу, оларды терең түсіну үшін де рефлексиялық қабілет қажет. Ұлттық спорт түрлері бойынша маманның кәсіби құзыреттілігінің дамуына мақсаткерлік, оның әдістері, өзін-өзі бағалау, түзету, нәтиже, оған өзгерістер енгізу, әрі қарай өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік сияқты сапаларды жатқызамыз. Осындай өзіндік бағалау нәтижесінде жаттықтырушының кәсіби дамуы мен шығармашылық тұрғыда өрлеуі орын алады [45].

Бір сөзбен айтқанда, ұлттық спорт және ойынның тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол екендігін жоғарыдағы мазмұндаудан көруге болады. Сонымен, біз «Ұлттық спорт деп, тілдің, аймақтың (территорияның) және ұлт мәдениеті ерекшеліктері, дене тәрбиесі мен психикалық қалпы көрініс табатын жарыс әрекетінің, дене шынықтырудың бір бөлігін және спорттың ерекше түрін түсінеміз».

Ұлттық спортты дамыту қажет және ол әрбір жаттықтырушы-оқытушының, пән мұғалімінің күн тәртібінде тұрған мәселе. Ол үшін:

1. Мектеп қабырғасынан бастап ұлттық спорт түрлерін сабақ түрінде оқыту (мәселен, Кубада бокс мектеп бағдарламасына енгізілген);
2. Спорт түрін дәріптеу арқылы ұлттық спорттың абыройын арттыру (мысалы, Кореяның таэквондоны дәріптеуі).
3. Ұлттық спортты дүние жүзіне таныту жұмыстарын жандандыру. Халықаралық турнирлер өткізу, олардың ауқымын жыл өткен сайын кеңейту.

Зерттеулерге сәйкес ұйымдастырылатын спорттық ойындарға, оның ішінде қазақ күресіне 40-тан астам ел атсалысуда. Бұл дегеніміз, 40-тан астам ел ұлттық спортымыздың бұл түрін мойындады деген сөз. Ал Олимпиадалық ойын түріне ену үшін төрт құрлықтан 60-70 ел мойындауына жұмыс жасалуы қажет.

Ұлттық спорт түрлеріне байланысты, қозғалыс қызметін қалыптастыру мен жетілдіру негізгі шарттарды сақтаған жағдайда ғана педагогикалық әсер ету жолымен іске асады. Ол бірнеше шарттан тұрады.

Бірінші шарт – қозғалыс әрекеттерін үйрету. Білім алушылардың қозғалыс тәжірибесі көп болған сайын, оларда жаңа қозғалыс қимыл түрлері жылдамырақ қалыптасады.

Екінші шарт – дене қасиеттерін дамыту. Олардың дамуы қаншалықты жоғары болса, қозғалыс дағдылары да соншалықты табысты, нәтижелі қозғалыс әрекеттері де қалыптасады. 6-7 жастағы балалардың жеке қозғалыс жылдамдығына, иілгіштігіне, икемділігіне, бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 8-10 жастағы балалардың жылдамдығына, икемділігіне, дене бұлшық еттерінің тұрақты күшіне, 10-13 жастағы балалардың күш деңгейінің жылдамдығына, 14-16 жастағылардың ең жоғары күш деңгейі мен жылдамдығына назар аударатырып, барлық дене қасиеттерінің бірқалыпты дамыту қажет.

Үшінші шарт – бұлшық ет күшін жұмсау және уақыт бойынша жасалған қозғалысты дәл бағалай білу біліктілігіне үйрету.

Осы шарттарды жүзеге асыру жаттықтырушы-оқытушының қызметіне байланысты. Қозғалыс әрекеттеріне үйрету барысында педагогикалық әсер барлық шарттар өзара бірігіп іс-әрекет еткенде қамтамасыз етіледі. Өйткені, қозғалыс функцияларының көрсеткіштері қозғалыс дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Олардың қайсыбірін елемеу үйрету барысын кідіртеді немесе күрделендіруі мүмкін.

Жеке тұлғаның дене тәрбиесі мен спорттағы психологиялық қалыптасуын педагогикалық тұрғыдан талдау болашақ спорт саңлақтарының, мамандардың, оқушылардың дұрыс дамуын айқындау үшін қажетті шарты. Өйткені, спорттың кез-келген түрінен белгілі бір нәтижеге жету үшін спортшының басқа дайындықтармен қатар олардың психологиялық жағдайлары бірқалыпты болуы тиіс.

Қимыл қозғалысты ұлттық спорттың маңыздылығы:

1. Денсаулықты жақсартады, дене мүшесі дұрыс өседі, еңбекке баулиды, әртүрлі ауруларға дене мүшесі қарсы тұра алады;
2. Негізгі қозғалмалы мүшелердің сапасы артады;
3. Дене мүшесі дұрыс қалыптаса отырып, ептілікке үйренеді;
4. Жеке арнайы білім мен қоғамдық гигиена қалыптасады;
5. Дене шынықтыруға, ұлттық спортқа, белсенді дұрыс өмір сүруге қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелейді;
6. Ұлттық спорттағы қимыл қозғалыстар – көңілге қуаныш сыйлайды, сергітеді, ширатады.

Тек дене мүшелері, ағза ғана сауығып қоймай, оның рухани ақыл-ой, адамгершілік, имандылық қасиеттерімен де сауығыуы қажет .

Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесіне келетін болсақ, онда білім алушылар жалпы тәрбие теориясы мен дене тәрбиесі теориясына сүйене отырып, мыналарды оқып игереді [47]:

- жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру мен оның тәсілдерін;
- дене тәрбиесінің жаратылыс-ғылыми негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың гигиеналық негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік қызметін;
- кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі дайындығын;
- еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы дене мәдениетін.

Сондай-ақ, оның негізгі түсініктері мен терминдерінің мәнін ұғынады, олар: тәрбие, дене тәрбиесі дайындығы, оқу сабағы, оқу-жаттығу сабағы, оқу бөлімдері (негізгі, спорттық, арнаулы), оқу топтары, медициналық топтар (негізгі дайындық, арнаулы), тұлғаны дамыту, дене тәрбиесі дайындығының дәрежесі, дене қабілеттерін жетілдіру, т.б. [169].

Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі үдерістерінің негізгі түрлері сабақ кезіндегі (практикалық, теориялық, жекелей) және сабақтан тыс кездегі (оқу күні тәртібі бойынша дене тәрбиесі жаттығулары, секцияларда жаттығу, өз бетінше жаттығу, жаппай сауықтырғыш, дене тәрбиесі спорттық шаралар) жаттығулар болып табылады. Сөйтіп, жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі - таңдаған мамандығына, болашақ кәсіби еңбегіне, әскери қызметіне, өзінің функционалдық және тұлғалық жағдайына сай келетін, жеке адамның дене тәрбиесі дайындығын қалыптастыратын мамандандырылған педагогикалық үдеріс. Сабақтың өзінің құрылымы, тәсілдері бар және оған жалпы педагогикалық тәрбие мен жеке ерекше қызмет жүктелген. Оқу пәні ретіндегі жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесінің теориясы мен практикасының негіздері «Дене тәрбиесі» атты оқулықта берілген. Оқулықты жазуға белгілі ғалымдар мен дене тәрбиесінің мамандары (Н.И.Пономарев, В.Г.Шербаков, А.В.Чоговадзе, В.И.Ильинич, В.И.Жолдак, Н.Н.Бугров) қатысып, оқулықтың II тарауында пәннің негізгі түсінігін, құрылымын, міндеті мен әдістемесін ашып берген болатын [161].

Дене тәрбиесі жүйесінің негізгі ұғымдары мен дене мәдениеті және спорттың әлеуметтік қызметі айқындалған, дене тәрбиесі жоғары оқу орындарындағы оқу мен тәрбиенің құрамдас бір буыны үстінде қарастырылады.

Көптеген авторлардың зерттеулері, қазіргі кезде дене шынықтыру мәдениеті мен спорт, жұмыс істеудің жоғары деңгейін ұстаудың және денсаулықты сақтаудың маңызды құралы екенін көрсетеді.

Жастардың тәрбие құралы ретінде ғасырлар бойы қолданылған ұлттық жарыстар мен ойындар Қазақстан халқының басты мұрасы болып табылады [178].

Жаттықтырушы-оқытушының маңызды міндеттерінің бірі спортпен шұғылданушылардың денсаулығы жағдайын бақылау болып табылады. Осыған байланысты ұлттық күресімізбен шұғылданатын спортшылардың әрқайсысына арнайы есеп карточкасын арнау қажет. Оған медициналық тексерудің бастапқы мәліметтері: бойы, кеуде, мойын орамдары өлшемі, өкпенің өмірлік сыйымдылығы және т.б. антропометриялық мәліметтер жазылады. Жаттықтырушы-оқытушы дәрігермен бірлесіп спортпен шұғылданушылардың денсаулығының жағдайын бақылауды үйретуі, оларды адам анатомиясымен, физиологиясы бойынша негізгі бөліммен қаруландыруы қажет. Өйткені, қазақтың ұлттық, мысалы: қазақ күресі, бәйге, теңге алу, көкпар секілді т.б. спорт түрлерімен шұғылдану барысында бұл білімдер маңызды рөл ойнайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша дене шынықтыру мен спорт мамандарын даярлауда, негізінен, көрсеткіш ретінде төмендегілер алынғанын көруге болады, олар: күштік даму, шыдамдылық, жылдамдық, ептілік, икемділік, т.б.

Осы мәселелердің дұрыс шешім табуы үшін педагог-ғалымдар болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауды назарға алды.

Дене тәрбиесі үдерісі кешенді және құрамды бөлшектерден тұрады. Оның негізгі бөлшегі дене шынықтыру қабілетін дамытуға арналған педагогикалық үдеріс болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында спорттың мамандандырылуымен байланысты дене шынықтыру дамуы және дайындығы өзгеруін зерттеуге З.Я.Крокетеннің диссертациялық жұмысы, ал студенттердің дене тәрбиесінде шеңберлі жаттығуды дәлелдеуге В.Н.Кряж зерттеуі арналған [179].

Студенттердің болашақ мамандығында КҚДД (кәсіпқой қолданбалы дене дайындығы» әлеуметтік-экономикалық маңызының өсуіне байланысты дене тәрбиесі мамандары әр түрлі мамандыққа қажетті қабілеттер, қозғалыс дағдылары, арнайы білім мен ілімдерін дамытуға көмектесетін дене жаттығуларын зерттеу мамандар назарында болды. 1975-1986 жылдар аралығында көмекші оқу құралдары мен осы саладағы мамандарды даярлаған Р.Т.Раевский, В.И.Ильиничтің еңбегіне сәйкес дене тәрбиесінің осы бөлімі практикаға ендіріліп, үлкен ғылыми-әдістемелік негіздемеге ие болды [180]. Бұл еңбекте ұлттық спорт мәселелері жазылмады.

Бүгінгі таңда дене тәрбиесі жүйесін жаңаша дамытудың түрлі де тиімді жолдары іздестірілуде. Зерттеушілер дене тәрбиесі құрылымына түрлі қажетті танымдық компоненттерді қосып, тұлғаның қызығушылық, құндылық, қажеттіліктерін қалыптастыруды көздеуде (А.С.Мнавер, Б.А.Тойлыбаев және т.б.) арнаулы білім деңгейін меңгерудегі интеллектуалдық (А.С.Мағауова, Т.Ж.Бекбатчаев және т.б.) психофизиологиялық және дене тәрбиесін меңгерудегі білік – дағдысы (Т.Ш. Қуанышев, Ж.Т.Төлегенов және т.б.) [181-186] деп есептейді.

Дене тәрбиесінің ішкі құрылымы – дене мәдениеті, спорт, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары қимылдарынан тұрады (В.Б.Мандрикова, Л.В. Солодникова, Ю.Е. Рыжкин және т.б.) деп қарастырылады [187, 188].

Педагогикалық білім беру мәселелерімен айналысатын ғалымдардың пікірі бойынша мамандардың дайындығының сапасын жаңа деңгейге шығару үшін ЖОО-дағы оқыту үдерісін жаңалау қажет, яғни оның тиімділігін кәсіби-педагогикалық даярлықтың ішкі қорларын іздестіру амалымен арттыру керек.

Білім беруді жаңарту кезеңінің қағидасы ретінде кәсіби білім берудің негізгі міндеттері анықталатынын Б.Мұхамеджанов атап көрсетті. Олар: сәйкес дәрежелі және салалы, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, кәсібін еркін меңгерген және іс-әрекеттің ұқсас салаларына бейімделген, әлемдік стандарттар деңгейінде мамандық бойынша тиімді жұмысқа қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби жаңаруға бейім, білікті маманды дайындау және сәйкес білім беруді алуда тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру [47].

Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау жұмыстары үшін мектепте оқушылардың дене тәрбиесіне баулу бойынша жұмыстардың да өзіндік үлесі мен ықпалы болды. Мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беру мәселесі бойынша бірқатар педагогтар шұғылданды. Олар Т.М.Бекбатчаев [189], Ж.М.Тулегенов [186], Б.А.Тойлыбаев [42], Е.Сағындыков [190], т.б. еді.

Т.Ш.Қуанышевтің зерттеуінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауда ұлттық ойындардың құралдарын пайдаланып, олардың ұлттық ойындарды мектептің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға және өткізуге даярлығының қалыптасу нәтижелері баяндалған [185].

Б.М.Досқараев зерттеу жұмысында Қазақстан аймағында көне дәуірден феодалдық кезеңге дейінгі таптық мемлекеттің пайда болу аралығында дене тәрбиесі саласындағы жиналған тәжірибені «Дене тәрбиесі», «Педагогика тарихы», «Дене мәдениеті және спорт тарихы» пәндерін оқытуда қосымша материал ретінде дене шынықтыру пәні мұғалімін даярлауда пайдалануға ұсынған [191].

М.Тәнекеев зерттеулерінде қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінің даму тарихы туралы жинақталған материалдарды болашақ денешынықтыру пәні мұғалімдерін даярлауда пайдалануға теориялық және практикалық ұсыныстар жасалған [192].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын [48-50] зерделей келе, төмендегіше ой қорытындысын шығаруға болады:

- білім беру жүйесі дамуының іске асырылуы оның құраушы элементтері арқылы жүзеге асырылды. Оның ішінде, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау мазмұны, әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру формаларының дамуы негізінде. Бұл бағыттағы жұмыстарға оқу-тәрбие жұмыстары мазмұнын жетілдірудегі зерттеулерді мысалға келтіруге болады.

Сонымен қатар, мұғалімнің, болашақ мұғалім даярлығын дамытуды қамтамасыз етудің жүзеге асырылуы. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектерге мұғалімнің дене мәдениетін және оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастыруға даярлықты дамытуға бағдарланған ғылыми-зерттеу жұмыстары негіз болады [48].

- Даярлау жүйесін сыртқы факторлар арқылы жетілдіру бағытын айтуға болады. Тікелей сыртқы фактор ретінде табылатын ақпараттық технологиялар (компьютерлік технологияға байланысты) негізінде дайындықты жетілдіруді қамтиды;

- зерттеу жұмыстарының ұлттық, жергілікті жердің дене шынықтырудағы, спорт түрлеріндегі ерекшеліктерін қамту керектігін көрсетеді.

Ғылыми жұмыстарды зерделеудегі бағыттар бір-бірімен өзара байланысты жүргізілгендігін көрсетеді.

Ұлттық ойын немесе спорттың ұлттық түрлері қимылын орындауда «адам өмірі үшін күресуді» мұрат тұтқан болашақ мамандардың сана-сезімінің рөлі өте зор. Мазмұн, спорттың ұлттық түрлерінің қимыл мағынасы емес, тек кейбір қозғалыстардың және оның құрылым бөліктерінің орындалу үдерісі дағдыға айналдырылады.

Ұлттық ойын немесе ұлттық спорт түрлері қимылдарына жаттығу кезінде көптеген студенттерге ұқсас жаттығулар жасатып, оңайынан қиынына көшу және жаттығуды жасатпай тұрып, оны ойша елестету немесе еске түсіру.

Студенттің ынта-жігерін ұлттық ойын немесе спорттың ұлттық түрлері қимылдары жаттығуының жеке бір бөлегін жасауға бағыттау. Барлық жаттығуларға педагог талдау жасап отырады.

Ұлттық ойындарда қолданылатын іс-әрекеттер тұрмыста қолданылған және барлығына етене таныс. Сондықтан, еңбек барысындағы қимыл-қозғалыстардың маңызын сақтай отырып, бүгінгі күн талабына сай дене тәрбиесі сабағында ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын пайдалануға болады. Олар адамның дамуына ықпал етеді.

Бәсекеге қабілетті қоғам құру, онымен байланысты жаңа технологиялардың біздің өмірімізге етене енуі, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарасты талап етіп, бүгінгі қоғам талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеу, яғни кәсіби құзыретті жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауды қажет етеді.

Қазіргі кезде ұлттық спорт түрлері мен ойындары, оның ішінде қазақша күрес халықаралық дәрежеде танылып, әртүрлі оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізілген. Тоғыз құмалаққа да өзіндік орын берілуде.

Жоғарыда келтірілген ұлттық спорт, ойын бойынша олардың негізгілерінің оқыту нәтижесі ретінде анықталуын кестедегідей көреміз (кесте 6).

Кесте 6 - Ұлттық спорт түрлерінің оқыту нәтижелері бойынша құраушылары

Ұлттық спорт	Білім	Іскерлігі (психомоторлы дағды)	Жеке тұлғалық сапалық қасиеттері
Қазақ күресі	Негізгі ұғымдар, терминдер, әдіс-тәсілдер атауы, шығу тарихы, талдауы, баға беруі	Спорттық жаттықтыру орнын ұйымдастыруы, күрес амалдарын, әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруы	Шыдамдылық, тапқырлық, шапшаңдық, алғырлық, ептілік, сабырлылық, қол-аяқ, тұтастай дене қозғалыстар координациясын сезе білу, үйлестіруі, жүректілік, көргіштік, жігерлілік, ұлтжандылық, өнегелілік, батылдық, төзімділік, табандылық, адамгершілік дағдылары, құрмет көрсету.
Тоғызқұ-малақ	Негізгі ұғымдар, жүріс атаулары, шығу тарихы, комбинация құрастыруы, баға беруі	Ұяшықты, ұяшықтағы құмалақты таңдауы, жүрісті орындауы	Байқағыштығы, ұйымдастырушы-лық, дәлдік және ұқып-тылық, сабырлылық

6-кестеге сәйкес кез келген ұлттық спорт, ойын түрлері бойынша құзыреттілікті құраушы оқыту нәтижелерін ажыратуға болады.


Ұлттық спорт түрлерін оқыту болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың құзыреттілігін құраушы төмендегідей оқыту нәтижелері бойынша даярлығын арттырады:

1. Ұлттық спорт түрлері бойынша білімдерін, оның ішінде болашақ мамандар негізгі ұғымдармен (ұлттық спортқа тән), тәсілдермен, олардың тарихымен терең таныстырады және меңгертеді.

2. Ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану негізінде болашақ маманның дене бітімі қалыптасады, басқа спорт түрлерінде орындалмайтын дене қозғалыстарын меңгереді.

3. Ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану барысында жеке тұлғалық (спортшыға, педагогқа тән) сапаларды игереді.

Ұлттық спорт ойындары үшін білім, іскерлік (психомоторлы дағды) және жеке тұлғалық сапалардың болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастырушылық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру бағдарын 3-суреттен көруге болады (сурет 3).



Сурет 3 – Ұлттық спорт ойын құраушыларының болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушыларына ықпалы

Жоғарыдағы мазмұндауларға байланысты ұлттық спорттың болашақ жаттықтырушы-оқытушыға берері мол екендігін көруге болады.

Ұлттық спорттың өзін дене қимыл қозғалыстары тұрғысынан (тоғызқұмалақтан басқасын) оқу пәні және оны оқытуға дайындықты жүзеге асыру жағынан қарастырылады.

Ұлттық спорттың дене тәрбиесінің құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін қимыл қозғалысты ұлттық спорттың іс-әрекет құрылымы мазмұнын айқындау қажет (қосымша К).

К.Д.Ушинскийдің: «...халықтардың педагогикалық нұсқауларының ұқсастығына қарамастан, олардың әрбірінің өзінің ерекше ұлттық тәрбие жүйесі, өзінің бөлекше құралы бар. Халықтың тарихы, оның сипаты тәрбие бағытын анықтайды» – деп көрсетеді [193, с.193]. Солардың бірі - ұлттық спорттық ойындар.

Этникалық тәрбиенің мазмұнын анықтауға оның міндеттері әсер етеді, олар: биоәлеуметтік жүйе ретінде этнос субъектісін қалыптастыру; ділінің негізі ретінде этникалық сана-сезімі мен дүниетанымын, ана тілін, ұлттық мәдениеті мен тарихын, ұлтының рухани құндылықтарын құрметтеу сезімін

калыптастыру; ұлттық этика негізінде этноәлеуметтік рөлдерді меңгеруге бағыттау [194, с.118]. Соның ішінде, ұлт рухын көрсететін спорт түрі – қазақ күресі.

Ақын Мұхтар Шаханов өзінің «Төрт ана» атты өлеңінде: туған жер, ана тіл, дәстүр, салт-санасы және ата-баба тарихы қасиетті әрі олар тағдырдың тынысы екендігі, олар үшін болған күрес – күрестердің ұлысы екендігін айтады және оны жадымызда сақтауға тиіспіз [195, б. 1]. Ұлттық спорт ойындарының тарихы халқымыздың тарихымен байланысты және сабақтастығын сақтаған. Сол үшін де ата-баба тарихын ұлттық спорт тарихымен, дәстүрімен байланысты қарастыруымыз керек.

Ұлттың өміршеңдігін сипаттайтын көрсеткіштің бірі – мәдениет. Тарақты Ақселеу осыған байланысты «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана» - деуі, ұлтжанды тұлға екендігін көрсеткендей [196, б. 4]. Біз ұлттық мәдениетіміздің бірі - ұлттық спортты көтеру, әлемге таныту арқылы өміршеңімізді көрсете аламыз.

Ұлттық қозғалмалы спорттық ойындардың қазіргі кездегі түрлерінің негізі ілгеріде тәрбие құралы ретінде қарастырылса, қазіргі уақытта сауықтыру, күш сынасу, т.б. сипаттарда кеңінен қолға алынуда. Солардың бірегейі – жамбы ату, бәйге.

Ұлттық ойындар, оларға дайындық және олардың нәтижелері әлеуметтік-психологиялық ахуалға (**ахуал** - өзара қарым-қатынас, көңіл-күйін білдіретін психологиялық ұғым) ықпал етеді. Көбінесе топтық психологияға байланысты айтылады немесе “психологиялық атмосфера” түрінде түсіндіріледі. Бұған қоғам мен ұжымдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы, көңіл-күйі мен ынтымағы, бірін-бірі түсінуі, тәртіп пен жауапкершілік, ортақ борыш пен намыс, үйреншікті жұмыс стилі, ортақ пікір, өзара сын, т.б. кіреді. Оң (жақсы) Ахуалға бір қоғамдағы не ұжымдағы адамдардың ынтымағын, бір-біріне деген шексіз сенімін, шынайылық пен сыйластықты жатқызуға болады [127]. Қоғамның орнықты дамуы немесе белгілі бір ұжымдағы еңбек өнімділігінің нәтижесі ұжымдағылардың кәсіби шеберлігі мен дағдысына, білімі мен икемділіктеріне ғана тәуелді емес, көпшіліктің мұнда қалыптасқан тұрақты көңіл-күйіне де байланысты. Сары-уайым, жабырқау, теңілу, жалғызсырау, ұрыс-керіс қоғамда да, ұжымда да қолайсыз ахуал туғызып, ортақ мүддеге кесірін тигізеді.

Сонымен, ұлттық спорт – спорт жарыстарында жеңіске жетуге, алға қойылған мақсатқа жеткізетін саналы іс-әрекет; бұл қоғамдық, жеке тұлғалық мәнді сипаты бар, саналы мақсатпен реттелетін адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (дене бітімі) белсенділігі.

Педагогикалық білім беру саласындағы аталған зерттеулердің нәтижелерінің үлкен құндылығын мойындай отырып, ұлттық спорт түрлері бойынша болашақ педагог-жаттықтырушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастырумен байланысты бірқатар мәселелер, соның ішінде қазақ күресі бойынша педагог-жаттықтырушының кәсіби құзырлығы мәселесін қарастыру жүйесінің болмауы, оны қалыптастыру механизмдерін толық ашпау, ұлттық

спорт түрлері бойынша педагог-жаттықтырушының кәсіби құзырлығын қалыптастырудың педагогикалық-жаттықтырушылық жағдайлары мен құралдарының жасалмауы зерттеуді талап етеді [197].

Қазіргі таңда елімізде қазақ күресін әлемдік бәсекеге лайықты спорт түрі деңгейіне дамыту біздің егеменді еліміздегі дене тәрбиесінің басты мақсатына айналып отыр – дені сау, жаны таза, еңбек етуге, өз отанын қорғауға рухы биік, ерік-жігері шыңдалған, өскелең өмір жолдарының күтілмеген қиындықтарына төзімді жаңа заманның белсенді жас ұрпағының бейнесін қалыптастыру болып табылады. Осыған орай қазіргі таңда елімізде бұқаралық спортты, оның ішінде қазақтың болмысына тән, жанымен, қанымен органикалық тұтас жаратылған қазақ күресінің көсегесін көгерту өскелең өмір талабына айналып отыр [198].

2015 жылы Астана күні қарсаңында Елордамызда қазақша күрестен «Қазақстан барысы» сайысы өткен палуандардың бозкілем үстіндегі жарысын қалың жұртшылықпен бірге Елбасы да тамашалады. Күрес жеңімпаздарын марапаттауда өзінің ойын білдірді: «Бірнеше жылдан бері елімізде тәуелсіздіктің бір нышаны ретінде «Қазақша күресті» қайтадан жаңғырттық. Бұл біздің салтымызбен, ұлтымызбен бірге қайнаған баяғыдан келе жатқан барлық баланың жас кезден ауылдың сыртына шығып, күш сынасып, отан қорғауға, күшін шынықтыруға, небір амалдарын үйренуге арналған болатын. Сонау хандардан, ата-бабаларымыздан келе жатқан салт бойынша жеңіскер палуанға алтын тайтұяқ тапсыратын болатын. Мен де сол салтты орындай отырып, Бейбіт Ыстыбаевқа биылғы жеңісі үшін осы алтын «Тайтұяқты» тапсырайын деп отырмын. Болашақта қазақтың күрескерлері, ұлы бабаларымыз балуандар Қажымұхан, Балуаншолақ (Нұрмағанбет), т.б. белгілі күрескерлер өткен, қазақтың атын жаңғыртып, әлі күнге дейін тарихта аты қалған осы күрескерлердің ішінен сондай балуандар шығып жатыр деп ойлаймын, бұл біздің күресіміз дүниежүзілік аренаға шығып, Олимпиадалық ойындарда, құрлық ойындарында тарап, еліміздің атын шығарып, қазақтың жеке ұлттық күресі деп саналатын болады. Осы жарысты мен шын жүрегіммен қолдаймын» [16].

Қазіргі өмір талабына сай педагогикалық жоғары оқу орындары білімді ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі зерттеуші, әрі қоғамшыл, әрі ұйымдастырушы педагог-жаттықтырушы даярлау керек екені бәрімізге белгілі [199]. Әр қырлы тәрбиеші, жаттықтырушы даярлау күрделі үрдіс. Ал оған бағыт беруші, жол сілтеуші – білікті, шебер, парасатты ұстаздар.

Сонымен, спорттың ұлттық белгілері бойынша төмендегідей негізгі ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

1. Тілге немесе басқару тіліне қатысты: Қазақ күресінде оқу-жаттығу жұмыстарында, жарыстарда төл тума ұғымдар қолданылады. Бұл ұғымдар жаттығу, жарыс кезінде спортшылардың іс-әрекетін басқарады. Қазақ тіліндегі жарысты ұйымдастыруда қолданылатын ұғымдар оқу материалдарын және білім негізін құрайды.

Басқару - реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге немесе жоюға бағытталған, субъектінің нысанға әрекет ету үдерісі.

Басқару адам іс-әрекетінің түрі ретінде адамдардың бірлесіп қызмет ету пайда болғаннан бар [200]. Сол себепті, біздің төл ұғымдарымыздың шетелдердегі спорт алаңдарындағы жарыс барысында қолдануды қуанышпен есту бар қазақтың арманы.

2. Ұйымдастыруға қатысты (жер аумағы мен экономикалық өмірдің ерекшелігіне сәйкес). Жергілікті жер аумағы ұлттық спортты ұйымдастыруға мүмкіндіктер береді. Оның ішінде бәйге, жамбы ату, қыз қуу, т.б. ұлттық спорт ойындары бойынша.

Ұлттық спорт бойынша ұйымдастырылған бәйге, жамбы ату, қыз қуу, көкпар ойындары, жарыстары кең немесе тар аймақта өтеді және жеңімпаздарды марапаттау әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз етілуіне байланысты болады. Марапаттау материалдық тұрғыдан жүзеге асырылады (жүлдегерге ақшалай немесе заттай бұйымдар беріледі). Сонымен қатар, атақтар беру қарастырылады («Тархан»). Ұлттық спорт түрлері бойынша марапаттаулар жастардың мотивациясын туғызудың құралы болып табылады.

Көкпар ойыны үшін командалық ойын күшейтілген (командамен жұмыс жасау). Ұлттық спорт түрлерін насихаттау жиын-тойда, үлкен астарда жүзеге асырылған. Бұл оған қатысқан барлық жастарға үлгі өнеге болған. Ұлттық ойындарда тек саналылық, тазалық, тәкаппарлық қасиеттері сақталған.

Дене тәрбиесіндегі білім беру мәселелерін, тәжірибелерін және бұқаралық спортты дамытуды арнайы бағытталған іс-шараларды қолдану үшін мемлекеттік заманауи әлеуметтік-экономикалық, Қазақстанның жергілікті географиялық, демографиялық ерекшеліктеріне мән беру керек [201].


3. Әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыруға қатысты.

Халық, ру, ауыл ұлттық спорттың ішінде қазақ күресіне дайындықты жақсы жолға қоя білген. Себебі, қазақ күресінде жеңілген спортшы үшін жеңіліс «Намысты» қорғай алмаған кейіп білдіргендей болған. Күресте ауылдың, рудың «намысы» додаға түсетіндей көрінген. Ұлттық спорт түрлерінде патриоттық, отанға, туып өскен жерге деген сезім күшейтілген.

Ұлттық күресті, атжарыстарын жандандыру үшін ру, ауыл-аумақ болып өзіндік үлесін қосқан. Психикалық даярлық жұмыстары жүргізілген.

Болашақ мамандардың кәсіби дамуы үшін ЖОО оқу үдерісіне болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби құзыретін қалыптастырудың кіріктірілген жүйесін ендіруді талап етеді. Біз кәсібилікке негіз болатын үш жүйені анықтадық: теориялық дайындық, практикалық шеберлік және психологиялық дайындық [202].

Ұлттық спорттың ерекшелік белгілері тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушыларының ықпалын бейнелі түрде 4-суреттен көруге болады (сурет 4).



Сурет 4 – Ұлттық спорт ойындарының болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушыларын қалыптастыру бағдары

Кез келген ұлттық спорт, ойын түрін педагогикалық үдеріске, оқу-жаттығу әрекетіне ғылыми-теориялық тұрғыдан сұрыптамай, негізсіз енгізуге болмайды. Ол үшін оның бағыттылығы назарға алынуы тиіс. Сонда ғана, ұлттық спорттың жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы артады, мүмкіндіктері молаяды.

Ұлттық спорт бағыттылығының мынадай түрлеріне басымдық беріледі, олар:

- әлеуметтік-мәдени;
- практикалық;
- оқыту (немесе үйрету) бағыттылығы.

Ұлттық спорт түрінің әлеуметтік-мәдени бағыттылығы:

- ұлттық мәдениеттің құраушы бөлігі болумен қатар, адамның физикалық және интеллектуалды қабілеттерін дамыту мақсатында қоғам жасайтын және әзірлейтін рухани, материалдық құндылықтар жиынтығын, әлеуметтік іс-әрекетті жинақтайды, қамтиды;


- адам ағзасын, денсаулығын жетілдіруге негізделеді, спорттық-сауықтыру сипатқа ие бола отырып, әлеуметтік ортада бейімдеуге бағыттайды;
- қоғамның әлеуметтік дамуына өзіндік үлесін қосады.

Ұлттық спорт түрінің практикалық бағыттылығы:

- адамның дене күш-қуаттарын (күш, ептілік, жылдамдық, шыдамдылық, т.б.) арттыруға бағытталады;

- ұлттық спорт жаттығулары педагогикалық үдеріс ретінде адамның дене сапаларын тәрбиелеуге, физикалық мүмкіндіктерін дамытуға негізделеді.


Оқыту бағыттылығы білім беру мекемелерінде ұлттық спортты оқытудың/үйретудің мүмкіндіктерін педагогикалық тұрғыдан негіздеумен байланысты. Оны төмендегі суреттен көруге болады (сурет 5).



Сурет 5 - Ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйрету бағыттылығы

5-суретке байланысты оқыту бағыттылығын анықтайтын және сипаттайтын оқу материалдары келесі тарауда ашылып жазылады, оқыту мазмұнын анықтауға бағдар береді.

6-суреттегі ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйрету бағыттылығын құраушылардың болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін, ықпал ететінін, өзара байланысын көруге болады (сурет 6).



Сурет 6 – Ұлттық спорт ойындарын оқытудың болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушыларын қалыптастыруға бағдары

Ұлттық спортты оқыту/үйрету бойынша жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ЖОО оқу жұмыстары барысында:

- ұлттық спорт түрлері бойынша оқыту формаларын ұйымдастыру;
- нақты спорт түрі бойынша оқу-жаттығуды ұйымдастыру;

- ұлттық спорт түрі бойынша жарыстарды әртүрлі деңгейде ұйымдастыру бойынша педагогикалық үдерісті модельдеуді кеңінен жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

Бұл мәселе, өз кезегінде оқу/оқыту үдерісінде педагогикалық тапсырмаларды, оқытудың белсенді әдістерін кеңінен қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, ұлттық спорттың дене тәрбиесі құралы тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерін ұлттық ойын (жарыс, жаттығу) барысындағы іс-әрекет құрылымы элементтерінде қарастырып отырған құзыреттілік құраушыларының дамуға қатысуын түсінеміз. Оның ішінде:

1. Ұлттық спорттық ойындарды (басқару тілін) оқып үйрену – қасиетті ұлттық тіліміздің тілдік қорын дамытуға ықпалы мол. Ойынды, жарыс барысын басқару ұлттық төл ұғымымызды қолданумен жүзеге асырылады. Сол себепті де тіл үйретуді (ұғымдар мен терминдер) білім беру мекемелерінде оқыту мазмұнының құрамды бөлігіне айналдыруымыз қажет.

2. Ұлттық спорт түрлері жеңімпаздарын марапаттау – қазақ халқының барлық спорттық ойындарының жеңімпаздары марапаттаусыз қалған емес. Білім беру мекемелеріне енгізу арқылы осы «дәстүрді» қолға алу керек. Бұл дегеніміз, білім алушылардың ұлттық спортқа ынтасын арттырады.

3. Әлеуметтік-психологиялық ахуалға ұлттық спорттық ойын түрлерінің оң ықпалын пайдалану – ұлттық ойында, жарыс барысында жеке тұлғаға ықпал ететін ұлттық рухты, күшті оқыту үдерісін жетілдіру, жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде пайдалануымыз қажет.

Сонымен қатар, ұйымдастырылған ұлттық спорт түрлері бойынша іс-әрекеттердің болашақ жаттықтырушы-оқытушыда ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктер құраушыларын қалыптастыруға мүмкіндіктері бар екендігін айқындалды.

1 Әдістемелік білім мен іскерліктеріне қатысты: ұлттық спорт түрлері бойынша негізгі ұғымдарды; ұлттық спорттық ойындарды ұйымдастыруда: ұйымдастырудың негізгі шарттары, жүргізудің ережелері, оны жүзеге асыру жоспары, бағдарламасы; ұлттық спорттық ойынның – әлеуметтендіру, рухани құндылықты қалыптастыру құралы, тұлғалық сапаларды меңгерген адамның қалыптасуына әсер етуші құрал болып табылатынын танып біледі.

2. Тұлғалық сапаларға қатысты: ұлттық спорттық ойындарда - моральдық мотивтер (өзінің біліміне, мүмкіндігіне, мінезіне, өзінің іс-әрекетіне, адамдарға деген көзқарасы), танымдық мотивтер (жетістікке жетуге талпынуы, басқалардан көп білуі, шұғылдануы; ұлттық ойын нәтижесі тек қана ойыншыға, оның дайындығына, ұстамдылығына, қабілетіне, шеберлігіне, мінезіне байланыстылығы; жетістік жағдайы танымдық дамуына қолайлы эмоционалдық қалып туғызуы; сәтсіздік жеке жеңіліс болып қабылданбайды, ал ұлттық спорттық ойындағы жеңіліс танымдық іс-әрекетке жағдай жасауы (ішкі теріс мотив туғызуы); ұлттық спорттық ойын іс-әрекеттің ойлану қабілеті

белсенділігін арттыруы, т.б.) көрініс табады және жеке тұлғалық сапалардың қалыптасуы жүзеге асырылады.

3 Ұйымдастыру қабілетіне қатысты: ұлттық спорттық ойынға дайындық жүргізу (жоспарлауы, мөлшерлеуі), ұжымдардың, топтардың және оқу материалдық база мүмкіндіктерінің қарастырылуы, бірлескен ұжымдық іс-әрекет жасауға дағдылану болашақ маманның жеке мінез-құлқының, ұйымдастыру қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысымызға байланысты келесі тақырыпта ұлттық спорт түрлері бойынша құзыреттілік құраушыларын қамтыған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі қарастырылады.

1.3 Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі

Зерттеу тақырыбына байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделін анықтау бірқатар ұғымдардың мәнін айқындауды талап етеді. Олардың қатарында «қалыптастыру», «қалыптасу», «модель» ұғымдары бар.

С.И.Ожеговтың сөздігінде «қалыптастыру» ұғымы: 1) Белгілі пішінді беру, аяқталғандықты білдіреді. 2) Құрастыру, шығару, ұйымдастыру болып табылады [72]. Осы тұрғыдан алғанда қалыптастыру іс-әрекетті ұйымдастыруға, белгілі кейіпті, үлгіні құрастыруға сәйкес келеді.

Педагогикалық еңбектерде “қалыптастыру” ғылымаралық ұғым ретінде қарастырылады. Адамға қатысты “Қалыптасу – экологиялық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және басқа да барлық факторлардың ықпалымен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде адамның пайда болу үдерісі” [203, с. 28]. Қалыптасу адамның қандай да бір жеке тұлғалық толысуы, кейіпке ену орнықтылығы деңгейінің нәтижесі.

«Формирование» ұғымы қазақ тілінде: «қалыптастыру» және «қалыптасу» бойынша қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Қалыптастыру – баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігін, өзінің тағдырына өзі үкім ете білуін және өз мінез-құлқын жөнге сала білуін, сондай-ақ дүниемен өзінің қарым-қатынасын түсінуін меңгерту» – деп берілген. Аталған сөздікте «қалыптасу – операнттық мінез-құлықты біртіндеп жасау. Көңілдегі нәтижеге жақындайтын кезектес қадамдарды бекіту арқылы мінез-құлықтың қарапайым моделін күрделі моделге өзгертеді» – деп мазмұндалған [74, б. 126].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қалыптасуға байланысты төмендегідей сөз тіркестерін көруге болады: «Қалып алды – бір нәрсеге дағдыланды, төселді» [74, б. 466]. Бұл сөз тіркестері адамның іс-әрекеті нәтижесінен алынған көрсеткішті аңғартады.

Сонымен “қалыптастыру” ұғымы сыртқы факторлар арқылы ішкі сапалық қасиеттерді орнықтыруда көрініс табатындығымен сипатталады. Ал

“қалыптасу” болса, негізінен ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылады және іс-әрекет нәтижесімен анықталады. Педагогикалық үдеріске, оның ішінде педагог пен білім алушыға қатысты қалыптастыру мен қалыптасу ұғымдары мен оның аясындағы іс-әрекеттердің өзара байланысы мен ықпалының бар екендігін көруге болады.

«Қалыптасу» – адамды қоршаған экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. барлық факторлардың түгелдей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу үдерісі. Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады [204].

«Педагогикада «қалыптастыру» ұғымы педагогикалық өзара байланыстағы «оқыту – білім беру – тәрбиелеу – шығармашылық іс-әрекет – даму – қалыптасу» категорияларының негізінде ашып көрсетіледі [205, б. 79].

ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті (психомоторлы дағдыларды) және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайды және оқыту мен оқу үдерісінде орындалады [94].

Жоғарыдағы баяндаулардан қалыптастыру меңгертумен, қалыптасу меңгеру іс-әрекеттерімен байланыстылығын көреміз. Меңгеру дегеніміз – жинақталған әлеуметтік тәжірибенің тұлғаның жеке басының игілігіне айналуы және сол арқылы тұлғаның жеке басының қасиетіне айналуы (Лернер И.Я., Краевский В.В.) [122], білімді өзіндік ету дегеніміз – түсіну, есте сақтау және қолдана білу (Яковлев М.Н, Сохор А.М.), бұрынырақ түсінгенді және есте сақтағанды практикада пайдалану мүмкіндігі (Платонов К.К.).

Сонымен, ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру оның құраушыларын қалыптастырумен, меңгертумен байланысты. Құзыреттіліктің құраушысының бірі – білім. Осыған байланысты білімді меңгеру дегеніміз – айнала қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың өзара байланыстары мен тәуелділіктері, даму заңдылықтары жөніндегі объективті ақпараттарды (оқу материалын) ұғып, түсіну, есте сақтау және оларды сөзбе-сөз қайталап айтып беру, жаңғырықтыру ғана емес, сонымен бірге оларды жеке, субъективтік іс-әрекетке (танымдық және практикалық іс-әрекетке) белсенді түрде пайдалану. Демек, танымдық және практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруда білімді қолдану оны меңгерудің жаңа әрі жоғары сатысы болып табылады [206]. Сонымен, білімді игеру деп – ғылыми ұғымдарды, фактілерді және басқа да мағлұматтарды (өз бетінше және мұғалімнің көмегімен) алу, бекіту және қолдану үдерісі түсіндіріледі.

Іскерлікті (психомоторлы дағдыны) қалыптастыру деп – білім алушының белгілі әрекетті (әрекеттер жиынтығын) тез, дәл және сапалы орындауға дайындау үдерісі түсіндіріледі. Бұл үдеріс Педагогтың бағыттауымен (түсіндіру, көрсету, қатені түзеу және т.б.) білім алушының өзінің белсенді іс-әрекетінен тұрады.

К.К.Платонов өзінің еңбегінде жеке тұлғаны қалыптастыруға қатысты пікірін төмендегіше білдіреді: «Жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаны дамыту түрі (оның екінші толысуы): жеке тұлғаның психологиялық динамикалық функционалдық құрылымын, бастысы сыртқы ықпал етумен оның мазмұнын өзгерту. Жеке тұлғаны қалыптастырудың бірнеше түрі бар және олардың әрқайсысының иерархиялық деңгейі: машықтану, жаттығу, оқыту мен тәрбиелеу үшін анықталуы өзгеше. Қабілетті қалыптастыруға тән жеке тұлғаны қалыптастырудың талдап қорытындыланған түрі психологиялық дайындау және психологиялық жұмылдыру болып табылады» [207, с. 161].

Ал, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру оның даярлығымен және оны жүзеге асыратын дайындау үдерісімен байланысты болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлау ЖОО жүзеге асырылады және ол жылдар бойына даму жағдайында өтеді. Біз зерттеуімізге байланысты болашақ педагогикалық мамандықтарды даярлау барысына назар аударамыз және зерттеуімізде қарастырамыз.

Педагогикалық іс-әрекеттегі мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру бағытындағы заңдылықтарын Н.В.Кузьмина, А.И.Щербаков және басқалар зерттеді [33, с. 208]. Олардың пікірінше, мұғалімнің жетістігі көбінесе олардың қабілеттігіне байланысты. Зерттеушілер тарапынан мұғалім шеберлігі компоненттерін құраушы педагогикалық қабілеттерді тануға терең талдау жасалынған, оның ішінде: сабақ құрылымына, педагогикалық мақсаттың айқындылығына, оқушылардың түрлі даму шараларына бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыруына, оқушылармен тіл табысуына, жан-жақты, терең білімді педагогикалық құрылымдарға аса мән берілген.

Сонымен, біз зерттеудің мақсатына, міндеттері мен болжамына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру дегенімізді оқу-тәрбие үдерісі оқу курстары мен жұмыстарының траекториясы мүмкіндіктерін жүзеге асыру үдерісін түсінеміз. Оны қалыптастыру үшін педагогика ғылымында кеңінен қолданылып жүрген модельдеу әдісін қолданамыз.

Академик В.Г.Афанасьев: "модель ықшамдалған объектінің немесе құбылыстың айқын түрде сызбаға түсірілген бейнесі"- деп атап көрсетеді [209].

«Модель» термині, латынның «modules» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді деп көрсетілген [210]. Қазақша-орысша аударма сөздікте «Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Модель» - бір нәрсенің үлгі макеті. Қазіргі заманға сай жаңалау, жинақтау деген түсінік береді [211]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель – үлгі, макет» - деп беріледі [74, б. 596]. Ал «Нобай – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы».

Философиялық сөздікте «Модель» - зерттеу үшін арнайы жасалған объектіде, басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Объектінің өзін тікелей зерттеу мүмкін болмаса, қиын қымбатқа түссе не көп уақыт жұмсауды қажет ететін болса, онда модельдеу қажеттігі туады. Модельдердің негізгі

артықшылығы – олардың қолайлылығы, шапшандығы және зерттеуге кететін шығынның аздығы [212].

Философтардың пікірінше «модель» - деп, объект туралы жаңа ақпарат беруге қабілетті ауыстыратын объектіні бейнелейтін немесе тудыратын материалдың жүзеге асқанын немесе ойша бейнеленген зерттеу жүйесін айтады [211]. Модель түсінігін қалыптастыру үшін, ең алдымен оның қайда «жұмыс істеу» қажеттігін түсініп, ол қандай талаптарға жауап беретіндігін шешіп алу қажет.

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: Біріншісі – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, екіншісі – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады.

Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін оқушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді [213].

Модельдеу үдерісі барысында танымның өзіндік тәсілінде бір жүйе (зерттеу объектісі) басқаға (модельге) өзгереді деп түсіндіріледі.

Сонымен, модель деп, зерттеу қиындық тудыратын немесе мүлдем мүмкін емес құбылыстарды (затты, үдерісті, ситуацияны және т.б.) зерттеу үшін оларға ұқсас басқа құбылыстарды зерттеу үшін жасанды түрде құбылысты (зат, үдеріс, ситуация және т.б.) құру түсіндіріледі [125].

Модельдеу қандай да бір құбылысты, үдерістерді немесе объектілер жүйесін олардың моделін тұрғызу жолымен зерделеу анықталады. Модельдеу ғылыми таным әдісі ретінде объекті дамуының соңғы нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Модельдеу – зерттеу әдісі, жобалау, конструкциялау ретінде ғылымда кең қолданыс тапты. Модельдеу – көбінесе қандай да бір құбылысты, үдерісті немесе объектілер тұрғызу арқылы және олардың модельдерін оқып үйрену арқылы зерттеу болып табылады.

Модельдеу - ғылыми танымның әдісі ретінде құбылыстың дамуын, соңғы нәтижесінен озық болжап білуге мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан қалыптастырылған ережелердің өзі азаматтық заңдар мен заңдылық актілердің жеке-дара көрінетін моделі болып табылады (Е.А.Климов) [214, с. 80]. Қандай да бір кітаптың мазмұны оның моделі ретінде қарастырылады. Сондықтан да, модель қандай да бір объектінің немесе құбылыстың, үдерістің өмір сүруі мен жүзеге асырылуының сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Модель, негізінен, модельдеудің барысында жүзеге асырылады. Педагогикалық тұрғыдан зерттеліп отырған сапаны қалыптастыру моделін сызба түрінде де, мазмұндық сипаттама ретінде де беруге болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық жүйеде жүзеге асырылады және қалыптастыруды моделдеу педагогикалық жобалау тұрғысынан қарастырылады. Педагогикалық үдерісті моделдеу педагогикалық жобалаудың сатысы және нәтижесі болып табылады.

С.Н.Жиенбаева педагогикалық үдерістің құрылымдық элементтерін төмендегідей бірліктерден тұратынын атап көрсетеді: мақсаты, ұстанымдары, мазмұны, әдістері, құралы және формалары [215].

“Педагогикалық жүйе – оқыту мен тәрбиені жүзеге асыруда оны құраушылардың өзара байланыстағы элементтердің бірлігі” – деп білеміз. В.П.Беспалько кез келген педагогикалық жүйе құрылымының жиынтығы ретінде мыналарды анықтаған: 1 - оқушы; 2 – тәрбие мақсаттары (жалпы және жеке); 3 – тәрбиенің мазмұны; 4 – тәрбие үдерістері (жеке тәрбие мен оқытудың); 5 - мұғалім (немесе техникалық оқытудың құралдары); 6 – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары. Бұл жүйенің әрбір бірліктерін бөлшектеуге болады [216, с. 6-7].

И.П.Подласыйдың еңбектеріне сәйкес В.П.Беспальконың келтірген педагогикалық жүйенің негізгі элементтері құрылымына: 1 - оқытудың нәтижелерін; 2 – оқу-тәрбие үдерісін басқару; 3 – педагогикалық технологияны қосу керектігін атап көрсетеді [203].

Сонымен, В.В.Беспалько мен И.П.Подласыйдің еңбектеріне сәйкес педагогикалық жүйенің негізгі элементтері: тәрбиенің мақсаты; тәрбие мазмұны; тәрбиенің формалары, әдістері мен құралдары, педагог (тәрбиеші, мұғалім, ата-ана немесе оқытудың техникалық құралдары), оқушы (білімгер, студент, т.б.), басқару, технология, нәтиже.

Педагогикада тұғыр танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің ерекше түрі, зерттелетін үдерістің зерттеу стратегиясы, зерттеушінің ұстанымын анықтайтын, негізгі құндылықтық бейімділігі болып табылады [217]. В.А.Беликов әдіснамалық тұғырды «зерттеу затын таңдауды анықтайтын, теориялық негіздеме, зерттеу қоры; зерттеу мақсатын, міндетін қарастыру; міндеттерді орындау және алынған нәтижелерді бағалау үдерісі ретінде» қарастырады [218]. Осы зерттеудің әдіснамалық тұғырлар жиынтығын жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғаға-бағдарлық тұғырлар жиынтығы ретінде елестетуге болады.

Жүйе ретінде педагогикалық үдерісті зерттеуге негізделген жүйелілік тұғырды сипаттаймыз. Жүйелілік тұғыр бұл зерттеуде келесі мүмкіндіктерді береді:

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін өзара байланысты және өзара негізделген элементтерден тұратын, тұтас жүйе ретінде қарастыру;

2. Бұл жүйенің мақсаттарын айқындау;

3. Жүйені қалыптастырған құраушылардың құрамын анықтау, құраушылар мен олардың арасындағы жүйе қалыптастыратын байланыстарды сипаттау, жүйе қызметтерін, қарастырылған үдерістің деңгейлері мен кезеңдерін анықтау.

4. Жүйенің жұмыс жасауының динамикасын анықтау.

Алғашқылардың бірі ретінде А.Н.Новиков педагогикалық жобалауды педагогикалық жүйеде қарастыра отырып, оның ішінде білім беру мақсаттарын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, құралдарын және ұйымдастыру формаларын көрсетеді [219]. В.С.Безрукованың ойы бойынша педагогикалық

жобалау үдерісін ұйымдастыру барысында ескерілетін жүйенің негізгі белгілеріне жұмыс жағдайларын қамтамасыз ететін құраушылар арасында байланыстар мен тәуелділіктердің болуы жатады. Автордың пікірі бойынша, тағы бір жүйе қалыптастырушы белгі болып табылатын мақсаттар, жобалаудың жетекші идеялары барлық құраушыларды біріктіру үшін қажет. Нәтижесінде құраушылардағы ортақ қасиеттердің қалыптасуы жүйенің белгісіне айналады [220].

Осылайша, жүйе ретінде көптеген құраушылар мен элементтерден тұратын, көп деңгейлік білім беру күрделі объект ретінде түсіндіріледі. Элемент ретінде жіктеу тәсілі барысында бөлінбейтін, жүйенің ұсақ құраушылары аталады. Құраушылар нақты қызметтердің орындалуын қамтамасыз ететін және мақсатқа жеткізуге қатысты, жүйенің кез-келген бөлігі.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру моделін жобалау барысында ескерілетіні, В.А.Якуниннің ұстанымы бойынша педагогикалық жүйе «жүйелі объект» ретінде жан-жақты қарастырылуы мүмкін, автор оны бөлу үшін көптеген қағидалар мен белгілерді қарастырады [221]. Автордың зерттеулері бойынша белгілерді таңдау зерттеу міндеттерімен, мақсаттарымен, зерттеушінің ерекше тәсілімен немесе көзқарасымен анықталады.

Педагогикалық үдерістің құрылымы туралы түсініктерге сүйене отырып, келесі құрылымдық блоктар анықталады: мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастыру-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік. Әр құраушының құрамында жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшелігін көрсететін, элементтер (қағидалар, мазмұн, формалар, оқыту әдістері, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі қалыптастырылуының өлшемдері, білім беру шарттарының кешені және т.б.) бар. Бұл зерттеу жұмысындағы жүйелілік тұғыр білім беру қызметін атқаратын, жүйелерді талдауды қарастырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде құзыреттілік тұғыр назарға алынады.

Оқыту мазмұнын игерудің басты шарты ретінде іс-әрекеттік тұғыр қарастырылады. Оқытудағы іс-әрекеттік тұғыр тұжырымдамасы туралы көптеген ғалымдар жазды. Л.С.Выготский [222], П.Я.Гальперин [154], В.И.Загвязинский [223], С.Л.Рубинштейн [224], В.А.Сластенин [109], Н.Ф.Талызина [225], Д.Б.Эльконин [226] және т.б.

Қазіргі таңда философия мен психологияда дайындалатын әдіснаманың іс-әрекеттік тұғыры педагогика саласында белсенді қолданылуда. Бұл тұғыр оқытушылар мен білім алушылардың іс-әрекеттерінің механизмін түсіндіру барысында қолданылып келеді (И.Я.Лернер) [227]. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу барысында іс-әрекеттік тұғырдың ерекшелігін ескереміз, нақтырақ айтқанда [228]:

- білім алатын жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін арнайы ұйымдастырылған оқыту іс-әрекетінде қалыптастыру: тікелей кәсіби іс-әрекет үдерісінде жұмыс орнында оқыту;

- педагогикалық іс-әрекетті білім беру үдерісі субъектілері серіктестіктерінің интеграциялық сипаттамасы ретінде қарастыру;

- оқыту үдерісін білім алушылардың әртүрлі іс-әрекет түрі мен белсенділігінің үздіксіз ауысуы ретінде анықтау.

Жобаланатын модель шеңберінде негізгі мақсат оқытудың түрлі кезеңдерінде өзіндік іс-әрекеттерін белсенді ету арқылы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Білім беру іс-әрекетінің мазмұны келесі ретпен құрылады: ұйымдастыру-әдістемелік білімдерді меңгеру, қолдану бойынша іскерліктерді игеру, кәсіби педагогикалық іс-әрекетте шығармашылық тұрғыдан қолдану.

Педагогикалық үдерісте оқыту түрлері және әдістері көрініс табады: оның негізіндегі «белсенді әдіс» әрбір жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша және оны оқыту өз білімі мен кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерін көкейкесті ету керек. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетінің контекстінде іске асырылатын іс-әрекеттік тұғыр оның жоспарын, құндылық бағдары мен субъективтік көрсеткіштерін ескере отырып, тұлғалық-бағдарлықпен сәйкес келеді. Зерттеушілер (В.А.Беликов [218], Е.М.Бондаревская [229], А.Я.Найн [230], Г.М.Романцев [231], И.С.Якиманская [232] жеке тұлғалық-бағдарлық кәсіби білім берудің келесі қағидаларын бөліп көрсетеді:

- білім алушының даралығының, өзіндік құндылығының басымдықтары;

- кәсіби білім беру озыңқы сипат алады;

- оқу-кеңістігі ортасының ұйымдастырылуы кәсіби білім беру үдерісінің әрекеттілігін қамтамасыз ету қажет;

- тұлғалық-бағдарлық кәсіби білім беру білім алушының жеке тәжірибесіне, оның өзін жетілдіру қажеттілігіне және өзіндік дамуына барынша бағытталады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жобалау идеясының деректеріне сүйене отырып, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың жеке қабілеттерін кәсіби іс-әрекетке сәйкес дамытып, іс-әрекеттің жеке мәні бар тәсілдерді қалыптастыруға септігін тигізу керек [232, б. 17].

Зерттеу жұмысында мәселенің осылайша қойылуының мәні жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің барлық құраушыларын, (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік) білім алушы тұлғасын, оның қажеттілігін, мақсаттарын, қабілеттерін, белсенділігін, интеллектілігін және басқа да жеке-психологиялық ерекшеліктерін жүзеге асырады. Бұл, біріншіден, оқу жағдайларында білім

алушының өзін көрсетуін қамтамасыз етеді, оның тұлғалық өсуі мен өзін көрсетуге жағдай жасайды. Екіншіден, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогтармен субъект-субъект қарым-қатынасында болуы олардың белсенділігін, оқу іс-әрекетіне дайындығын қалыптастырады.

Жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттігін қалыптастыру жобаланатын моделде әдістер мен формаларда тұлғалық-бағдарлық тұғырдың көрініс алатындығын қарастырылады. Оқыту әдістері мен формалары болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі компоненттерінің құрамы оның өлшемдерін анықтауға және оларға сипаттама жасауға мүмкіндік берді (кесте 7).

Кесте 7 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі көрсеткіштері

Құраушылар	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық-құндылық	Мотивтер бағыттылығы; өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.	1. Ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеттерді меңгеруге мотивінің және қызығушылығының болуы; 2. Өзін-өзі дамытуға ұмтылысы; 3. Жаттықтырушы-оқытушыға тән жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруы
Танымдық (когнитивті)	Педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, арнайы пән (ұлттық спорт) білімдерін меңгеруі.	1. Пәнді (спорт түрлерін) білуі мен түсінуі; 2. Алған білімді практикада қолдануы.
Іс-әрекеттік	Ұйымдастыру-әдістемелік іскерліктер мен іс-әрекет тәсілдерінің меңгеруі	1. Оқытуды, спорт түрлерін үйретуді жобалау іскерлігі. 2. Спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі. 3. Спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттерді жүзеге асыруы.
Рефлексивтік-бағалау	Орындалған іс-әрекеттерге баға беру	1. Ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетіне, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізу, өзіндік баға беру

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің құраушы аспектілері болашақ маман тұрғысынан төмендегідей құраушылардан тұрады:

- мотивациялық-құндылық;
- танымдық;
- іс-әрекеттік;
- рефлексивтік-бағалау.

Мотивациялық-құндылық құраушы – жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлерін оқытуға, үйретуге қызығушылығының туындауын, мотивінің болуын, өзіндік білім алуға, дамытуға ұмтылысының; жаттықтырушыға тән жетекші ерік сапаларының болуын сипаттайды.


Танымдық құраушы – болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың психология, педагогика, ұйымдастыру, әдістеме және ұлттық спорт түрлері бойынша білімі мен ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушыларды танып білуі; алған теориялық білімдерін практикада қолдануын көрсетеді.

Іс-әрекеттік құраушы – ұлттық спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігіне тән ұлттық спорт түрлерін үйретуді ұйымдастыруы, ұлттық спортты оқыту үдерісінде тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі, ұлттық спорт түрлерін оқытуды жүзеге асыруы.

Рефлексивтік-бағалау - жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша жүзеге асырған ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетіне, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізу, өзіндік баға беру.

Зерттеуімізде теориялық модельдеу әдісін басшылыққа алып, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделін 7-суреттегідей анықтадық. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі келесі блоктардан тұрады: мақсаттық; мазмұндық; ұйымдастыру-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелілік.

Бәрінен бұрын мақсаттық блок мазмұнында болашақ маманды даярлауға қойылатын әлеуметтік сұраныстың болуы мен жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мақсаты қарастырылады.



Сурет 7 - Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі әдіснамалық тұғырлар ерекшеліктерін көрсететін жалпы дидактикалық және кәсіби білім беретін қағидаларға негізделеді. Төменде солардың негізгілерін қарастырамыз:

- оқытудың жүйелілігі мен бірлігі қағидасы меңгерілетін ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйрету үдерісінің ерекшелігі туралы тұтас пікірін болашақ жаттықтырушы-оқытушыда қалыптастырылғанын анықтайтын, ЖОО педагогтарының оқытудың құрылымдық құраушылары бағдарламалары мен оқу курстары арасындағы пәнаралық және пәнішілік байланыстардың болуын білдіреді;

- оқытудың ғылымилық қағидасы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға ұлттық спорт түрлерін оқытуға ұйымдастыру-әдістемелік іскерлігін қалыптастырудағы оқыту мазмұны абстрактілі емес, нақты сипат алып, кәсіби білім берудің белгіленген міндеттерін іске асыру үшін қажетті ғылыми білімдер жүйесін көрсетуі тиіс, сонымен қатар, білімді меңгертуде студенттердің дербес ерекшеліктерін ескеру қажет;

- білім алушылардың саналылығы мен шығармашылық белсенділігі қағидасы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың меңгерілетін оқу материалы мазмұнын түсінуі және оқуға саналы қарым-қатынасын, оқу-тәрбие үдерісінде белсенді болуды, оқу материалдарын шығармашылықпен өңдеуді, білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды қолдануды қарастырады;

- оқытудың біріккен сипаты мен білім алушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу қағидасы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқыту топтарын бірыңғай ұжым ретінде ұйымдастыруды, барлық білім алушылардың белсенді жұмысы үшін жағдай жасауды және тұлғалық ерекшеліктердің дамуы мен сәтті білім алуы мақсатында жеке тәсілді қолдануды қамтиды;

- сабақтастық қағидасы оқыту мазмұнына, оны оқыту формалары мен тәсілдеріне, оқу-тәрбие үдерісіндегі субъектілердің стратегиялары мен амалдарының өзара әрекеттесуіне, білім алушылардың жеке тұлғалық жаңа түзілімдеріне қатысты танымның кезеңдерімен (сезімдік пен логикалық, саналы және санасыздық), өзара байланыстарға негізделеді, үйлестіріледі;

- кәсіби оқытудың модульділік қағидасы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спортты оқытуға қажеттіліктері мен қызығушылықтарына орай білім берудің мазмұндық нұсқаларын жүзеге асыруға мүмкіндікті береді. Модульдік қағида негізінде құрылған бағдарламаларды қолдану оқу материалының бөлімдерін бір-бірінен тәуелсіз құрауға мүмкіндік бере отырып, оның иілімділігін қамтамасыз етіп, бірыңғай мазмұнды бұзбай отырып, оны кез-келген логикалық ретте қайта құрауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының авторы білім алушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін сәтті қалыптастыру мәселесі оқытылатын тақырып бойынша ол курстың бағдарламалық талаптарымен үйлестірілген болса, онда табысты нәтиже беретінін атап өтеді. Білім

алушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігіне қойылатын бағдарламалық талаптар оның материалдық аспектісін түзетін, меңгерілетін ұғымдарға сәйкес және шартты түрде модельдерге топтастырылған болуы қажет.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру және жүзеге асыру күрделі үдеріс болып табылады және оны жүзеге асырудың тәсілдерін оқыту әдістемесімен байланыстыру қажет. Оның ішінде, талдау, жинақтау, ұқсастықтар бойынша қорытынды шығару, білім алушылардың ойлауын қамтамасыз ету, өздеріне, өзіне және өзінің болашағына жауапкершілікпен қарауға қол жеткізу мәселелері қамтылуы тиіс.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үшін шарттар белсенді оқыту формаларын қолданумен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, келесі дидактикалық талаптар ескерілгені дұрыс.

1. Басты теориялық біліммен қамтамасыз ету. Бұл талап, әрбір оқу курсының мазмұнын игеру арқылы білімгерлерді негізгі пән мазмұнын игеруде жалпы жоспарланған құзыреттер немесе олардың құраушыларымен қамтамасыз ету үшін дидактикалық үдерісті ұйымдастыруды дұрыс жоспарлауға бағыттайды. Бұл, білімді терең беру және интеллектуалды қабілет, сонымен қатар әдістемелік тұрғыдан дайын өзіндік жұмысты ұйымдастыру кешенінде теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы жүзеге асады.

2. Оқу жүйесінің білім, тәрбие және дамыту функцияларының біркелкілігін сақтау. Оқыту дидактикалық үдеріс ретінде тек білім беру емес, сонымен қатар ақыл-ой қабілеттерін дамыту, ойлау машығын қалыптастыру, тағы басқа ар, жауапкершілік, шыншылдық, таңдалған мамандығын мақтан ету сияқты көптеген адами болмыстарды дамытады. Бұл талапты жүзеге асыру білімді сезім мен эмоция арқылы нанымға айналдыруға апарады.

3. Оқу танымдық әрекеттің дамуы және жаңа білім алу мен оқу мазмұнын игеру қажеттілігі сияқты оқуға деген қызығушылық арасындағы қатынасты көрсететін оқу жүйесіне деген оң көзқарасты ынталандыру және тудыру.

4. Оқыту жүйесінде проблемалық талапты ұстану шығармашылық қабілетін дамытуға қатысты заңдылық болып табылады. Тәжірибені, оқыту мазмұнының бір түрі ретінде игеру - арнайы құрылған проблемалық жүйе мен проблемалық жағдайды өз бетінше шешуге мүмкіндік тудыратын құзыреттілікке бағытталған талаптарды шешуге субъектіні қоспай іске аспайды.

5. Әріптестік оқу жұмысын, оқытудың мазмұнына сәйкес мақсатты үйлесім, өзіндік жұмыстың тиімділігі мен маңыздылығын көтеру сияқты жеке әдіспен ұштастыру.

6. Оқытудың тұлғаны белсендіруге бағытталуы, субъективті тәжірибені өзіндік ерекшелік пен құндылық ретінде қабылдау, білім алушылардың тәжірибесіне максималды сүйену арқылы педагогикалық ықпал құрау, оқу жұмысын талдау жолдары арқылы білім алу үшін тұлғалық ерекшелік ашу.

7. Жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілеті мен білімді өз бетінше алу қажеттілігін құру үшін өзіндік білім алу, өзіндік талдау және өзіндік даму қабілеттерін дамыту.

8. Оқу орындарының оқу-ақпараттық және оқу-өндірістік, оқу-жаттығу базаларының оқу мазмұнына сәйкестілігі. Бұл талаптардың іске асуы, осы базалардың құрылуы педагогтар жасаған білім беру бағдарламаларының ғылыми-педагогикалық талаптары негізінде жүргізілсе ғана мүмкін.

9. Оқыту жүйесінде сенімді, мықты кері байланысты орнату. Бұл үшін, білім алушылардың белсенділігін ұйымдастыруда дәстүрлі әдістер мен құралдарды қолдану да, құзыреттілік қалыптастыру мақсатында инновациялық, белсенді әдістерді қолдану да қажет.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда бірінші шартты жүзеге асыруда қолданылатын оқытудың белсенді әдістеріне мыналар кіреді:

1. IT әдісі – Интернет ресурстарына мүмкіндік алу үшін, ақпараттық білімін кеңейту мақсатында оқу бағдарламаларын қолдану үшін, ақпаратты өңдеу мен жіберу жылдамдығын үдейту үшін, ақпаратты білімге айналдыру мақсатында трансформациялау тиімділігі үшін компьютер қолдану;

2. Командада жұмыс жасау (коучинг) – жаттықтырушы-оқытушылардың, жалпы тапсырманы шешу үшін жауапкершілік пен өкілдікті бөлісіп лидердің бастамасымен топта немесе бірігіп жұмыс жасауы.

3. Casestudy – арнайы маманданған саласында шынайы орын алған проблемалық жағдайларды талдау, және оның дұрыс шешімін табу үшін ізденіс.

4. Ойын – жаттықтырушы-оқытушылардың шынайы рөлмен, әртүрлі жұмыс орындарында мамандардың міндетін орындау арқылы кәсіби іс-әрекетін көрсету.

5. Проблемалық оқыту – жаттықтырушы-оқытушыларды, арнайы бір мәселені шешуде білімді өздері табуға ынталандыру.

6. Мәтіндік оқыту – жаттықтырушы-оқытушылардың, арнайы білім мен оны қолданыс арасындағы байланысты ажырату арқылы білім алуға ынталандыру.

7. Тәжірибе сүйене оқыту – жаттықтырушы-оқытушылардың, өздерінің тәжірибесін оқып жатқан пәнімен сәйкестендіру арқылы танымдық қабілетін белсендіру.

8. Тұлғалық оқыту – жаттықтырушы-оқытушылардың, жеке оқу жоспары мен студенттердің қалауы мен қызығушылығын ескере отырып құрылған бағдарламалар негізінде жеке білім траекторияларын құруы.

9. Пәнаралық оқыту – әртүрлі саладағы білімдерін қолдану, оларды нақты мәселені шешуде топтастыру мен бағыттау.

10. Жеке немесе топтық жұмыстардың түрлері мен жобаларды шешу.

11. Озық өзіндік жұмыс – жаттықтырушы-оқытушылардың, жаңа материалды оқытушы лекция немесе басқа аудиториялық сабақтарда ұсынбас бұрын игеруі.

Келесі шарт педагогикалық тапсырмалардың түрлерін әзірлеумен байланысты. Бұл шарттың жүзеге асырылуы зерттеу жұмысының 2.2 тармақшасында кеңінен ашып көрсетіледі.

Элективті курстар мазмұнын және пәндерге қосымша курс мазмұнын енгізу келесі тақырыпшада қарастырылады. Дайындалған курстың модульдік интеграциясының негізіне жүйелік тәсіл жатады.

7-кестеге сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік бойынша анықталған көрсеткіштерді деңгейлерге бөлу қалыптасу деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Даярлықты анықтау үшін критерийді белгілеу басты мәнге ие.

Критерий (көне грек. κριτήριον – ажырату (айырмашылықты табу) қабілеттілігі, талқылау, өлшеу құралы) – қойылатын талаптарға сәйкес қандай да нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау белгілері, негіздері, тәртібі. Білімнің шын (нағыз) критерийін ерекше бөліп көрсетеді. Логикалық (формальды) және эмпирикалық деп ажыратады. Критерий көрсеткішке сәйкес анықталады.

Көрсеткіш – объекті немесе үдеріс қасиеттерінің талдап қорытылған қасиеттері. Көрсеткіш теориялық ережелерді (қағидаларды) эмпирикалық мәліметтер көмегімен тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әдіснамалық құралдар ретінде көрінеді.

Көрсеткіштерді:

- анықталған бар немесе жоқ қасиеттерді тіркейтін сапалық;
- анықталған қасиеттердің дамуын көрсететін өлшемді тіркейтін сандық деп ажыратады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері:

Жоғары деңгей: – ұлттық спорт түрлеріне қызығушылығы жоғары, оған құндылық ретінде қарайды; ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеттерді меңгеруге мотиві мен қызығушылығы айқын көрініс табады; ұлттық спорт түрлерін зерделеуге және оқытуды ендіруге даярлығы жоғары; өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы айқын; жетекші ерік сапалары айқын көрініс табады;

- психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік және ұлттық спорт түрлері бойынша білімі терең; ұлттық спорт түрлері, психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік білімдерін жинақтау деңгейінде меңгерген;

- ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйретуді ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды жүзеге асыруы, ұлттық спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетін ұйымдастыруы шығармашылық сипат алады; ұлттық спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттерді толық мәнді жүзеге асыруы;

- ұлттық спортты оқытуды жүзеге асыру іс-әрекеттерін талдауы жоғары және өзіндік толық мәнді баға беруі.

Орта деңгей: – ұлттық спорт түрлеріне қызығушылығы жақсы, оған құндылық ретінде қарайды; ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеттерді меңгеруге мотиві мен қызығушылығы толық мәнді емес; ұлттық спорт түрлерін зерделеуге және оқытуды ендіруге толық мәнді емес; өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы тұрақты емес; жетекші ерік сапалары толық мәнді көрініс таппайды;

- психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік және ұлттық спорт түрлері бойынша білімі толық емес; ұлттық спорт түрлері, психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік білімдерін қолдану деңгейінде меңгерген;

- ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйретуді ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды жүзеге асыруы, ұлттық спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетін ұйымдастыруы бағдарламалық сипат алады; ұлттық спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттерді толық мәнді жүзеге асыра алмайды.

- ұлттық спортты оқытуды жүзеге асыру іс-әрекеттерін талдауы жақсы және өзіндік толық бағалау үлгісі бар.

Төмен деңгей: – ұлттық спорт түрлеріне қызығушылығы төмен, оған құндылық ретінде қарамайды; ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеттерді меңгеруге мотиві мен қызығушылығы жоқ; ұлттық спорт түрлерін зерделеуге және оқытуды ендіруден хабарсыз; өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы жоқ; жетекші ерік сапалары көрініс таппайды;

- психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік және ұлттық спорт түрлері бойынша білімі үстірт; ұлттық спорт түрлері, психологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік білімдерін білу деңгейінде меңгерген;

- ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйретуді ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды жүзеге асыра алмайды, ұлттық спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетін ұйымдастыруы төмен; ұлттық спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттері төмен;

- ұлттық спортты оқытуды жүзеге асыру іс-әрекеттерін талдауы төмен және өзіндік баға беру әлсіз орын алады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық жүйеде жүзеге асырылатын болғандықтан, оны күшейту үшін әртүрлі шарттар болуы тиіс. Олардың бастысы педагогикалық шарт.

Кез-келген объект басқа объектілермен сансыз көп шамада тікелей және жанама қатынаспен байланыста болады. Сонымен қатар, шамада бірнеше объектілердің тұйықталған минималды жиынтығы объектіге қатысты өмір сүреді, яғни берілген объектілер қажетті болып табылады. Мұндай жиынтық “шарт” деп аталады, нақтылағанда, объектінің “жеткілікті шарты” болады. Егер “жеткілікті шарт” сақталса, онда объекті қажеттіліктен туындайды (өмір сүреді, өзгертіледі және т.б.). “Жеткілікті шарт” оның құрамына кіретін көптеген

жекелеген элементтерді көрсетеді және соларға кіретіндер “қажеттілер” болып табылады, “Қажетті шарттардың” толық жиынтығын “жеткілікті шартты” түзеді [233, с.286].

М.Құдайқұлов “Адамның дамуы – ішкі қайшылықтармен, сыртқы жағдайлармен, индивидтің психофизиологиялық ерекшеліктерімен өзара байланысты өтетін күрделі үдеріс. Демек, адам дамуына өзара әсерлесетін көп факторлар (генетикалық, белсенділік әрекет, қарым-қатынас, экологиялық-әлеуметтік орта, оқыту, тәрбиелеу, т.с.с.) себепші болады” – деп жазады [234, б. 57]. Сондай-ақ, аталған жоғарыдағы «факторлар даму үдерісінің қозғаушы күшін, ортаның ерекшелігін білдіретін дамудың шарттарын айқындайды» - дей келе “шарттар-қажетті және жеткілікті болып бөлінеді. Қажетті шарт оқушы дамуының ішкі объективті заңдылықтары, ол дамыта оқытумен, тәрбиелеумен қамтамасыз етіледі. Жеткілікті шарт - дамудың қарама-қайшылықтарымен байланысты.” - деп біледі [234, б. 57].

Н.Н.Петухов зерттеу объектісіне байланысты заңның тек қана анықталған шарттар болғанда ғана әрекет ететінін, ал шарттар болмаған жағдайда заңның да әрекет етпейтінін атап көрсетеді, яғни шарт – заңның әрекет етуінің қажетті базасы ретінде көрінеді [235, с. 76-81]. Педагогика ғылымында шарттар объективті және субъективті деп ажыратылады. Объективті шарттар мұғалімге байланысты емес, оған мемлекеттік оқу-әдістемелік құжаттар, (элективті курс, педагогикалық тапсырма) оқушылардың жас және жеке-дара ерекшеліктері, мектептің жұмысы және оны қоршаған ортаның нақты жағдайы қатысты болып табылады.

Субъективті шарттарға мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен шеберлігі (семинар), оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі заңдар мен білімдер, оларды практикада қолдану ептілігі (интербелсенді әдіс), оқу және тәрбие үдерісіне жағымды жағдайды мұғалімнің жасау және тәрбиеленушілермен дұрыс қатынасты орнатуы жатады.

Педагогикалық шарт білім беру ортасының негізгі факторларының, үдерістерінің және құбылыстарының сапалы сипаттамасын, объективті мүмкіндіктері, педагогикалық үдерістің мақсатқа бағытталып құрылған және білім беру ортасында іске асатын күйінің жиынтығын, аталған үдерістің ықпалдылығын арттыратын, қойылған педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін айқындайды [236].

Білім беруде шарт педагогикалық үдерісте пайда болып, оның оңтайландыру мақсатында құрылатындықтан «педагогикалық шарт» ұғымы «педагогикалық үдеріс» түсінігімен тығыз байланысты. Педагогикалық үдерістің өзі – педагогикалық жүйенің функционалдық сипаттамасы, оның тұлғалық - дамытушылық әлеуетінің жетекші факторы [205].

Педагогикалық шарттар деп, педагогикалық жүйені құраушылардың мазмұндық сипаттамаларын конструкциялауды және нәтижеге жетудегі базаны айтады. Педагогикалық шарт педагогикалық жүйедегі оқыту мен тәрбие міндеттеріне байланысты ажыратылады. Дәстүрлі педагогикалық жүйеге

карағанда жаңа, жетілдірілген педагогикалық жүйеге қызмет ететін шарттар жиынтығы педагогикалық шарттар болып табылады.

Жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру моделін іске асыру үшін педагогикалық шарттар кешені төмендегіше топтастырылды:

1. Психологиялық-педагогикалық шарт:

Оқу-тәрбие үдерісінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін меңгеруге мотивациясын қалыптастыру. Сыртқы мотивті қалыптастыруға ықпал ететін мотивтеуші факторлар:

- материалдық ынталандыруға қызығушылық;
- рухани тұрғыдан ынталандыру;
- ұжым мен ЖОО оқытушылары тарапынан қолдау.

Зерттеп отырған құзыреттілікті қалыптастыруды жетілдіруге болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ішкі мотивтерін қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үдерісінде ұйымдастырылған ұлттық рухани құндылық жөніндегі оқу материалдарын пайдалану. Ішкі теріс және оң мотив туғызушы факторларды қолдану.

2. Ұйымдастыру-педагогикалық шарт.

Бұл шарт педагогикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны, формалары, әдістері ретінде анықталады және:

- студенттерден замануи педагогикалық технологияларды: проблемалы, белсенді оқыту, кейс-технология, жоба, т.б. меңгеруді;
- оқытудың интербелсенді әдістері мен ұйымдастыру формаларын пайдаланумен болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқыту үдерісін интенсификациялауды қамтиды. Бұл шарт іс-әрекеттік және контекстілік әдіснамалық тұғырларға негізделеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде интерактивтік әдістер мен формаларды қолдану келесі мүмкіндіктерді береді:

- білімдерді алу мен қолдану үдерісінде білім алушылардың белсенділігін арттыру есебінен тәжірибелік міндеттерді орындау барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың білімді түсінуі, игеруі мен шығармашылық қолдануын қарқындату;
- танымдық ынталандыру мен білім алушы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың мәселені талқылауға қатысуы, олардың ізденіске, нақты әрекеттерге кірісуге септігін тигізеді;
- білім алушылардың білімін, қабілеттерін, дағдыларын, іс-әрекет амалдары мен қарым-қатынастарын, жаңа мүмкіндіктерін ашу;
- қатысушылардың тәжірибесі мен пікірлерін, ұлттық спортты үйрету барысын өзгерту ғана емес, оқытудың интерактивті әдіс сияқты іс-әрекеттің интерактивті түрлерін қалыптастыру болып табылады.

3. Ұйымдастыру-әдістемелік шарт.

Бұл шарт болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қалыптастыру үдерісі үзіліссіз болғандықтан оқыту нәтижелерін ендіру, құзыреттіліктің қалыптастырылғандығы деңгейін зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік іскерліктерді пайдалану нәтижелілігін бағалау, ұйымдастыру-әдістемелік іскерліктерді пайдалануға әдістемелік инструментарийлерді әзірлеу кезінде әдістемелік қолдауларды қамтамасыз етеді.

Әзірленген модель оқытудың әртүріне болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-тәрбие үдерісіне қамтылуын қамтамасыз етеді және мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік өзара толықтырушы жүйе түзеді, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

2 БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайы

Зерттеу жұмысының алдыңғы бөлімінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды. ЖОО дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерін болашақ мамандығына даярлауда олардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға әсер ететін жағдайларды зерттеу мәселесімен айналысу барысында, құзыреттіліктің маңызды түрлері тұлғаның мақсатына байланысты қалыптасатынын айқындадық. Зерттеу жұмысының болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына жауапты «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасында 2012-2015 жылдары алдын-ала теориялық зерттеулерге негізделіп дайындалған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарын іске асырдық. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың, біз жасаған әдістемелік нұсқасын эксперименттен өткізуге және оның тиімді қолданылуын тәжірибеден өткізуге бағытталды.

Зерттеу жұмысына байланысты материалдарды талдаудың, зерттеудің ғылыми аппаратында негізделген болжамның ғылыми және объективті дұрыстығын тексеруді қамтамасыз ететін әдістер кешені ретінде көрсетіледі. Ю.К.Бабанскийдің пікірінше, ол басқа әдістерге қарағанда, оқыту және тәрбие саласындағы жаңалықтардың тиімділігін терең тексеруге мүмкіндік тудырады [237].

Ұлттық спорт бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тәжірибелік-педагогикалық жұмыс қойылған мақсатқа сай: анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңде жүргізілді.

2011-2012 оқу жылында дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 – курс білім алушыларына ұлттық спорт түрі тоғызқұмалақ бойынша төмендегідей сұрақтар қойылды:

- 1) қазақ халқына тән ұлттық спорттың қандай түрлерін білесіз?
- 2) «тоғызқұмалақ» ұғымының мәнін түсіндіріңіз;
- 3) тоғызқұмалақ ойынына тән негізгі ұғымдарды атаңыз;
- 4) тоғыз құмалақ ойынын ойнау тақтасының конструкциясын түсіндіріңіз;
- 5) тоғызқұмалақ ойынын ойнаудағы негізгі ережелерді сипаттаңыз;
- 6) тоғызқұмалақ ойынын ойнаудағы дене қозғалысы түрлерін атап көрсетіңіз;

7) тоғызқұмалақ ойыны үшін қажетті интеллектуалды іскерліктерді сипаттаңыз;

8) тоғызқұмалақ ойыны үшін ойыншыға қажетті сапалық қасиеттерді сипаттаңыз;

9) тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихын айтып беріңіз;

10) тоғызқұмалақ ойыны бойынша республикадағы жүзеге асырылып отырған іс-шараларды айтып беріңіз.

Берілген сұрақтар бойынша студенттердің берген жауаптарын талдау төмендегідей пікір шығаруға алып келді:

- студенттер жеткілікті түрде ұлттық спорт түрлерін білмейді немесе толықтырып айта алмайды;

- «тоғызқұмалақ» ойыны туралы түсініктері әртүрлі (14 студенттің 2-еуі ғана ойнап көрген; 3-еуі ойнауды біледі; қалғандары ойын тақтасы мен кейбір атауларын біледі).

Келесі қойылған сұрақтың бірі – қазақ күресі бойынша жүзеге асырылды.

1) «қазақ күресі» ұғымының мәнін түсіндіріңіз;

2) қазақ күресі спорт түрі бойынша қолданылатын негізгі ұғымдарды атап көрсетіңіз;

3) қазақ күресіндегі негізгі әдістерді атаңыз;

4) қазақ күресінің жалпы ерекшеліктерін сипаттаңыз;

5) қазақ күресі үшін қажетті негізгі сапалық қасиеттерді сипаттаңыз.

Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша студенттер мүмкін болатын 100 пайыздық көрсеткіштің 42 пайызын ғана жинақтады. Бұл көрсеткіштер студенттердің «қазақ күресі» бойынша білімдері түсіну деңгейінен де төмен екендігін көрсетті. Анықталған мәселе студенттердің қазақ күресі бойынша оқу пәнін зерделемеуімен түсіндірілді.

Студенттердің берілген тапсырмаларға берген жауаптарын бағалау оқыту үдерісінде кейіннен қолданылатын бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылды. Оның үлгісі төмендегіше анықталды.

100-90 ұпай - білім алушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді;

89-75 ұпай - білім алушы оқу материалдарын аз мөлшерде/толық мәнінде түсінгендігін көрсетеді;

74-50 білім алушы оқу материалдарын шектеулі түсінгендігі туралы мағлұмат береді;

49-0 білім алушы оқу материалдарын толықтай түсінбегендігі туралы мағлұмат береді;

Түсіну деңгейінің көрсеткіші ретінде: студенттердің «қалай?», «неліктен?» сұрақтары мен «сәйкестендіру», «салыстыру» тапсырмаларын ойша орындауы мен мысалдар келтіріп, өз сөзімен ойын жеткізуі қарастырылды.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша жоғары курс (3, 4-курс) білім алушыларынан жаттықтырушы-оқытушы ретінде ұлттық спорт түрлері бойынша төмендегідей тапсырмалар берілді:

- ұлттық спорт түрлері бойынша (бір түрін алып) дайындықтың жылдық және ағымдық жоспарын әзірлеңіз;

- ұлттық спорт (бір түрі) бойынша сабақ жоспарын әзірлеңіз;

- ұлттық спорт (бір түрі) бойынша оқушылармен бірге жүргізілген жұмыс нәтижелері мен мазмұнына жүйелі түрде есеп жүргізуді көрсетіңіз;

- ұлттық спорттық ойынның бір түріне талдау, жинақтау жұмыстарын жасаңыз;

- ұлттық спортты ұйымдастыру (бір түрі) бойынша дайындық жұмыстарының ретін және олардағы іс-әрекеттердің мазмұнын түсіндіріңіз;

- ұлттық спорт (бір түрі) бойынша жаттығу жұмыстарын, оқытуды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыда жүзеге асырудағы талаптарды сипаттаңыз.

Берілген тапсырмаларды сипаттап жазу бойынша студенттердің білімді практикада қолдану бағдарының «қолдану» деңгейінен төмен екендігін көрсетті. Мүмкін болатын 100 пайыздық көрсеткішті 52 пайыздық көрсеткішпен меңгергендігі анықталды. Бағалау критерийлері ретінде төмендегілер алынды:

100-90 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (кезеңдерін) толық дұрыс орындай алатынын көрсетеді;

89-75 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (кезеңдерін) аздаған қателіктермен орындайды;

74-50 ұпай - білім алушы іс-әрекет реттілігін (кезеңдерін) елеулі қателіктермен орындайды;

49-0 - білім алушы іс-әрекет реттілігін (кезеңдерін) толықтай қате орындайды, қауіпсіздік талаптарын қамтымайды.

Мұнда, білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісі үшін қажетті әдістемелік білім, іскерліктері мен ұйымдастыруға бағдарланған қабілеттерінің бағдары айқын көрініс табуы, орын алуы қамтылды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің жеке тұлғалық сапалық құраушыларын анықтау үшін білім алушыларға төмендегідей сұрақтар қойылды:

- ұлттық спорттық ойынның қанша түрін білесіз?

- ұнататын ұлттық спорт түрлерін (2-3 түрін) көрсетіңіз;

- ұлттық спорттың Сіз тандаған түрі несімен қызықтырады?

- «ұлттық спорт түрлерін мектепте оқыту қажет» деген пікірге қосыласыз ба? Себебін түсіндіріңіз;

- ұлттық спорт түрлері бойынша қандай кітаптарды оқыдыңыз?

- ұлттық спортты жаттықтырушы-педагог ретінде оқытуға дайындығыңыз.

- болашақ жаттықтырушы-оқытушы ретінде ұлттық спорт түрлерін оқытуды жетілдіруге Сіздің ойыңыз;

- ЖОО ұлттық спорт түрлері бойынша даярлықтар білім алушылардың сұранысын қанағаттандыра ала ма?

- ұлттық спорттың қандай түрлерін ЖОО оқыту/үйрету қажет деп білесіз.

Білім алушыларға көптеген мәселелердің төңірегінде ойлануға сұрақтар қойылды. Олардың жұмысын жүйелі түрде жүргізе білсе ғана білім алушы шығармашылығын арттыруға, заман талабына сай маман кадрларын даярлауға мүмкіндік туғыза алатыны айқындалды.

Зерттеу жұмысының барлық кезеңі белгілі бір мақсат аясында жоспарлы түрде жүргізілді. Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-педагогикалық жұмыста эксперименттік топ арқылы тексеру бағытында арнайы жұмыс ұйымдастырудың және оны өткізудің қажеттігін көрсетті.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында 2012-2013 оқу жылында алғашқы эксперимент жүргізілді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысына 134 білім алушы, 26 педагог қатыстырылды.

Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде жоғарыда аталған оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің нақты жағдайы мен ұлттық спорт түрлері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау үшін төмендегідей міндеттерді шешу қарастырылды:

- эксперименттік зерттеу мәселесін және мақсатын анықтау;
- тәжірибелік-педагогикалық жұмыс нысанын, тақырыбын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыда негіздеу;
- зерттеу болжамын тұжырымдау;
- тәжірибелік-педагогикалық жұмысқа (эксперименттік және бақылау тобы) қатысатын білім алушылар санын анықтау;
- тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында жүргізілетін жұмыс формаларын анықтау;
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді таңдау, бастапқы жағдайын анықтаудың диагностикалық аспаптарын жасау;
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің деңгейін жетілдіруге байланысты педагогикалық тапсырмалар әзірлеу.

Зерттеу тақырыбына байланысты 3-4 курс білім алушыларының жалпы ұйымдастыру-әдістемелік білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында төмендегі мазмұнда өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беретін тестілік сұрақтар бердік. Барлық сұрақ бойынша 77 ұпай, әрбір сұраққа 1-ден 7 ұпай аралығында бағалау жүзеге асырылды. Олардың мазмұны 8-кестеде көрсетілді (кесте 8).

Кесте 8 – Білім алушылардың ұйымдастыру-әдістемелік білімдерін өзіндік бағалауы

Сұрақтар	Бағалау шкаласы
Ұлттық спорт түрлерін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды қалай түсінесіз және оны жүзеге асыра аласыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлауды білесіз бе? Қаншалықты дайынсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлерін педагогикалық талаптар тұрғысынан іріктеуді жүзеге асыра аласыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу іс-әрекеттерінің эргономикалық негіздерін білесіз бе? Оны жүзеге асыруға дайындығыңызды қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Оқушылардың ұлттық спорт, оқу-жаттығу түрлерін зерттеу (іздену) іс-әрекеттерін ұйымдастыруға дайындығыңыз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Оқу пәндері мен ұлттық спорт түрлері арасындағы байланыстарды оқу материалдары тұрғысынан жүзеге асыруыңызды қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Спорттық ойынға педагогикалық басшылық етуіңізді, топтық, жеке дара, бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруыңызды қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлерін түрлі деңгейде ұйымдастыру үшін ережелерді, нұсқаулықтарды әзірлеу керек пе? Оларды әзірлеуге Сіздің дайындығыңыз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлерін оқытудың дидактикалық-әдістемелік негіздерін меңгеруіңізді қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Әдістемелік іс-әрекеттің оқу материалдарын зерделеуге қандай әрекеттер жатады? Оған сіздің дайындығыңыз.	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7
Ұлттық спорт түрлерін оқыту бойынша қалыптасқан озық іскерліктерді жинақтауды қандай деңгейде жүзеге асыра аласыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7

Жауап беріп болғаннан кейін жауаптарды төмендегіше бағалап, өзінің деңгейін анықтау тапсырылды. *7-38 төмен деңгей, 39-53 орта деңгей, 54-77 жоғары деңгей.* Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушы мотивациялық-құндылық құраушыларды анықтау мақсатында оларға сауалнамалар таратылды («Менің дене шынықтыру және спорт мамандығын таңдаған себебім...», «Оқу іс-әрекетінің мотивтері» туралы; Қосымша Л, М). Берілген жауаптар әртүрлі болуымен қатар, кейбіреулері қызығушылық танытты. Кейбір студенттердің мамандықты саналы таңдамағаны да анықталды. Кейбіреулері әрі спортпен шұғылданғанды, әрі балаларды ұлттық спортқа баулығанды жақсы көретінін байқатты.

Зерттеу жұмысы тақырыбына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушысын дамыту мақсатында тесттік әдістемелер берілді, олар: Кәсіби іс-әрекетті мотивациялау (К.Замфир әдістемесі А.А.Реанның

жаңалатуымен; Қосымша Н), Тұлғаның өзін бағалау тесті (Н.В.Бордовская мен А.Л.Реан әдістемесі; Қосымша П), Шығармашылық әлеует (В.И.Андреевтің әдістемесі; Қосымша Р), Білімгерлердегі өзін жетілдіру, өзін білімдендіру қабілетті бағалау (В.И.Андреевтің әдістемесі; Қосымша С)

Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперимент топтарындағы білім алушылардың ұлттық спорт ерекшеліктері туралы, оларды оқыту бойынша білімдері, іскерліктері мен дағдыларының, жеке тұлғалық сапаларының көрсеткіштері бойынша айқындалды. 2012/2013 жылында ұлттық спорт бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының анықталған ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаудағы өткізілген бақылау және эксперимент топтарындағы алғашқы бақылау қорытындысы, екі топтың көрсеткіштері де шамалары бірдей деңгейді көрсетті (кестелер 9, 10).

Кесте 9 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мотивациялық-құндылық құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	б8	%	б6
Жоғары	14,7	10	16,7	11
Орта	51,5	35	50,0	33
Төмен	33,8	23	33,3	22

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылғаны деңгейін анықтау бойынша сандық және сапалық талдау жалпы тенденцияларды айқындауға мүмкіндік берді:

- басым көпшілігі болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға көпшілікпен жұмыс жасау ұнайтыны, моральдық және материалдық марапаттаулардың қажеттігін көрсетті;

- ұлттық спортты оқыту үшін дайындықты меңгеруге ұмтылыстары ұйымдастыру-әдістемелік білім мен іскерлікті игеруге бағыттайтыны анықталды;

- студенттерде кәсіби іс-әрекеттерде өзін жүзеге асыруға деген оң қатынастар туындады.

Келесі кезекте болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушы танымдық құраушы анықталды (кесте 10). Танымдық құраушыларды анықтау үшін тапсырмалар жоғарыда келтірілді.

Кесте 10 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің танымдық (когнитивті) құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	68	%	66
Жоғары	13,2	9	15	10
Орта	33,8	23	32	21
Төмен	53	36	53	35

Эксперимент және бақылау тобындағы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың басым көпшілігінің ұлттық спортты оқытуды ұйымдастыру және әдістемелік білімдерді терең меңгермегендігі анықталды.

Білімге негізделген іскерлік көрсеткіші – іс-әрекет көрсеткіштері болашақ маманның ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушы ретінде алынды және ол анықтау экспериментінде тексерілді. Нәтижесі төмендегідей болды (кесте 11).

Кесте 11 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің іс-әрекеттік құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	68	%	66
Жоғары	8,8	6	10,6	7
Орта	42,6	29	42,4	28
Төмен	48,6	33	47	31

Мұнда студенттер, болашақ жаттықтырушы-оқытушылар әлі де болса ұлттық спорт түрлері бойынша әдістемелік әрекеттерді дұрыс орындай алмайтыны және ұйымдастыру негіздерін толық мәнді түсінік, оны практикалық тұрғыдан жүзеге асыруы төмен деңгейде екендігін көрсетті.

Біздің келесі зерттеп отырған құзыреттілік құраушысы рефлексивтік-бағалау. Бұл құраушылардың көрсеткіштері кесте 12-дегідей болды.

Кесте 12 - Анықтау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің рефлексивтік-бағалау құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы		Бақ.тобы	
	%	68	%	66
Жоғары	10,3	7	10,6	7
Орта	39,7	27	40,9	27
Төмен	50	34	48,5	32

12-кестеге сәйкес студенттерде талдау мен бағалауға қатысты дағдылардың толық мәнді қалыптастырылмағандығы көрініс тапты.

Анықталған кемшіліктерді жою және оны түзету біздің зерттеуіміздің қалыптастыру эксперименті үшін бағыт-бағдар болып табылады.

Анықтау эксперименті барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру барысына білім беру бағдарламалары мазмұнының үлесі зерделенді, талдау жасалды және олардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Талдауға алынған құжаттардың бірі бекітілген және басшылыққа алынғаны жоғары кәсіби білім стандарттары [104, б. 3-43]. 5B010800 – ДШЖС - мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері төмендегіше көрсетілген:

- білімдік (педагогикалық);
- ұйымдастыру-басқару;
- эксперименттік-зерттеу;
- ұйымдастыру-технологиялық;
- жаттықтырушылық (спорттық);
- оқу-тәрбиелік [104, б. 4-5].

Сондай-ақ, аталған білім стандартында болашақ маманның кәсіби іс-әрекет саласы көрсетілген. Олар: білімдік (педагогикалық); эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; оқу-технологиялық; оқу-тәрбиелік қызмет салалары бойынша [104, б. 13-15].

Болашақ мамандарды даярлауды жетілдіруде және бағдар беруде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты басшылыққа алынған [62].

Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы білім беру мазмұнын анықтаудағы құжат – жоғары кәсіптік білім стандарты мазмұнын зерделеу:

- болашақ маманның білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін сала бойынша қамтамасыз етуге бағытталғандығын;
- мамандану бағыттарын қамтығандығын;
- ұлттық мазмұнды, жергілікті жердің ерекшеліктерін дайындық мазмұнында қамтығандығы жалпылық сипат алғандығын;
- сала бойынша білім мен іскерлікті меңгерген маман даярлығын қамтамасыз етуге бағдар беретіндігі белгілегендігін көрсетеді.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім мазмұнын анықтаушы құжаттың бірі – типтік, жұмыс, жеке оқу жоспарлары. Біздің зерттеп отырған мәселені қалыптастыруды оқу жоспарында жүзеге асыру қарастырылған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 2011 жылы

қабылданған білім алушылар үшін әзірленген жұмыс оқу жоспарынан зерттеу жұмысына қатысты төмендегідей оқу пәндері тізбегін келтіреміз (кесте 13).

Кесте 13 - Базалық және кәсіптендіру пәндер циклы бойынша міндетті және таңдау компоненттері

Оқу семестр	Пәндер атауы	
1	1. Гимнастика оқыту әдісімен; 2. Жеңіл атлетика оқыту әдісімен. Элективті пәндер: 1. Мамандыққа кіріспе; 2. Кәсіптік спорт.	1. Таңдап алынған спорт түрлерінің негіздері.
2	Анатомия, спорттық морфология негіздері	-
3	1. Шаңғы спорты оқыту әдісімен	1. Таңдап алынған спорт түрін оқыту әдістемесі; 2. Таңдап алынған спорт түрінен күштілік, функционалдық және психологиялық дайындық негіздері.
4	1. Адам физиологиясы (жалпы және жас); 2. ДШ мен спорт педагогикасы; 3. ДШ мен спорт психологиясы. Элективті пәндер: 1. Футбол. 2. Шағын футбол	-
5	1. Ұлттық спорт қозғалыс ойындары оқыту әдісімен; 2. Волейбол оқыту әдісімен; 3. Дене шынықтыру мен спорттың теориясы және әдістемесі; 4. ДШ мен спорт менеджменті.	1. Таңдап алынған спорт түрінен техникалық және тактикалық дайындық негіздері. Элективті пәндер: Волейбол, Баскетбол.
6	1. Баскетбол, гандбол оқыту әдісімен 2. Спорт медицинасы.	1. Таңдап алынған спорт түріндегі дайындықтың жас ерекшеліктері; 2. Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері. Элективті пәндер: 1. Денешынықтыру және спорт тарихы, Олимпиадалық білім; 2. Массаж, Емдік дене мәдениеті; 3. Шығыс жекпе-жегі, Күшті дамыту дайындығы.
7	1. Туризм оқыту әдісімен; 2. Футбол оқыту әдісімен; 3. Жүзу оқыту әдісімен; 4. ДШ және спорт биохимиясы; 5. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері. Элективті пәндер: I. 1.Футбол; Шағын футбол; II. 2. Қазақша күрес; Самбо; III. 3. Стол теннисі; Үлкен теннис.	1. Спорттың таңдаған түрінен спорттық жаттығу үдерісін басқару; 2. Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру. Элективті пәндер: Тоғызқұмалақ, Шахмат, Дойбы.
8	1. Педагогикалық практика; 2. Өндірістік практика	-

13-кестеге сәйкес оқу пәндері бағдарламаларының (типтік, оқу) мазмұнын зерделеу жүзеге асырылды. «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсы бағдарламасы болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған негізгі мағлұматтар төмендегідей [239, б. 6-7]:

Білім алушы: педагогиканың зерттеу пәнін, әдістерін және негізгі қағидаларын; педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, заңдылықтары мен принциптерін, формаларын, әдістері мен құралдарын; тәрбиелеу, оқыту және басқарудың технологиялары мен теориялық тұжырымдамаларын; Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру жүйесінің даму жолдарын; 12 жылдық орта білім берудің негізгі бағыттарын білуі тиіс.

Сондай-ақ, білім алушылардың: оқу-тәрбие жағдайларын талдауға, педагогикалық мәселелерді анықтап шешуге; сынып педагогикалық үдерісін және балалар спорттық ұжымын өздігінен басқаруға; жас спортшылар мен оқушыларды тәрбиелеудің белсенді әдістерін қолдануға; спорттық-сауықтыру бағытындағы тәрбиелілік шаралар мен дене шынықтыру сабақтарын өткізіп талдауға икемділігі болуы керек.

Білім алушыда төмендегідей дағдылар: өзіндік танымдық іс-әрекетке; болашақ кәсіби іс-әрекет және түрлі педагогикалық кәсіби тәжірибелер кезінде теориялық білімдерін практикада қолдана білуге; педагогика саласындағы ғылыми-зерттеу әрекетінің ептілігі; коммуникативтік дағдылар қалыптасуы қарастырылған.

Бұл жалпы педагогиканың теориялық мәселелерін қарастырғанмен де, біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді қалыптастыруды нақты көрсетпейді.

Келесі «Дене шынықтыру және спорт психологиясы» курсының типтік оқу бағдарламасында болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған төмендегідей тақырыптар (оқу материалдары) берілген [239, б. 26-38]:

1 Денешынықтыру психологиясы: қозғалыс әрекетін оқытудың психологиялық негізі; дене тәрбиесі барысында психикалық үдерістерді дамыту; дене тәрбиесінде тұлғаны қалыптастырудың психологиялық негізі.

2 Спорттық іс-әрекеттің жалпы психологиялық заңдылықтары: спорт психологиясын зерттеудің пәні, міндеттері мен әдістері; спорттық іс-әрекет пен спорттағы психикалық реакция туралы түсінік; жаттығулар мен жарыстардың психологиялық ерекшеліктері.

3 Спорттағы қозғалыстық жетілудің психологиялық негізі: техникалық дайындықтың психологиялық негізі; физикалық дайындықтың психологиялық негізі; тактикалық дайындықтың психологиялық негізі.

4 Тұлға психологиясы және спорттағы команда: спортшының тұлғасы; жаттықтырушы іс-әрекеті мен команданың психологиясы.

5 Спортқа дайындауды психологиялық қамтамасыз ету: спорттық іс-әрекетті психологиялық қамтамасыз ету; спортшыны психологиялық даярлау; спортшыны нақты жарысқа психологиялық даярлау; спорттағы психореттеу.

Әрбір тақырыпта қарастырылған оқу материалдары болашақ маман даярлығы бойынша қарастырылған, жалпы теориялық сипат алған.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» курсының мәні жоғары [239, б. 124-138]. Аталған пән бағдарламасында төмендегідей тақырыптар қарастырылған (3 кредит):

1 Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: дене шынықтыру түрлері мен әлеуметтік міндеттері; дене тәрбиесінің жүйесі, қағидалары, құралдары, үйрету тәсілдері; іс-қимыл әрекетіне үйрету; іс-қимыл сапалығын дамыту; дене шынықтыру жүйесіндегі жеке тұлғаның бағытты дамуы; дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру негіздері; студенттің өзіндік жұмысы;

2 Дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесінің жасөспірім негіздері: ерте және мектеп жасына дейінгі дене шынықтырудың негіздері; мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыру негіздері; мектептегі дене тәрбие жүйесін жоспарлау және бақылау; сабақ-мектептегі дене шынықтырудың негізгі түрі; дене тәрбиесі сабақтарында дене сапаларын дамыту; бастауыш, орта және жоғары сыныптарда дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері; мектептегі дене тәрбие жүйесі бойынша сабақтан соң өткізілетін жұмыстар; оқушылардың дене тәрбие жүйесі бойынша мектептен соң өткізілетін жұмыстар; ересектер дене тәрбиесінің негізгі бағыттары; студент жастардың дене тәрбиесі; әскери дене дайындығы; үлкендер мен кәрілер дене тәрбиесі; бейімделулік дене шынықтыру; сауықтыру дене шынықтыруы; студенттің өзіндік жұмысы.

Сондай-ақ, «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың психомоторлы дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру бойынша өзіндік жұмыс тақырыптары көрсетілген, олар: қимыл әрекеттеріне үйрету, күшті, жылдамдықты, төзімділікті, икемділікті, ептілікті дамыту, дене шынықтыру жүйесінде тұлғаның бағытты дамуы, дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру негіздері, т.б.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының жалпы әдістемелік дайындығын қалыптастыру бойынша дене шынықтыруды жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, т.б. тақырыптарда СӨЖ тапсырмасы ретінде қарастырылған және ұйымдастыруға бағдарланған. Десек те ұлттық спорт бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған тақырыптар көрсетілмеген.

Сонымен қатар, мамандықтың базалық және кәсіптендіру циклы бойынша оқу пәндері бойынша типтік бағдарламалар талданды, атап айтқанда «Дене шынықтыру тарихы, олимпиадалық спорт», «Дене шынықтыру және спорт биомеханикасы», «Адам физиологиясы», «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері», «Спорттық медицина», «Спорттық күрес», «Таңдап алынған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәндері [239, б. 54-88; 240-241].

Біздің зерттеу тақырыбымыз үшін болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік құраушыларын қалыптастыруда «Ұлттық спорт түрлері» пәнінің маңызы жоғары [242].

Сонымен, мамандық пәндері бойынша типтік оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдар беретіндігін көрсетті. Атап айтқанда, ұлттық спорт түрлері бойынша қазақша күрес, тоғызқұмалақ, т.б. спорт түрлерін ЖОО оқыту белгіленген және қысқаша мазмұны келтірілген.

Мамандықта оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыда ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікті жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған тақырыптар қарастырылмағандығын көрсетті. Атап айтқанда:

1. Ұлттық спорт түрлерін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру бойынша:
 - ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыруды жоспарлау;
 - ұлттық спорт түрлері бойынша білім меңгеруді және іс-әрекетті игеруді мөлшерлеу;
 - ұлттық спорт түрлері бойынша дайындықты есепке алу;
 - ұлттық спорт түрлері бойынша бақылау құралдарын анықтау және бағалауды жүзеге асыру мәселелерін терең қарастырмайтыны анықталды.
2. Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау:
 - орындалатын жаттығу, интеллектуалдық іскерліктерді жобалау;
 - оқу-жаттығуларды ұйымдастыру бағдарламасын әзірлеу бойынша дайындықты толық қамтымайтыны анықталды.
3. Ұлттық спорт түрлерін педагогикалық талаптар тұрғысынан іріктеу:
 - ұлттық спорт түрлерінің, жаттығулардың (іс-әрекеттердің) бағдарламаға сәйкестілігі;
 - ұлттық спорт түрлерінің, оқу-жаттығулардың тәрбиелеу және дамыту функцияларын қамтамасыз етуі;
 - ұлттық спорт түрлеріне баулуда оқу пәні мен факультатив курстарындағы оқу-жаттығулардың, іс-әрекеттерінің сабақтастығы;
 - ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығулардың, іс-әрекеттердің шамаға лайықтылық пен қажетті күрделіліктегі үйлесімділігі;
 - ұлттық спорт түрлері мен оқу-жаттығулардың, іс-әрекеттердің педагогикалық мақсат пен жеке тұлғалық тұрғыдан пайдаға асудағы үйлесімділігі;
 - ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстарында шығармашылық бастаманы дамытуға ықпалы бойынша оқу материалдары мен іс-әрекеттерді толық қамтымайтыны анықталды.
4. Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу іс-әрекеттерінің эргономикалық негіздері:
 - ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу іс-әрекеттерін жүзеге асыратын орынның гигиеналық талаптарды қанағаттандыруы;

- ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстары мен спорттық құралдардың антропометриялық көрсеткіштерге сәйкес келуі;

- ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу іс-әрекеттерінің физиологиялық және психофизиологиялық талаптарға сәйкестілігі;

- ұлттық спорт түрлері бойынша ұғымдардың психологиялық тұрғыдан сәйкестілігі;

- ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығулардағы қауіпсіздік талаптарының сақталуы бойынша оқу жұмыстарын орындауы қарастырылмағаны анықталды.

5. Ұлттық спортты, оқу-жаттығуды зерттеу (іздену) іс-әрекеттерін ұйымдастыру:

- спорт түрлері мен ұлттық спорт түрлеріндегі сәйкестілік пен айырмашылықты табу;

- ұлттық спорттағы фактілерді, дәлелдеулерді нақтылау;

- ұлттық спорт түрлеріндегі жаңа байланыстар мен заңдылықтарды анықтау;

- ұлттық спорт түрлеріндегі оқу-жаттығу, іс-әрекеттер жүйесін негіздеу, талдап қорыту бойынша оқу жұмыстары жүргізілмейтіні көрсетілді.

6. Оқу пәндері, спорт түрлері арасындағы байланыстар:

- оқу материалдарының уақыт критерийлеріне негізделген (алдын-ала, сәйкес, кейінгі);

- жекелеген пәндердің оқу материалдарындағы жалпы ақпараттық мәні бар (фактілі, ұғымдық, теориялық);

- оқу материалдары (білімдер) мен іс-әрекет түрлері бойынша;

- талдап қорытындыланған түрдегі (ұйымдастыру-әдістемелік) бойынша оқу жұмыстары көрсетілмегені анықталды.

Дене тәрбиесі мен ұлттық спорт түрлері жүйесінің күрделілігі және көпқырлылығы жаттықтырушы-оқытушыдан көптеген міндетті шешуді талап етеді. Егер спортшыдан жоғары дәрежелі спортшы шығарамын десе, онда өзі де өз ісінің шебері болуы керек. Оны еңбексүйгіштікке, жеңіске деген ерік-жігерге тәрбиелеуге ұмтылса, іс жүзінде еңбекті қалай сүю керек, алға қойған мақсатқа жету үшін қиындықтарды қалай жеңу керек екенін көрсету қажет; одан адалдықты, шыншылдықты, принципшілдікті, қарапайымдылықты талап етсе, онда өзі де сондай мүлтіксіз болу; оқушылардың білім, білік, дағдысын дамытқысы келсе, бәрінен бұрын өзінен бар жағынан білімді адам болу талап етіледі.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практикалардың мол мүмкіндіктері бары анықталды. Практикаларды сапалы, өз деңгейінде өткізуде ұлттық спорт түрлерін үйрету бағдарламаларының жасалып, тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылары бар мектептердің таңдалуы керектігі белгіленді.

Педагогикалық іс-тәжірибе ұлттық спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін

калыптастыруда қажетті іскерліктерін, шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін маңызды және айқындаушы кезең болып табылады. Осы кезде олардың мамандыққа сәйкес кәсіби-тұлғалық қасиеттері, мамандығына қызығушылығы қалыптасатын кезең. Сол себепті де, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде педагогикалық практикадағы тапсырмалар жүйесі анықталуы, әзірленуі айқындалды. Педагогикалық практика қорытындылары бойынша ұйымдастырылатын арнайы конференцияларда ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасқан құраушыларын көруге болады.

Сонымен, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерделеу бойынша төмендегідей педагогикалық жүйе құраушыларының оқу-тәрбие үдерісіне әсерін анықтадық.

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлеріне және оны келешекте оқытуға деген қызығушылықтарының болуы. Бұл өз кезегінде ЖОО «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына құжат тапсырған және сол мамандық бойынша оқитын талапкерлердің жеткілікті болуымен дәйектеледі.

2. Білім берудегі стандарттарда, оқу жоспарларында оқу пәндерінің тіркелуі мен оқу пәндерінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін түзетін, қалыптастыру функциясын атқарушы оқу материалдарының, оқу элементтерінің бар болуы. Бұл біздің зерттеуімізде оқыту мазмұнын талдау нәтижесі арқылы негізделеді.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етудегі оқыту принциптері ЖОО білім мазмұнын анықтау мен оқыту үдерісін жүзеге асыруда көрініс табады. Мұнда, педагогика ғылымындағы оқыту принциптері: жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, ғылымилық, басқа да қағидалар білім мазмұнын құрастыруда және оқыту басшылыққа алынатымен расталады.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлерін оқыту бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін түзетін: білімді меңгертудегі, психомоторлы дағдыларды қалыптастырудағы және құндылық қатынастарды меңгертудегі оқу жұмыстарының жүзеге асырылатыны және анықталған педагогикалық тапсырмалардың, дидактикалық жоспарлардың, технологиялық карталардың болуы оқытуды нәтижелі етуге бағытталады.

Анықтау эксперименті кезінде айқындалған кемшіліктер негізінде болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу келесі тақырыпта қарастырылады.

2.2 Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі

Білім беру, дене шынықтыру жүйесінде жаттықтырушы-оқытушы білім стандартына сәйкес оқу бағдарламалары мен жоспарларын, әдістемелік нұсқаулар мен оқулықтарды жете зерделейді және өзінің шәкірттерін даярлау кезінде жаттығуларды, әдістер мен айла-тәсілдерді пайдаланады, оларды үйретеді. Әрбір білім алушыға жеке тұлға ретінде қарап, олардың таңдаған ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылығын оятып, ізденіс жұмыстарын жасауға, жаңаға ұмтылуға, жананы сезінуге баулиды. Сол себепті де, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға жіті мән берілуде.

Біздің зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған тәжірибе Түркістан қаласында орын алған. 2000-2001 оқу жылында университет президенті М.Жұрынұлы мен қала әкімінің ұсынысы бойынша облыс әкімінің шешімімен олимпиадалық ізбасарлар спорт мектебі Түркістан қаласынан ашылды. Оған қабілетті, болашағынан үміт күттіретін жас жеткіншек спортшылар іріктеліп, шеберліктерін шыңдау жүзеге асырылды. Бұл мектепті ҚР еңбегі сіңген бапкер, самбодан, қазақша күрестен спорт шебері, облыстағы белді мамандардың бірі Пернебек Құлтаев басқарды. Спорттың дзю-до, самбо, қазақша күрес, бокс, волейбол, тоғызқұмалақ түрлерінен «Дене шынықтыру мәдениеті» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы оқу жұмыстарын ұйымдастырды. Университет спорт кешенінде орналасқан бұл мектептің оқу орнында спортты, ұлттық спортты дамытуға тигізетін пайдасы молынан болуда.

Ал, қазіргі жаттықтырушы-оқытушылар студенттердің іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижетел әкелетіндей тұлға даярлап шығаруды көздеуде [243]. Бұл мәселе білім беру бағдарламалары арқылы көрініс табуы қажет.

Қазіргі таңда мамандарды даярлау, оның ішінде ұлттық спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру білім беру бағдарламаларында жүзеге асырылуда. Жоғары білім беру ұйымдарының мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандартында: «Білім беру бағдарламасы - мамандыққа сәйкес мамандар дайындығының кәсіптік деңгейін арттыруға бағытталған және түлектердің дайындық нәтижелерін, оқу жоспарларын, курстардың жұмыс (оқу) бағдарламаларын, пәндерді, оқу моделдерін және басқа да материалдарды, сонымен қатар, тәжірибелік бағдарламалар, күнтізбелік оқу кестесін және тиісті білім беру технологияларының жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарға қойылатын талаптарды қоса қамтиды» - деп, білімдер жиынтығы екендігін атап көрсеткен [244]. Сонымен қатар, «білім беру бағдарламасы» - ретінде мамандық атауы да қарастырылады.

Білім беру бағдарламаларын іске асыруда құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдар жиынтығын қосатын мамандық (МОӘК) пен пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешені жасалады [245]. Білім беру бағдарламалары мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған стандартқа сәйкес мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің нысанын, құрылымын және әзірлеу тәртібін білім беру ұйымы өзі анықтайды [62, б. 26-39].

Жоғары білім берудің Халықаралық тәжірибелеріне сәйкес әзірленетін білім беру бағдарламасында:

- мемлекеттік білім стандарттарында көрсетілген білім беру мазмұнының міндетті минимумы емес, құзыреттерді меңгеру нәтижелеріне;

- тек кәсіби емес, сондай-ақ бітіруші түлектің жалпымәдени құзыреттерге ие болуына басымдық беріледі.

Зерттеулерге, интернет ресурстарына, тәжірибелерді зерделеу нәтижесіне сәйкес құзыреттерге бағдарланған білім беру бағдарламасын қалыптастыру бойынша еңбектерге басшылыққа алуға болады [244, б. 3-27].

Республикамызда ЖОО болашақ мамандар даярлау сапасын әлемдік деңгейге көтеріп, халықаралық QS рейтингіне кіру мақсатында маңызды шаралардың атқарылғаны белгілі. Олар: білім беру бағдарламаларын дайындау, оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын жақсарту, оның ішінде кәсіптік бағдар – университетке талапты, білімді жастарды тарту; білім беру бағдарламалар сапасын әлемдік деңгейге көтеру (Халықаралық аккредитация); оқу үдерісінің сапалы әдістемелік қамтамасыз етілуі; білім алушылардың белсенділігіне негізделген инновациялық дәрістер енгізілуі.

Сондай-ақ, құзыреттіліктерге бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда төмендегі талаптар назардан тыс қалмау керектігі анықталды: кадрлық қамтамасыз ету; оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету; материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Құзыреттерді құраушы білім беру/оқыту нәтижесі туралы төмендегіше толықтырулар жасауға болады:

- білім беру ортасын қалыптастырудың құралы (білім алушыға бағытталған білім беру ортасын құруға мүмкіндік беретін);

- білім беру үдерісін оқытушы білім алушыға не үйретеді деген мәселеден бастамай, керісінше білім алушы не біліп шығады? нені меңгеріп шығады? деген мәселеге басымдылық бере отырып жүргізуді талап етеді.

Сонымен, зерттеу тақырыбына байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі: жобалаудан және оны жүзеге асырудан тұрады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жобалау жоғарыда айтып өткендей білім беру бағдарламаларын әзірлеумен байланысты.

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушыларды (білім, іскерлік және тұлғалық сапа қасиеттерді) анықтау.

Педагогикалық жүйенің барлық элементтері зерттеп отырған құраушыны қалыптастыру жүзеге асырылғанда ғана, олар болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігіне айнала алады. Құзыреттілікті құраушылар – аргумент, ал педагогикалық жүйе – қызмет көрсетуші рөл атқарады.

Құзыреттілік құраушыларын анықтауда болашақ жаттықтырушы-оқытушының профессиограммасы, білім беру бағдарламалары, т.с.с., талаптары ескеріледі. Дегенмен де ең бастысы, зерттеп отырған құзыреттіліктің құраушылары оның кәсіби іс-әрекет объектісіне, пәніне сәйкес болуы керек.

2. Білім беру бағдарламаларын анықтауда болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушылар жиынтығын талдау.

Білім беру бағдарламалары әртүрлі мәліметтерді (Еуропалық біліктілік шеңберіне, Ұлттық біліктілік шеңберіне, маманның лауазымдық қызметіне қойылатын талаптар, профессиограмма, жұмыс берушілердің талап тілектеріне) назарға ала отырып, жүйеленеді және қорытындыланады. Олар: сыртқы, ішкі нормативті құжаттар болуы мүмкін. Бұлар құзыреттілік құраушыларын анықтауда оларды синтездеуге, жинақтауға мүмкіндік береді.

Құзыреттер бойынша жиынтық жасау арқылы қалыптастырылатын құзыреттіліктер, зерттеп отырған бағыт бойынша құзыреттер таңдап алынады, талданады, құжатталады, материалдар жинақталып, олардың теорияда және практикадағы орны анықталады. Біздің жағдайымызда құзыреттіліктің үш құраушысы анықталған, олар: тұлғалық сапалар, әдістемелік білімдер мен іскерліктер, ұйымдастырушылық қабілеттер.

3. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушылардың білім беру бағдарламаларындағы логикалық құрылымы.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын МОӘК мен ПОӘК құрайды. Аталған құжаттардың мазмұнында қалыптастырылатын құзыреттер және оларды сипаттайтын оқыту нәтижелері анықталады. Одан кейін негізгі, басты деп танылатын білімдер, іскерліктер мен құндылық қатынас құраушылары бөлініп алынады, осының негізінде әртүрлі логикалық құрылым нұсқалары макеттеледі.

Біздің жағдайымызда анықталған құзыреттілік құраушыларын: оқу пәндеріне байлау, тіркеу жүзеге асырылады.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы оқу пәндерінің байланысын орнату (білім беру технологиясын құрастыру).

Бұл мәселе анықталған құзыреттілік пен құзыреттілік құраушыларын оқу пәндеріне байланыстыруды, нақтылауды қарастырады және бұл бірнеше

деңгейде жүзеге асырылады. Түсінікті болу үшін біз оларды кесте түрінде келтіруді жөн көрдік (кесте 14, 15, 16).

Кесте 14 – Құзыреттілік құраушылары

Білім алу деңгейі	Құзыреттіліктер	Құраушылары
Бакалавр	Ұйымдастыру-әдістемелік	1. Ұйымдастыру қабілеттері
		2. Әдістемелік білім, іскерлік
		3. Тұлғалық қасиеттер

14-кестеге сәйкес құзыреттілік құраушыларын ішкі құраушыларға ажыратамыз және олар өз кезегінде зерттеп отырған құзыреттіліктің құраушыларының өлшемдері болып табылады (кесте 15).

Кесте 15 - Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік құраушылары

Құзыреттілік құраушылары	Өлшемдері
Ұйымдастыру қабілеттері	1. Оқытуды, спорт түрлерін үйретуді жобалау іскерлігі.
	2. Спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі.
Әдістемелік білім, іскерлік	1. Пәнді (спорт түрлерін) білуі мен түсінуі
	2. Алған білімді практикада қолдануы
	3. Спорт түрлерін оқытуда әдістемелік әрекеттерді жүзеге асыруы.
Тұлғалық қасиеттер	1. Жаттықтырушы-оқытушылық қызметке мотивінің және қызығушылығының болуы
	2. Өзін-өзі дамытуға ұмтылысы
	3. Рефлексивтік қабілеті.
	4. Жаттықтырушы-оқытушыға тән жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруы.

15-кестеге сәйкес құзыреттілік құраушыларын оқу пәндеріне байлау жүзеге асырылады (кесте 16).

Кесте 16 - Модульдер бойынша құзыреттілік құраушыларының үйлестірілуі

Модуль аты (пән)	Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік								
	Ұйымдастыру қабілеттері		Әдістемелік білім, іскерлік			Тұлғалық қасиеттер			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Психология және адам дамуы						+	+	+	+
Педагогика						+	+	+	+
Дене шынықтыруды оқыту әдістемесі	+	+	+	+	+	+	+	+	+

16-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дене мәдениеті мен спорттың әдістемесі	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі	+	+	+	+	+	+	+	+	+

16-кестедегі құзыреттілік құраушыларын пәндерге байлауда жалпылық сипат алғандықтан, оны ары қарай да ажырату жүзеге асырылады. Біз соның ішінен ажырату арқылы оқу пәні деңгейінде қалыптастыруға болатын зерттеп отырған құзыреттіліктің ұсақ құраушыларын (оқу материалдарын) анықтаймыз (кесте 17). 17-кестеде бір ғана құзыреттілік құраушыларының ұсақ құраушыларға (оқу материалдарына) ажыратуға болатынын көрсетіп отырмыз.

Кесте 17 - ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі құраушылары (ұйымдастыру қабілеттері)

Құзыреттілік құраушылары (өлшемдері)	Критерийлер
Оқытуды, спорт түрлерін үйретуді жобалау іскерлігі.	1. Спорттық ойындарды ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру
	2. Оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау
	3. Спорт ойын түрлерін педагогикалық талаптар тұрғысынан іріктеу
	4. Оқу-жаттығудың эргономикалық негіздері
	5. Спорттық ойынды, жаттығуды зерттеу (іздену)
	6. Оқу пәндері, спорт түрлері арасындағы байланыстарды жүзеге асыру
Спортты оқыту үдерісінде субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі	1. Спорттық ойынға педагогикалық басшылық етуі
	2. Ережелерді, нұсқаулықтарды әзірлеуі
	3. Топтық, жеке дара, бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруы

17-кестеде көрсетілгендей, құзыреттіліктің басқа да құраушыларын ажыратуға болады. Оқу материалдарына, элементтеріне неғұрлым терең ажырауы зерттеп отырған құзыреттілік құраушыларын, құзыреттілікті дұрыс қалыптастыруда оқыту технологиясын, оқыту әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Келесі кезекте анықталған құзыреттілік құраушыларының болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктері зерделенеді. Бұл мәселе біздің зерттеу тақырыбымыздың 2.1

тақырыпшасында қарастырылды және оқу пәндері бойынша типтік, оқу бағдарламаларының біз зерттеп отырған құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндіктері анықталды және элективті курс енгізу қажеттілігін көрсетті.

5. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған элективті курс енгізу.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін, оның құраушыларын қазіргі таңдағы ЖОО дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім беру бағдарламалары, оқыту мазмұны толық қамтымайтындығы анықталды. Сол себепті де, зерттеп отырған құзыреттілік құраушыларын оқыту мазмұнына енгізу мақсатында «Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру құзыреттілігі» элективті курсы ұсындық. Элективті курс мазмұны үш модульді қамтыды (кесте 18).

Кесте 18 - «Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі» элективті курсы

№	Тақырыптар	Ауд.сабақ-тар		Ауд.тыс сабақтар	
		лек	практ	ОСӨЖ	СӨЖ
Модуль 1. Ұлттық спорттың әлеуметтік-психологиялық аспектілері					
1	Ұлттық спортты дамытудағы факторлар. Ұлттық спорттағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдар.	1	3	2	3
2	Ұлттық спортты ұйымдастыруды психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық қолдау	2	6	4	6
Модуль 2. Ұлттық спорт түрлерін оқытуды ұйымдастыру негіздері					
3	Ұлттық спортты ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруы. Оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлауы	1	3	2	3
4	Ұлттық спорт түрлерін педагогикалық талаптар тұрғысынан іріктеуі. Оқу-жаттығу іс-әрекеттерінің эргономикалық негіздері	1	3	2	3
5	Ұлттық спортты, оқу-жаттығуды зерттеу (іздену) іс-әрекеттерін ұйымдастыруы	1	3	2	3
6	Оқу пәндері, спорт түрлері арасындағы байланыстар	1	3	2	3
7	Спорттық ойынға педагогикалық басшылық етуі. Ережелерді, нұсқаулықтарды әзірлеу	1	3	2	3
Модуль 3. Ұлттық спортты оқытудағы әдістемелік әрекеттер					
8	Ұлттық спортты оқытудың дидактикалық-әдістемелік негіздері	2	6	4	6
9	Әдістемелік іс-әрекеттер (оқу материалдары)	2	6	4	6
10	Ұлттық спорт түрлерін оқыту технологиялары	2	6	4	6
11	Ұлттық спорт түрлерін бақылау құралдары	1	3	2	3
7- семестр					
		15	45	30	45

18-кестеге сәйкес әрбір тақырыпты оқытудың формалары мен әдістері немесе оқытушы мен білім алушының оқыту/оқу үдерісіндегі әрекеттері

анықталуы немесе жобалануы тиіс. Ол үшін, бізге технологиялық карта немесе технологиялық жиынтық карта құрастыруымыз қажет болды.

6. Оқытуда технологиялық карта тұрғызу.

Оқытудағы технологиялық карта оқыту үдерісін бір ізді тұрғызуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқытуда мақсатқа сәйкес нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың төмендегідей үлгісін ұсынып отырмыз (кесте 19).

Кесте 19 - Оқытудың технологиялық картасы үлгісі (білімге қатысты)

Оқыту нәтижелері	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі
Ұлттық спортты ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру	1. Лекция. 2. Семинар.	1. Кеңес беру. 2. Зерттеушілік семинарлар	1. IT әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. 2. Әдебиеттерді шолу.	1. Материалдарды шолу.	Қолдану
Оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау	1. Оқытушы басшылығымен жұмыс. 2. Өзіндік жұмыс.	1. Кеңес беру. 2. Мәселені шешуді іздеу бойынша сессия.	1. Зерделеген әдебиеттер бойынша резюме (аннотация) жазу.	1. Презентация.	Қолдану

19-кестеге сәйкес анықталған оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін сәйкес оқыту технологиялары, оқытушының оқыту үдерісіндегі әрекеті, білім алушының әрекеті, бақылау формалары мен меңгеру нәтижелері жүзеге асырылатын болады (қосымшада келтіріледі).

19-кестеде меңгерудің, яғни білімді меңгерудің деңгейін қолдану көрсетілген. Олай болса, оқытудың құраушылары сол деңгейге қол жететіндей етіп құрастырылуы тиіс. Құзыреттіліктің қалған құраушыларының да меңгеру деңгейі технологиялық карта құрастырылуында көрсетілуі тиіс.

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ маманның ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі болғандықтан, келесі кезекте ажыратылған оқыту нәтижелерін оқыту әдістемесі қарастырылады.

7. Анықталған құзыреттілік құраушыларын оқыту нәтижесі тұрғысынан оқыту әдістемесін жүзеге асыру.

Спорттық мектептерде оқу-жаттығу үдерісінде ең маңызды рөл жаттықтырушы-оқытушыға беріледі, мұнда оның басты қызметі оқушылардың танымдық және дене әрекеттерін басқару болып табылады. Осыған байланысты

жаттықтырушы-оқытушыға өзінің күнделікті педагогикалық әрекеті барысында төмендегі:

- спорт түрін оқытуда, үйретуде ыңғайластырылған нәтижеге жету;
- оқушылардың белсенді оқу-жаттығу әрекеттерін жетілдіру;
- спорт түрлеріне қызығушылықты арттыру;
- ұйымдастырылып отырған оқу-жаттығу, спорт түрлеріне оқушылардың қалыптасуын бағыттау;
- оқыту құралдарын, формаларын және әдістерін таңдауды дидактикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу міндеттерін шешу қажет болады.

Жаттықтырушы-оқытушы үшін спорт түрлеріне, оның ішінде ұлттық спорт түрлеріне оқушыларды баулуда ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктің ішінде ұйымдастыру жұмыстарының маңызы жоғары. Спорт мектептерінде оқу-жаттығу жұмыстарының төмендегідей ұйымдастыру-педагогикалық мәселелері шешімін табуы тиіс.

Жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастырушылық іскерліктерін төмендегіше көрсетуге болады [246]:

1. Оқушылардың спорт түрлері бойынша оқу материалын баяндауын, мінез-құлқын, іс-әрекетін ұйымдастыруына талдау жасауы;
2. Оқушыларды спорт, ойын түрі бойынша әртүрлі оқу-тәрбие, оқу-жаттығу, жарыстарға қатыстыруы, сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыруы;
3. Спорт түрлері бойынша алынған нәтижелерді есепке алуы және бағалауды жүйелі жүзеге асыруы;
4. Спорт түрлері бойынша оқушылардың сапалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жаңа тапсырмаларды анықтауы;
5. Сапалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқушылар ұжымымен іскерлік қатынасты, бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруы;
6. Мектеп оқушыларын спорт түрлері бойынша жеңімпаздармен таныстыру іс-әрекетін ұйымдастыруы;
7. Спорт түрлері бойынша жобалау іс-әрекеті барысында оқушылардың тапсырманы саналы және дұрыс орындауын ұйымдастыруы.

Педагогиканың негізгі мақсаты - оқыту үдерісінің құрылымдық элементтерін жинақтау, өзара байланыстыру олардың диалектикалық біркелкілігін қамтамасыз ету. Әдістемеді көбінесе: «қалай оқыту керек?», оқытудың қандай құралдары арқылы оқыту мазмұны оқушылардың білімі мен іскерлігіне айналады деген сұрақтар басым болады.

Әдістемелік әрекет толық мәнді және ол жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше кәсіби әрекетінің түрі ретінде зерттелініп бітпеген мәселе. Педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік іс-әрекетке үш түрлі көзқарас қалыптасқан.

Бірінші көзқарасқа сәйкес, әдістемелік әрекет жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше білім алуы, дидактикалық құралдармен жұмыс істеуі, пәнге, оқу іс-әрекетіне сәйкес білімін жетілдірумен байланысты әдістемелік жұмысқа тән болып табылады. Екіншісіне нақтылы оқу пәнін оқытуға, үйретуге қатысты әдістемелік әрекет жатады. Бұл жағдайда авторлар

жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік және оқыту, үйрету әрекеттері ерекшеліктеріне назар аудармайды, ал «әдістемелік әрекет», «оқыту әрекеті» бір-бірінің синонимі ретінде қабылданады.

Үшінші көзқарасты құптайтын зерттеушілер, әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымындағы салыстырмалы түрде өзбетінше көрініс табатын іскерліктер жиынтығы деп таниды.

Жаттықтырушы-оқытушылар әдістемелік әрекет маңызы мен ерекшеліктерін қабылдайды. Мәнділігіне байланысты бұл әрекет пәнді оқытудан және тәрбиелеуден кейінгі үшінші орынды алады. Сондықтан әдістемелік әрекет кәсіби-педагогикалық әрекеттің өзбетінше орын алатын түріне жатқызылады [247].

Жаттықтырушы-оқытушылардың әдістемелік іс-әрекетінің мақсаты – оқыту, оқу-жаттығу практикасын қамтамасыз ету. Жаттықтырушы-оқытушылардың әдістемелік іс-әрекеті қызметі: талдау; жобалау, оқыту мазмұнын жоспарлау мен жасауға, оқыту әрекетін даярлау мен жоспарлауға қатысты әрекет; құрылымдық, жаңа білім, білік және кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыру үдерісіндегі жаттықтырушы-оқытушы мен оқушының өзара әрекеттеріне бастайтын, алда тұрған сабақты жоспарлауға, оқу материалдарын алға тарту формаларына байланысты әрекеттер жүйесі; нормативтік, білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларының талаптарын, білім беру мекемелері типтеріне байланысты білім беру үдерісін іске асыру шарттарын орындау; зерттеушілік.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға жаттықтырушы-оқытушының оқыту әрекетін алуға болады. Әдістемелік әрекет, оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Мұнда педагогикалық үдеріс пен оны іске асырудың: әдістемелік, материалдық-техникалық немесе ұйымдастырушылық ара жігін ажырату үшін олардың әрекет пәндеріндегі айырмашылықтарын анықтау қажет.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекет нысаны - кәсіби білім, білік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі болып табылады. Әдістемелік әрекет пәні – нақтылы пән мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, іскерліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттеу болып табылады [246, б. 78].

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекет субъектісі - оқытушы немесе оқытушылар ұжымы болып табылады. Әдістемелік әрекеті нәтижесі – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада, әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу/оқыту бағдарламалары және т.б. болып табылады.

Сонымен, жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеті жеке пән немесе спорт түрі бойынша оқу-жаттығуды үйрету, оқыту мен оқу әрекеттерін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту құралдарын

зерделеу, құрылымдау және жасау, жобалауға қатысты жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше кәсіби әрекет түрі.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеті түрлеріне:

- оқу-бағдарламалық құжаттарды, әдістемелік кешендерді талдау;
- оқу материалдарын әдістемелік талдау;
- оқытудың теориялық және практикалық сабақтары жүйесін жоспарлау;
- сабақта оқу ақпараттарын моделдеу мен құрылымдау формаларын алға тарту;

- оқушылардың спорттық ұғымдарды және практикалық дене іскерлігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау;

- пән, оқу-жаттығу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау;

- пәндік білім, іскерлік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау;

- сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау;

- сабаққа дайындалу және оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау.

Әдістемелік іс-әрекетті меңгеру әдістемелік ептілік арқылы қалыптасады [245, б. 79].

Ептілік – алдын-ала меңгерген білімдер негізінде жаттықтырушы-оқытушының жаңа жағдайда қандай да бір әрекетті орындауы [247].

Жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің әдістемелік білім мен іскерлік құраушысы: негізгі іс-әрекеттердің дидактика-әдістемелік негіздерін, іс-әрекеттің оқу материалдарын зерделеуге, алдыңғы қалыптасқан ептіліктерді жинақтауға байланысты.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда ұйымдастырушылық қабілеті сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін ұйымдастыра білуге; оқушылардың білім, білік, дағдысына қойылатын талаптарға сәйкес сапаларды қалыптастыра білуге; жоспарларды жүзеге асыра білуіне байланысты. Олай болса, бұл оқыту технологиясының немесе оқытудың басқа әдістерінің үйлесімді жүзеге асырылатындығын білдіреді.

Зерттеу жұмысымызға байланысты құзыреттілікті қалыптастыруды үш құраушы тұрғыдан (білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапа) немесе кешенді әдістерді қолдану тұрғысынан жүзеге асыруға болады. Сол себепті де біз зерттеуіміздің теориялық бөлімінде, қалыптастыру моделінде қарастырылған теориялық тұғырларды, оқыту әдістері мен формаларын төменде сипаттап жазатын боламыз.

Ғылыми деректер бойынша оқу материалдарын қабылдау мен іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндіктері мынандай көрсеткіштермен анықталады:

Оқу барысында	10%
Есту арқылы	20%
Көру арқылы	30%

Көру әрі есту арқылы	50%
Көру, есту және сөйлеу арқылы	70%
Көру, есту, сөйлеу және жасау арқылы	90%

Сондай-ақ, үйренуге әсер ететін факторлар төмендегіше болып келеді: үйренуге әртүрлі ықпалы жоғары немесе ықпалы төмен болатын факторлар. Үйренушінің жасына, назар аударуына және қатынасына, ақыл және дене бітімінің ерекшеліктеріне, білім беру ортасына, мәдени аумағына қарай өзгерістер болып отырады.

Кез келген іс-әрекетке, оның ішінде ұлттық спорт, ойын түрін үйретуге/үйренуге әсер ететін факторларды төмендегіше көрсетуге болады:

1. Физиологиялық факторлар.
2. Психологиялық және қоғамдық факторлар.
3. Сыртқы ықпалдар.
4. Үйрету/үйрену әдістерінің сәйкестігі.
5. Ортаның қабылдауы.
6. Жеткіншектер жас ерекшеліктері мен мөлшері.

Оқытушы әрбір іс-әрекет үшін дайындық жасауы тиіс. Білім алушылардың іскерліктерін, құзырларын қалыптастыру үшін әзірленген жоспарда уақыт үлестірілуі керек.

Бір мақсатқа жету үшін бастапқыда жасалған дайындық әрекеті жоспарлау деп аталады. Мақсатқа жету үшін оның анықталуы және жолының белгіленуі оқытудың жоспарлануы деп аталса, осы мақсатқа жету жолында кездесетін кедергілерді басып өту үшін қабылданған іс-шаралар оқыту әдістері деп те аталады.

Жоспарлау, негізінен, бес негізгі мәселенің шешімін табумен жүзеге асырылады. Олар:

1. Не үйретемін?
2. Қашан үйретемін?
3. Қандай мақсатпен үйретемін?
4. Қалай үйретемін?
5. Қай жерде үйретемін?

Бұл сұрақтарға жауап іздеуде жоспар жасалынады және жүзеге асырылады. ЖОО әртүрлі жоспарлар әзірленіп, басшылыққа алынатыны белгілі. Біз зерттеулер мен практика нәтижелерін зерделеу негізінде жоспарлаудың төмендегідей пайдаларын атап өтеміз:

1. Оқытушыны дайындықта болуға жетелейді және өзінің негізгі сенімін арттырады.
2. Көзделген оқытудың тура түсініктегі (логика) қатарда дәрежелі, сатылы түрде берілуін қамтамасыз етеді.
3. Бағдарламада ескерілген мақсаттарға және тақырыптарға сай оқыту амал, қағида және тәсілдерін таңдауды оңайлатады.
4. Білім алушылардың сабаққа және тақырыптарға байланыстарының артуына және қатынастарының қамтамасыз етілуіне тікелей әсер етпейді.

5. Дайындық арқылы үйрену ортасын қалыптастырады және тәртіп мәселелерін азайтады.

6. Мамандығы бойынша жеткілікті түрде тәжірибеге қол жеткізбеген оқытушылардың жетілуіне және тәжірибелі болуына көмекші болады.

Педагогикалық іс-әрекетке үйренудің ең маңызды ықпал ететіні – ұсынылатын, оқып үйренетін оқу материалдары мен оқыту/оқу әдістері. Тақырыпқа байланысты материал көп табылатын болса, үйрену барысы да қысқарады.

Сонымен қатар, біз зерттеу жұмысы барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық, құзыреттерге бағдарланған тапсырмаларды кеңінен қолдану керек екендігіне көз жеткіздік.

Тапсырма – бұл оқу-танымдық міндеттерді жүзеге асыру формасы, сондай-ақ, ұғымдар жүйесін қалыптастыру кезіндегі оқытушы мен білім алушының іс-әрекетіндегі байланыстырушы буын. Жоғарыда айтып өткендей, сұрақтар мен жаттығулар тапсырмалардың, оның ішінде педагогикалық тапсырманың бір түрі.

Тапсырмалар жүйесіне жаттығу да енеді және жаттықтырушы-оқытушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік орны бар орталық буын болып табылады. Жаттығу – меңгеру мақсатында іс-әрекет пен қимылды қайталап орындау. Оқытып-үйретудің әртүрлі жағдайларында жаттығу үйрену үдерісінің барлық құраушылары – қимылдың мазмұнын анықтау, оны пысықтау, қорытындылау және автоматтандыру – соның шеңберінде жүзеге асырылатын бірден-бір амал болып табылады. Енді бір жағдайда ол түсіндірумен және үйренумен қатарлас амалдардың бірі ретінде қарастырылады. Жаттығу алдын-ала үйренусіз-ақ, түсіндіргеннен кейін бірден жүзеге асырылуы мүмкін; бұл орайда пысықтау түгелдей жаттығу үдерісінде болады [48].

Жаттығу – бұл білімді меңгеруге, алғашқы іскерлік пен дағдыны өндіруге, репродуктивті және жекелей-өнімді іс-әрекет барысында оларды бекіту мен жетілдіруге бағытталған құрамы мен сипаты бойынша қарапайым тапсырманы орындау. Ұғымды қалыптастыруға әртүрлі мәнді жаттығулар кіреді, олар: мазмұндық-логикалық, ақпараттық-коммуникативтік, эксперименттік-практикалық, есептік, аралас.

Әрбір жаттығу сабақтарынан кейін студенттер өзінің ой толғанысын әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы білдіріп, бөлісіп отырғаны абзал. Осындай тәжірибелер арқылы, қазіргі жаттықтырушы-оқытушы студенттердің ішкі мүмкіндіктерін ашу арқылы:

- олардың шығармашылық қабілеттерін тани білуге;
- студенттерді өз бетінен жаттығулар жасап дағдыландыруға;
- өзге мәдениетпен танысуға; жаңашыл іс-әрекет жасауға;
- білімге деген жетіспеушілігін сезіп білуіне;
- өмірде кездесетін көптеген жағдаяттарды шеше білуге;

-жаңаны танып білуге деген құлшынысын, қабілеттерін оята білуге тәрбиелесе ғана заман талабына сай маман «жасап шығаруға» мүмкіндік туады деп есептеуге болады [248].

Ізгілікті педагогика қатал үйретуге қарсы. Үйрету әдісін дұрыс пайдалану шарттары:

- 1) педагогикалық үдеріс мақсатының айқын болуы;
- 2) оқыту/оқу үдерісін түсінікті үйрету;
- 3) тапсырманы беруде уақыт мөлшерін есепке алу;
- 4) тапсырманы орындау амалдарын және қол жетімді нәтижені көрсету;
- 5) оқыту үдерісі сапаларының бірізділігі және сәйкесті тәрбиесі;
- 6) үйрету әдістеріне үнемі бақылау жасау.

Педагогикалық білімдерді, іскерліктерді заманауи талаптарға сәйкес игерудің және маманның құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде пәндерді оқытудағы жаттығу амалдарын орындау үш жолмен жүзеге асады:

- іскерлікті қалыптастыру, алған білімді қолдана білу;
- алған білім мен іскерлікті шығармашылық әрекетте қолдану;
- ізденушілік бағыттағы жұмыстар.

Жаттығуларды бұлайша үш бөліп қарастыру шартты түрде ғана деп түсінген жөн. Өйткені, кез келген жаттығу жұмыстары репродуктивті, продуктивті және шығармашылық құраушылардан тұрады. Жаттығудың үш түрі де оқу бағдарламасының кез келген бөлімін немесе тақырыбын ұсынғанда қолданылады. Пәнді оқытқанда шығармашылық сипаттағы жаттығулар үлесі арта түседі де репродуктивті жаттығулар үлесі азая береді.

Жаттығуларда қолданылатын қозғалыс әрекеттері қатаң тәртіп белгілеуді талап етеді. Бұл спортпен шұғылданушыларды өзін ұстай білуге, саналы тәртіптілікке, өз денесін меңгере білуге, сезімін басқаруға, өз әрекетіне жауап беруге және тәртіпті сапалы орындауға мәжбүр етеді. Қозғалыс әрекеті арқылы спортпен шұғылданушы жаттығуды орындаумен қатар, батылдық, ерлік, шешімділік, табандылық, орнықтылық және басқа да жігерлілік сапаларын көрсетуіне тура келеді. Спортпен шұғылдандуда адамгершілік бейнесі де ерік-жігердің қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Ұлттық ойындар мен дене жаттығуларының мазмұнын, талдауымыз көрсеткендей, жарыстық әдіс пен ойындық әдістерді үйлестікте пайдалану дұрыс екеніне көз жеткіздік. Бұл әдіс барлық ұлттық ойындарда және дене жаттығуларында жеке сайыс элементтері мен бәсекелестікке негізделіп құрылады.

Педагогикалық қарым-қатынас бойынша тренингке ұсынылған жаттығулардың бағыттары төмендегідей болды:

- 1) іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын дамыту;
- 2) ымдау мен пантомимиканы дамыту;
- 3) әріптеске (серіктеске) назарын шоғырландыру қабілетін шыңдау;
- 4) қарым-қатынастағы оң бастаманы басқару;
- 5) адамның жүзіне қарап, ойын білу қабілетін дамыту;
- 6) дауыс ырғағын басқару техникасын дамыту;

7) көпшіліктің алдында сөйлеу өнерін игеру.

Іс-әрекетке оқытудың үшінші бағыты жаттықтырушының кәсіби өзіндік санасын дамытуға септігін тигізеді.

Оқу материалдарын белсенді меңгере отырып, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың біріне оқыту/оқу әдістері мен формаларын таңдау жатады. Дене мәдениеті ретінде оқу үдерісі мынадай формалар басымдық танытады: лекция-диалог; семинар-практикумдар; тақырыптық пікірталастар; ғылыми ойталас; іскерлік ойын; теориялық және практикалық сабақтардағы проблемалық ситуациялардың стандартты емес шешімі; жеке іс-тәжірибе талқылау, т.б.

Оқу үдерісінде тапсырмаларды орындау барысында материалдарды жинақтау ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан ол:

- тапсырмаларды орындау барысында өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау;
- зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу;
- болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет, рефлексия арқылы жүзеге асады.

Оқу жұмысына мақсат қою, оны жоспарлау болашақ маманнан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді.

Тапсырманы таңдау әдісі жақсы нәтижелер береді. Жүйелі тапсырма беру арқылы жеке тұлғаны дұрыс істерге үйретуге болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыны даярлау жүйесінде олардың практикада шешуі тиіс міндеттерді және тапсырмаларды ұсынуға болады (қосымша Т, №1).

Оқыту іс-әрекетінің екінші бағыты білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастырумен байланысты лекция сабақтарында біз келесі теориялық мәселелерді қарастырдық [50]:

- жаттықтырушының тұлғасы кәсіби өзін жетілдіру субъектісі ретінде;
- өзін-өзі тану - өзін тәрбиелеудің міндетті алғышарты;
- өзін дамытудың әдістері мен амалдары;
- кәсіби өзін сезінуді реттеу амалдары;
- жаттықтырушының өзін-өзі кәсіби тәрбиелеу мақсаты ретінде педагогикалық шеберлікті игеру.

Білім алушылар теориялық мәселелерді оқумен қатар тәжірибелік тапсырмаларды орындауды жүзеге асыруы тиіс. Жаттықтырушының кәсіби-маңызы бар тұлғалық қасиеттерімен таныса отырып, білім алушылар өздерінде сол қасиеттерінің қалыптасу дәрежесін бағалайды; жаттықтырушының тұлғасы мен педагогикалық іс-әрекеттерінің кәсіби үлгісінің жасалуын зерделейді және оларды талқылайды.

Ойлау іс-әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру технологиясы П.Я.Гальперин теориясының негізінде пайда болған. Оны кезеңдер қатары түрінде мыналарды елестетуге болады.

1-кезеңде: оқытушының іс-әрекеті білім алушының ұлттық спорт түрлеріне, оны оқытуға ынтасын белсенді ету, мотив туғызу.

2-кезеңде: ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйрету үшін білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін қалыптастыру.

3-кезеңде: ұлттық спорт түрлерін оқытуда материалдық және материалдандырылған объектілерді меңгерту.

4-кезеңде: ұлттық спорт түрлерін оқытуды ұйымдастыру бойынша іс-әрекетті тілдік (ауызша немесе жазбаша) көрнекілеу, оқыту үдерісі моделінің қалыптасуын қамтамасыз ету.

5-кезең: ұлттық спорт түрлерін оқытуды/үйретуді ұйымдастыру және оқу жұмыстарын жүзеге асыру іс-әрекеттерінің қысқартылуын және оны жедел орындауын қамтамасыз ету.

6-кезең: ұлттық спорт түрлерін оқыту/үйрету бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс әрекетін ойша жоспарлау, практикалық тұрғыдан жүзеге асыру.

Көрсетілген кезеңдерде оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті көрініс табуы тиіс.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық, оның ішінде құзыреттерге бағдарланған тапсырмалардың рөлі жоғары деп білеміз. Соның бірі - оқытуда кейс әдісін қолдану. «Оның қандай түрін қолдануға болады?» деген сұрақ туады.

Кейбір авторлар кейсті бірнеше түрге бөледі:

Далалық – нағыз өмірден алынған фактілерге негізделген;

Креслолық – авторлардың ойлап тапқан фактілеріне негізделген;

Американдық – ұзақ;

Батыс еуропалық – қысқа.

Ұзақ - кейс көлемі – 20 немесе одан да көп беттен тұрады.

Орта – 8-10 парақ.

Қысқа – 5 бетке дейін немесе бірнеше қатар сөйлемнен тұрады.

Кейстер бірнеше формада, яғни бір беттегі бірнеше сөйлемнен көптеген бетке дейін созылады. Бірақ, есте ұстайтын нәрсе көп беттен тұратын кейстер білім алушылардың оны шешуіне қиындықтар туғызады.

Бұл оқыту технологиясының әралуан белгіленулері бар. Шетелдік баспаларда бұл әдісті әр алуан атайды: жағдаяттарды зерделеу; іскерлік тарихы; кейс әдісі.

ТМД елдерінде: нақты жағдаяттар (ситуация) әдісі; іскерлік жағдаяттар; кейс әдісі.

Біздің пікірімізше, «нақты жағдаят», ал дәлірек айтқанда, «нақты оқу ситуациясы» деген терминді қолданған жөн деп есептейміз.

Кейс әдісі негізделген оқу үдерісі, бұл ұсынылып отырған жағдаяттарды жан-жақты зерделеуге, негізделуге мақсатты бағытталған үдеріс, кейс проблемаларын ашық пікірталас уақытында талқылау және шешім қабылдау

дағдыларын меңгерту болып табылады. Кейс әдісінің ерекшелігі нақты өмірден алынған фактілер негізінде проблемалық жағдаяттар туындату.

Кейс әдісі құрамында кейс банкісінен басқа, кейсті қолдануға арналған әдістемелік құралдар, білім алушылар үшін пікірталас сұрақтары, білім алушыларға арналған тапсырмалар, педагогқа арналған көмекші дидактикалық материалдар болуы қажет.

Кейс әдісі теориялық оқыту мен практикалық дағдылардың оңтайлы үйлесімін табуға көмектеседі. Оқытушының кабинеттегі пікірталасты ұйымдастыруы кезінде білім алушының ой-өрісі дамиды. Пікірталасты жүргізу және сілтемелер беру, бағыттаушы сұрақтар беру, шешім қабылдауға бағыттау бұл, педагогтың ең негізгі іс-әрекеті, т.б.

Нақты жағдаяттарды қолдану әдісі:

- өмірден немесе білім беру практикасынан алынып дайындалған жазбаша жағдаят үлгісі;

- білім алушылардың жағдаятты өз беттерінше зерделеуі және талқылауы;

- кабинетте отырып, ситуацияны төраға жетекшілігімен бірлесе отырып зерделеуі;

- «шешім шығарудан басқа талқылау» үдерісінің негізгі болуы принципін басшылыққа алу.

Кейстің артықшылығы:

- нақты уақиғаларға байланысты академиялық теорияларды демонстрациялауға мүмкіндік береді;

- педагогикалық құбылыстарға байланысты білім алушыларды нақты мәселені зерделеуге қызықтыруға мүмкіндік береді;

- ақпараттарды жинақтау, қайта өңдеу және зерделеу бойынша білім және дағдыларын белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік жасайды.

Кейс әдісі әртүрлі практикалық дағдылардың дамуына қолдау жасайды:

- зерделеу;

- практикалық;

- шығармашылық;

- коммуникативтік;

- әлеуметтік дағдылардың және

- өзіне-өзі талдау жасай білу дағдыларын.

Кейс түрлері және құрылымы. Кейс – бірігей ақпараттық кешен, ол үш бөліктен тұрады:

- кейсті зерделеуге қажетті қосымша ақпарат;

- нақты ситуацияны сипаттау;

- кейске берілетін тапсырма.

Зерттеу тақырыбы бойынша кейстердің әр түрлі формаларын қолдануға болады:

- бір беттегі бірнеше сөйлемнен, бірнеше беттегі материалдарға дейін.

- кейстің ұсынылуы: баспалық, мультимедия, бейне.

Кейстің стандартты түрдегі формасының болмауына байланысты, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға кейс баспа түрінде де берілуі мүмкін және мәтінде фотосуреттер, диаграммалар, кестелер және т.б. берілсе, білім алушылар үшін мазмұны көрнекі болып шығады. Соңғы кезеңде мультимедиа түрінде презентациялау жаппай қолданылуда.

Біздің жағдайымызда кейстерді оқыту мақсатына байланысты: зерделеуге және бағалауға үйрететін кейстер, проблеманы шешуге және шешімдер қабылдауға үйретеін кейстерді ұсынуға болады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда мазмұны бойынша төмендегідей кейстер типі ұсынылуы мүмкін:

- педагогикалық үдерісті зерделеуге және бағалауға үйрететін кейстер;
- педагогикалық мәселені шешуге және шешімдер қабылдауға үйрететін кейстер;

- педагогикалық мәселені, шешімді немесе толығымен тұжырымдаманы иллюстрациялайтын кейстер.

Нақты педагогикалық жағдаятты зерделеу жұмысының әдістемесін екі бағытта жүргізуге болады:

1. Нақты жағдаятты рөлдерде ойнау. Бұл кезде қатынасушылар жағдаятты алдын- ала зерделейді және сабақ талдаудан рөлдік ойынға ауысады.

2. Бір жағдаят шешімінің нұсқаларын бірлесіп талқылау білім алушылардың тәжірибесін тереңдетеді; олардың әрқайсысының нұсқалар шешімімен танысуға, толықтыруға, өзгертуге мүмкіндіктері бар.

Практика көрсеткеніндей, нақты ситуацияны зерделеу әдістемесі қойылған сұрақтардың жауабын алу үшін білімгерлерді терең білім алуға ұмтылдырады. Бұл әдістің негізгі мақсаты – білімгерлердің талдау қабілетін дамыту, өздеріндегі ақпаратты дұрыс пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, кейс әдісін құзыреттілікке бағдарланған тапсырма ретінде қабылдауға болады.

Жобалау әдісі – қандай да бір жолмен зерттеудің практикалық нәтижесін дайындау және мәселені талқылау бойынша білімгерлердің өзіндік іскерлігі негізінде жеке тұлғаға бағдарланған - оқыту әдісі. Бұл әдіс білімгерлердің сан қырлы субъектілі тәжірибесіне бағытталуын ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар, білім беруді ізгілендіруге қатысатын, әрбір білімгердің ерекшелігіне, бірегейлігін тануға жол көрсетеді.

Жобалық іскерлік әдіс:

- ол тек қандай да бір білім жинағын үйретіп қоймай, ақпарат алу әдістерін және оларды болашақта практикалық және теориялық қызметте жалғастыру;

- өз бетінше, топта жұмыс жүргізуге үйрету;

- өзгелердің ой-пікірлеріне, басқа білімгерлердің өзге оқу жұмыстарының әдістеріне қатысуына тәрбиелеу;

- өз бетінше шешім қабылдау іскерлігін қалыптастыру;

- қарым-қатынастық іскерлігін қалыптастыру (тікелей қарым-қатынаста, сондай-ақ Интернет жүйесінде);

- мәліметтер мен құбылыстарды салыстыруды, талқылауды үйретеді;
- білімгерлерде ойды жалғастыру, жорамал жасау, болжам жасау, оларды қалыптастырып дамыту міндеттерін шешуге бағытталады.

Оқу жұмыстарын ұйымдастыруда оқыту/оқу әдістері дұрыс таңдалып алынбаса, бірыңғай жеке жобаларды қолдануда жеке бастың дамуы мүмкін, сондықтан, ұжымдық жобаларға теңдей көңіл бөлінуі қажет.

Ұлттық спорт түрлерін оқытуды ұйымдастыру бойынша жобаны орындау кезеңдері төмендегідей болуы мүмкін.

Дайындық кезеңі:

- білім алушылардың жоба тақырыбын таңдауы, оны негіздеуі, жобаны орындау бойынша іс-әрекет мотивациясын құру;
- жобаны орындау үшін білімгерлердің бойындағы білімнің, іскерліктің және дағдылардың қажетті көлемін анықтау;
- білім алушылардың оқытушымен бірге жобаны орындау бойынша жұмыс жоспарын құруы;
- интеллектуалдық күш-жігерді, жұмсалатын ынта-ықыласты назарға алу.

Құрастырушылық кезең:

- жобаны орындаудың мүмкін болған бірнеше нұсқаларын қарастыру және ең тиімді нұсқасын іріктеу;
- қажетті ақпаратты жинау мен өңдеу, қажетті әдебиетті, ақпарат көздерін зерттеу;
- жобаны әзірлеу, оны оқыту технологиясын зерттеу;
- құжаттаманы әзірлеу, жобаны орындау үшін қажетті оқу материалдарын дайындау;
- ұжымдық және топтық жобалар үшін міндеттерді бөлу.

Технологиялық кезең:

- технологиялық карта және оған қойылатын талаптарды ескере отырып, жобаны орындау;
- ағымдық бақылау және іс-әрекетті түзету;
- ұлттық спорт түрлерін оқытуда, оқу жұмыстарын ұйымдастыруды қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау.

Қорытынды кезең:

- орындалған жұмыс сапасын өз бетінше бағалау (ойластырылған жобаның оған қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау; қауіпсіздік ережелерін сақтау);
- жобаны орындауға жұмсалған уақыт шығындарын есептеу;
- ұжым ішінде жобаны алдын-ала қорғау;
- комиссия алдында жобаны қорғау (бұйымның тұсаукесері).

Жобаны, оның ішінде шығармашылық жобаны бағалау білім алушылардың еңбегін қорытындылап қана қоймай, сондай-ақ зор тәрбиелік мәнге ие болады.

Жалпы бағалау үш бағалаудың орташа арифметикалық мәні болып келеді.

1. Білімгерлер орындаған ұлттық спорт түрлерін оқытуды ұйымдастыру бойынша нақты жоба мазмұны үшін.

2. Түсініктеме жазбасына ұсынылған оқу-материалдық база, оқыту технологиясы жобасы, т.б. үшін.

3. Жұмысты қорғау кезіндегі ұтымды жауабы үшін.

Жобамен жұмыс істеу барысында оқушыларға жобалаудың жалпылама алгоритмін тапсырған жөн. *Алгоритм* - белгілі бір тапсырманы орындауға берілетін нұсқаулар реттілігі.

Оны жалпы түрде ашық сұрақ-жауаптар күйінде беруге болады:

- Қазірдің өзінде ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыру бойынша не бар екен?

- Ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру нұсқаулықтарын, оқу жұмыстары бойынша әдістемелік нұсқауларын кімдер пайдаланады?

- Өзіңіздің жобаңызды ұсына отырып, сіз қандай қажеттіліктерді қанағаттандырғыңыз келіп отыр?

- Сіз ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетте ненің есебінен табысқа жеткізіңіз келеді? Сізде қандай идеялар мен ұсыныстар бар?

- Сіз ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыру бойынша орындалатын іс-әрекет реттілігін өзгертуге талпынып көрдіңіз бе?

- Сіз қандай әлеуетке иесіз және мүмкіндіктерге иесіз? Бұл жағдайда қандай идеялар мен ұсыныстар едәуір дұрыс келеді? Қандай қосымша қорлар қажет?

- Жобаны әзірлеу кезінде сізге көбірек не ұнады? Жобалау жұмысын қайта бастайтын болсаңыз, нені жақсартуыңыз керек еді? Жобада сіз өзгерткіңіз келетін кемшіліктер бар ма?, т.с.с.

Жобаны орындаудағы келтірілген оның жалпы алгоритмі білім алушыларға жобамен жұмыс істеуде көмек көрсететіні белгілі. Жобалауда осы алгоритмді толықтырып, хабарлық ақпарат немесе жарнама ретінде қабырғаға іліп қоюға болады. Арнайы хабарламалық қабырғаға жобаның тақырыбы, орындаушылардың аты-жөні, кеңес өткізу туралы хабарландыру, мұқабаның сипаты, түсіндірме жазбаны, графикалық сызбаны және басқа да материалдарды, жобаны бағалау критерийлері, рәсімдеу үлгілері ілінеді.

Ұлттық спорт түрлерін оқытуды ұйымдастыру бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда имитациялық емес әдістер қолданылады. Оған проблемалы баяндау лекциясы, дөңгелек үстел, лекция – конференция, алдын-ала жасалған конспект бойынша лекция, шолу лекциясы, коллоквиум, бағдарламалап оқыту, семинар, тақырыптық дискуссияға арналған көшпелі сабақ, топтық консультация, олимпиада жатады. Имитациялық әдіс ойындық және ойындық емес болып екіге бөлінеді.

Педагогикалық қызметке баулуда мақсатқа жету үшін қажетті, ең қысқа жолы, ол - бір мәселені зерделеу және оны шешу, бір тәжірбиені қорытындылау. Ол үшін үйрету техникасы немесе пікірталас әдісі басшылыққа алынады.

1) Ұлттық спорт түрлерін оқытуды/үйретуді жүзеге асыруға даярлаудағы пікір талас әдісі. Бұл пікірталас немесе талқылау әдісі болып табылады. Зерделеп отырған тақырыпқа сәйкес шешім табу үшін пікірлер ұсыну, шешім шығару бағыты. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының іс-әрекетін өлшеу және бағалау үшін қорытындысы белгілі тақырыпты таңдау қажет немесе қорытынды шығатындай бір мәселе таңдалады. Таңдап алынған мәселе бойынша жылдам және ең жақын шешім ұсыныстарын айту маңызды. Бұл жағдайда шектен тыс анықтаудың қажеті шамалы.

Сондай-ақ, мәселенің анықтамасы және уақыт шектеуі дұрыс қадағалануы қажет. Ұсыныстар қысқа әрі шектеулі болуы да шарт. Ұсыныстардан кейін сындарға және қарсы ұсыныстарға да уақыт бөлінеді. Ұсыныстар мен қарсы ұсыныстардан кейін шешім шығарылады. Шешім шығару кезеңінде талдау ұсыныстары топтастырылады, реттеледі, ұқсас келетін пікір байланыстары, пайда келтіру сияқты әдістер пайдаланылады. Қолдағы бар пікірлердің іске асырылуы туралы жұмыс жасалып, қорытынды бағаланады. Оқытудың негізгі мақсатынан басқа білім алушының өз пікірін жеткізе алуы, баяндай білуі және оны қорғай алуы сияқты қабілеттері де пайдалы.

Бұл, негізінен, құзыреттіліктің білімдік және психомоторлы саласының құраушыларын анықтауда басымдыққа ие болады.

б) Көріністі сипаттау бағыты және техникасы. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды мамандыққа баулуда - оқытудағы ең маңызды бағыт профессор-оқытушы құрамының меңгеретін іс-әрекетті өзі жасап көрсетуі арқылы үйретуі. Бұл бағыт пен техниканың іске асырылуы үш сатыда жүзеге асырылады.

в) Дайындық сатысы: 1. Көріністің мақсаты – іскерлікке, ептілікке, икемділікке үйрету. 2. Көрініс үшін оқу-материалдық базаның болуы. 3. Жеткілікті уақыт бөлінуі қажет. 4. Көрініс нысанының белгіленуі. 5. Көріністе қай жағдайда әдіс жасалатындығына шешім шығарылады. 6. Білім алушылардың есте сақтайтын сәттері белгіленеді. 8. Көрініс кезеңінде физикалық және психологиялық шыдамдылықтары белгіленеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлерінен білімін қалыптастыруды жүзеге асыру сатысы:

а) Оқытушының түсінікті терминдер қолдануы, мақсатты түсіндіруі.

б) Көріністе қолданылатын көрнекіліктерді таныстыруы: қолдану кезегі, орналастыратын жері және қолдану мақсаты туралы қысқаша мәлімет беріледі.

в) Көрініс іс-әрекетпен қатар жалғастырылады, орындалатын тәсілдерді, амалдарды сұрақ сұрау арқылы тексеруге болады.

г) Білім алушылардың есте сақтайтын тұстарын, сәттерін жазып алуына жағдай жасалады.

д) Үзіліс жасау кезеңі ұзартылады, сондай-ақ, психологиялық және физикалық тұрғыдан қиналуына, шаршауына жол берілмейді.

ж) Сұрақтарға қысқа және нақты жауаптар беріледі, сұрақтардың тақырыпқа байланысты болуына баса назар аударылады. Кейбір оқу

материалдарының және іс-әрекеттердің алдыңғы тақырыптармен немесе басқа оқу пәндерімен байланыстарына орын беріледі.

Біздің зерттеуіміздің педагогикалық шарттарының бірі – дайындықты жүзеге асырудағы анықталған педагогикалық тапсырмалар. Педагогикалық тапсырманың бір түрі сұрақтар болып табылады. Педагогикалық әдебиеттерді зерделеу негізінде білім алушыларға қойылатын сұрақтардың бағыттарын төмендегідей беруге болады [249]:

1. Заттарды салыстыру, олардың бейнелерін немесе фактілерді салыстыруға байланысты сұрақтар.

2. Себебін түсіндіруге арналған сұрақ.

3. Болжамдық түсіндіруге арналған сұрақ.

4. Фактіні дәлелдеуге арналған «иә» немесе «жоқ» деуге арналған сұрақ.

5. Ұғымды тұжырымдауға арналған сұрақ.

6. Зерделейтін, үйренетін үдерістердің, құбылыстардың ортақ белгілерін анықтауға, жалпылауға бағытталған сұрақ.

7. Пәнаралық байланыстарды орнатуға арналған сұрақ.

8. Жаңылыстыруға арналған сұрақтар да, өз кезегінде, білімді нақтылай түсуге әсер етеді.

Біздің зерттеуімізде ұсынылатын әдістеменің келесі сатысы - бағалау:

а) Білім алушыларға көргендерін түсінгендігін, түсінбегендіктерін бағалайтын сұрақтар қойылады.

б) Білім алушылар сұрақ қоюға бейімделуі керек.

в) Жоспарланған болса, білім алушылардың біреуі жұмысты қайтадан көрініс түрінде көрсетуіне мүмкіндік туғызылады.

г) Бақылау сатысы белгіленіп, білім алушыларды бағалау үшін олардың еркін қалуы тиіс.

д) Жүйелі және үздіксіз бақылау арқылы білім, іскерлік және қабілеттері мен іс-әрекеттеріндегі қателіктерді анықтау және түзеп отыру жүзеге асырылады.

Сұрақ- жауап тәсілі және техникасы. Бұл біздің зерттеу жұмысымызда да білім алушыларды бағалауда кеңінен қолданылған техника. Сондай-ақ, ойлау және ойлағанын түсіндіре алу үшін қабілетін дамыту тұрғысынан пайдалы.

Оқыту/оқу үдерісін ұйымдастыруда оқытушы нақты жағдаятты ескерумен сұрақ қойғанда мыналарға баса назар аударғаны жөн:

1. Топқа қатысты сұрақ оның барлық мүшелеріне қойылады; олардың тақырып бойынша ойлауы қалыптастырылады.

2. Ойлау уақытынан кейін жауап беру ортасы қалыптасады, жауап беретін білім алушы анықталады.

3. Жауап беруге ынталы білім алушыға алдымен мүмкіндік беріледі.

4. Оқу үлгерімі төмен немесе үйренуі баяу білім алушыларға ынталандыру мақсатында білім меңгерудегі төмен деңгейлі сұрақтар қойылады.

5. Жауаптардың тақырыпқа сай болмауына жол берілмейді (бұл уақытты дұрыс пайдалануға бағдарлайды).

6. Қате немесе дұрыс емес әрекеттер көрсетуге болмайды.
7. Дұрыс жауаптар бекітіледі, қуатталады; жіберілген қателіктер қайта түсіндіріледі, қайталау арқылы дұрысталады.
8. Дұрыс жауаптарды іздеуде үйлесімді дәлелдер беріледі.
9. Білім алушыға тікелей бағытталған сұрақ қою техникасы бағаланатын болса, нұсқалы тәсіл қолданылады, кезекті аралас тәсілмен жауап беру үшін білім алушы таңдалады, оқу топтарының барлық мүшелерінің ұқыпты, зейінді және білімді болуын қамтамасыз ету жүзеге асырылады.
10. Білім алушыға тікелей бағытталған сұрақтың жауабы дұрыс болса, басқа білім алушылардың да қатысуына жағдай жасалады.
11. Білім алушыға тікелей бағытталған сұрақтың жауабы қате болса, талапты, ынталы білім алушылардың жауап беруі үшін жағдай жасалады. Дұрыс жауап қайталанып, бекітіледі.
12. Білім алушыға тікелей бағытталған сұрақтар білім алушыларды төмендету, басып тастау және іш пыстыру немесе басқа мақсатта бағытталмауы керек.
13. Сөйлеуі баяу білім алушыларға ұзын жауапты сұрақтар қойылмайды және олардың жауабын төзімділікпен күту керек.
14. Білім алушыға бағытталған сұрақтардың дұрыс жауаптарының шамалануы білім меңгерудің деңгейлері мен оларға сәйкес бағалау критерийлері арқылы бағаланып, ынталандыру жүйесін қалыптастыруы тиіс.
15. Үлгерімі төмен білім алушылар үшін қате жауап жоқ, қате сұрақ бар қағидасын назарда ұстап, жауабы «мен мұңдалаушы», тұспалдаушы сұрақтарды да қоюға болады.
16. Білім алушы деңгейіне сәйкес келетін тіл және терминдерден тұратын сұрақтар қойылады.

Еліктеу тәсілі және техникасы. Білім алушылардың педагогикалық жағдаятты ақиқат сияқты қолға алып, онымен жұмыс жасауы үшін қолданылатын оқыту техникасы. Еліктеу техникасы, бұл – ойлау емес, яғни ол бір іс-әрекет немесе жүзеге асырылатын жағдаят. Бұл жағдайда білім алушы еліктейтін педагогтың өзін, кәсіби іс-әрекетін және орындайтын әдістерін, әрекетін қамтып көрсетеді.

ЖОО еліктеу техникасын жүзеге асыруда педагогикалық үдеріске қатысушылар рөл алады. Аталған техника арқылы болашақ жаттықтырушы-оқытушылар:

1. Берілген тапсырманы орындауда, рөлдер бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізуге дайындалады.
2. Алған білімдерін практикада қолдану қабілеттерін дамытады.
3. Үйренуге ұмтылысы артады.
4. Талдау және жинақтай алу қабілетін арттырады.
5. Басқа тұлғалармен жақсы қарым-қатынас құра білу қабілетін арттырады.
6. Зерттеу және бақылау қабілетін арттырады.
7. Өзіндік сынап көру арқылы өмірге, кәсіби іс-әрекетке оң көзқарасы қалыптасады. Бұл тәсіл актив тәсіл деп те аталады.

Топтың жұмыс жасау тәсілі және техникасы. Аз дегенде екі адамнан, көп дегенде 10 адамнан тұратын білімгер топтарының бір жерде бір тақырып бойынша ортақ мақсаттармен жасаған жұмыстары.

Микро оқыту тәсілі және техникасы. Микро оқыту білім алушымен бетпе-бет оқытуды қалыптастыру үшін оқу тобында жүзеге асырылатын техника. Бұл оқыту техникасы алдыңғы тақырыпты білім алушылар зерделеместен алдын, үйренбестен бұрын келесі тақырып оқылмайды. Әрбір тақырыптар тараулар сияқты қабылданады. Оқу жетістіктері әрбір тақырыптың соңында сәйкес әдістер арқылы міндетті түрде бағаланады, анықталады. Осы тұрғыдан алғанда бұл оқыту техникасы модульдік-рейтингтік жүйеге ұқсас келеді.

Оқыту үдерісінде оқытылған тақырыптың ерекшелігіне қарай білім алушылардың оқу жұмыстарын орындауы бейне камера арқылы жазып алынады және бағалау жүзеге асырылады. Белгіленген іс-әрекетті үйренгенге дейін және дұрыс орындалғанға дейін жалғастырылады. Бұл әсіресе, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша өзінің дайындығын қалыптастыруда және жіберілген қателіктерін анықтауда кеңінен қолданылады.

Зерттеуімізге байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің нұсқасын әзірлеуді және оны практикада жүзеге асыруды ұсындық. Оның негізін оқыту тәсілі мен жаттығуды үйрету техникалары құрайды.

Педагогикалық тұрғыдан практикалық сабақтарды оқыту тәсілі және жаттығуды үйрету техникалары. Аталған тәсіл кәсіби іс-әрекетке баулуда және оқытуда жүзеге асырылатын оқыту әдістерінің барлығында дерлік қолданылады. Бұл оқу жұмыстарын ұйымдастыратын педагогтың білім алушының ақыл-ойын әрдайым назарда ұстауын талап етеді.

Аталған оқыту техникасын жүзеге асыру жеті сатыны қамтиды:

1) Білім алушыны дайындау. 2) Іс-әрекетті талдау. 3) Оқу-жаттығу қауіпсіздігін сақтау. 4) Оқытушының іс-әрекетті орындауы. 5) Білім алушының іс-әрекетті орындауы. 6) Іс-әрекет нәтижесінің көрінуі, бағалануы. 7) Педагогикалық үдерістегі өлшемдер және бағалауды жүзеге асырылуы.

Педагогикалық жүйеде үдеріс үшін оқытушының дайындығы қашанда алда тұратынын көруге болады. Педагогтың даярлығы, оның ішінде пәнді оқытуға сәйкес келуі – біз анықтаған педагогикалық жүйе құраушысының бірі және үдеріске негізгі қатысушы.

ЖОО оқытушының дайындығы: білім беру мазмұнын анықтайтын құжат мазмұнына сәйкес келуі тиіс және ағымдағы оқу жұмыстарын ұйымдастыруға дайын болуы керек. Сондай-ақ, барлық білім алушылар оқитындай ортаның дайындалуына көңіл бөледі.

Педагогикалық үдеріс үшін білім алушыны дайындау және оқу жұмысы талдауы оқытудың басқа сатыларымен байланысты қарастырылады. ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды ұлттық спорт, ойын түрін оқытуға дайындауда оқытушының төмендегідей факторлар дайындығы бойынша

камтылуы тиіс, олар жоғарыда айтып өткендей: физиологиялық, психологиялық және қоғамдық, сыртқы ықпалдар, оқыту/оқу әдістерінің сәйкестігі, ортаның қабылдауы, білім алушылардың жас ерекшеліктері, т.б.

1. Білім алушыны дайындау. Алдымен алдағы оқу жұмыстарын таныту: орындалатын кәсіби іс-әрекеттердің суреттерін, бейнетаспаларын көрсетіп, толықтай таныту.

Мақсатын түсіндіру, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асырылатындығын, осы іс-әрекеттің жасалуы арқылы қандай қорытынды шығаруға болатындығын, өткен және алдағы тақырыптарымен байланыстарын анықтап көрсету.

Кәсіби іс-әрекеттің қолданатын орнын анықтау, жүзеге асырылатын әрекеттің қай жерлерде және неге қолданытындығын түсіндіру. Бұл жағдайда көрнекіліктерді көрсету орындалады.

Орындалатын кәсіби іс-әрекеттегі әдіс-тәсілдерді таныту немесе білім алушының есіне түсіру. Бар оқу материалдарды білім алушының оқып үйренуін қамтамасыз ету.

Қарым-қатынас орнату. Білім алушыны кәсіби іс-әрекетті үйренуімен қысқа және ұзақ мерзімде не үйрене алатындығын анықтау, оларды ынталандыру. Ішкі түрткілерін ояту.

2. Іс-әрекетті талдау. Іс-әрекеттің талдау жасалуында:

- игерілетін іскерліктер;

- іс-әрекетке дағдылану;

- қол жеткізілетін қабілеттер;

- қауіпсіздік іс-шаралары сияқты тақырыптарға көңіл бөлінуі тиіс, уақыты келген кезде білім алушыға түсіндірген дұрыс.

Кәсіби іс-әрекетке үйретуде оны іс-шара сатыларын бекіту деп атайды:

- педагогикалық үдерісті (оқу жұмыстарын, сабақты) ұйымдастыру сатыларын белгілеу. Білім алушының тыңдауына, көруіне және жазып алуына жағдай жасау. Әр деңгейде қолданылатын әдістерді, дағдыларды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

- маңызды және бақылау сәттерін белгілеу: кәсіби іс-әрекеттегі ең маңызды іскерліктерді белгілеу. Білім алушылардың қандай кезеңде бақылауға алынатынын немесе оқытушыға бақылану керектігін түсіндіру. Сақталынуы тиіс қауіпсіздік іс-шараларын анықтау.

- сұрақ қоюға қолдау көрсету. Сұрақ қою арқылы түсінгенін немесе түсінбегендерін бақылауға алу. Сұрақ қоюшыларды қолдау және оларға жауап беру. Меңгерілген білімдеріне байланысты тақырыптарда еске түсіруді жүргізу.

Бұл қарастырылған екі саты теориялық білімдерді қамтиды және осыдан кейін келесі деңгейге көшу қарастырылады.

3. Оқу-жаттығу қауіпсіздігін сақтау.

Кәсіби іс-әрекетке баулуда, көбінесе дене жаттығуын орындау әдістері қолданылады. Жаттығу жұмыстары түрлі құралдармен орындалады. Құрал-жабдықтармен жаттығу жұмыстарын орындамас бұрын білім алушыларға

қауіпсіздік ережелері айтылады. Оқытушы бұларды міндетті түрде жасауы керек.

4. Іс-әрекеттің оқытушы тарапынан орындалуы.

Оқу-жаттығу жұмыстарында қолданылатын барлық жабдықтарды тиісті, межелі орынға дайындау. Оқу-жаттығу жұмысының ерекшелігін көру және қауіпсіздік мақсатымен білім алушыларды топтарға бөлу.

- Іс-әрекеттер сатыларын, әдістерді қайталау, еске түсіру және жасап көрсету;

- Оқытуда маңызды кезеңдерді, әдістерді қайталау. Қол жеткізуге ұмтылатын әрекеттер туралы түсіндіру;

- Орындалған іс-әрекеттердің, әдістердің себептерін түсіндіру;

- Іс-әрекеттен, орындалатын әдістерден алдын немесе кейін сұрақ қою. Білім алушылардың берген жауаптарын бағалау. Есте сақталатындай мөлшерде ақпараттарды түсіндіру;

- Оқу материалдарын түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау. Білім алушылардың толық түсінгендігін анықтап барып, оқытуды аяқтау;

- Іс-әрекеттерді, әдістерді кейбір білім алушылардың орындауын қамтамасыз ету. Қателіктер болған жағдайда, оларды түзету.

5. Іс-әрекеттің білім алушы тарапынан орындалуы.

Болашақ педагогикалық іс-әрекетке тән әдістердің, тәсілдердің кейбіреулерін білім алушыға орындату. Білім алушыларды топтарға бөлген жағдайда, іс-әрекеттерді, әдістерді оқытушы орнына өткен білім алушының орындауына рұқсат беру және оның оң іс-әрекеттеріне қолдаушы болу.

Білім алушының педагогикалық үдерісті модельдеуінде жіберген қателері мен кемшіліктері бар болған жағдайда түзету. Топ ішіндегі білім алушылардың оқыту үдерісін жүзеге асыруына жағдай жасау.

Біздің жағдайымызда болашақ жаттықтырушы-оқытушы кәсіби іс-әрекетіне тән сабақ немесе басқа да оқу жұмыстарын, оқыту формаларын модельдейді. Ол оқу пәні мен арнайы пәннің силлабусында белгіленеді.

Білім алушыларға сұрақ қою және олардың сұрақ қоюын қолдау. Оқу материалдарын түсінгендігін анықтағаннан кейін, оқу жұмыстарын әрбір білім алушыға орындату. Өлшеу іс-шараларын қорытындылау.

6. Іс-әрекет нәтижесінің көрінуі, бағалануы. Ол төмендегі міндеттердің шешілуімен байланысты:

- мүмкіндігінше білім алушылардың арасында болу;

- белгіленген мерзімде, сәтте бақылау жүргізу;

- іс-әрекеттердегі (іскерліктердегі) орын алған қателіктерді түзету;

- анықталған кемшіліктердің артқанын және теориялық мағлұматтарды, іс-әрекеттерді ұмытудың орын алғанын сезінгенде, білім алушыларды жинап, ескерту жасау;

- өлшем сатылары белгіленген жағдайда, бұл сатылардан басқасына өтпестен бұрын, өлшеуді жүзеге асыру;

- анықталған мерзімде жұмыс нәтижелерін тапсыру;

7. Педагогикалық үдерістегі өлшемдер және бағалаудың жүзеге асырылуы. Оны төмендегі іс-әрекетпен анықтауға болады:

- өлшеуде баға қоюды іске асыру арқылы білім алушылардың барлық әрекеттерінің өлшенуін қамтамасыз ету;

- өлшеуде орындалған жұмыстың маңызын назарға алу;

- меңгерілетін іс-әрекеттер мен қабілеттің де бағалануына көңіл бөлу;

- өлшеу іс-әрекетін мүмкіндігінше, білім алушымен бірге жасауға ұмтылу.

Бұл әрекеттің тәрбиелік мүмкіндігін ұмытпау.

- өлшеу кезінде, сәтті, әрі қажетті деңгейде қол жеткізілген қабілеттер туралы да сөз қозғау. Орын алған кемшіліктер мен сәтсіз болған бөлімдерді кейінге қалдыру.

ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушы даярлауда төменгі курстарда, негізінен, олардың дене, академиялық дайындықтарына көңіл бөлу басымдыққа ие болады. Жоғары курстарда кәсіби іс-әрекеті бойынша даярлықтарына, құзырларына мән беріледі. Осы мақсатта практикалардың да мазмұны мен сипаттары сәйкесінше өзгереді.

Тәжірибелік сабақтарда болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың өзін-өзі тану дағдыларын жетілдіру үшін оларға келесі тапсырмалар дайындалды және ұсынылды:

1) «Мен және менің болашақ кәсібім» тақырыбында шығарма жазу. Тапсырма мазмұны төмендегілерді қамтыды: өмірде мамандыққа тән саналы түрде болатын іс-әрекеттерді талдау; кәсіби іс-әрекетте «орындалатын іс-әрекеттер», мәнді және мәнсіз (босқа) өткізілетін іс-әрекеттер; осы мамандыққа менің болмысымның сәйкестігі;

2) Өміріндегі кез-келген оқиғаны талдау. Оның мазмұны: оқиғаның не үшін болғандығын, сәтті және сәтсіздік орын алған мәселелер, олардың себептері, болашаққа қорытындылар жасау;

3) Кез-келген кәсіби жағдаятты талдау (сараптау). Өзінің сезімдерін сипаттау барысында өзінің «ішкі дауысына» мән беру;

4) «Бақылау күнделігін» жүргізу. Оны өзінің психологиялық және рефлексияға қабілеттілігін дамыту үшін қолдану.

Зерттеу жұмысымыз үшін анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрі бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемеге сәйкес ұйымдастырылған оқыту нәтижелері келесі тақырыпта баяндалады.

2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысының ұйымдастырылуы және нәтижелері

Зерттеу жұмысына байланысты болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибелік-экспериментіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан 134 студент

қатынасты. Оның ішінде, эксперимент тобына 68, бақылау тобына 66 білім алушы қамтылды.

Жұмыстың 1.3 тақырыпшасында болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін эксперимент жүргізу үшін көрсеткіштер, өлшемдер анықталған болатын. Сондай-ақ, аталған тақырыпта анықтау эксперименті жүзеге асырылып, ЖОО практикасы біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді өз деңгейінде қалыптастырмайтыны анықталды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін теориялық зерттеу және моделін ғылыми негіздеумен қатар, зерттеуде ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктің қалыптастырылуының сапасын бағалау мақсатын, міндеттерін, мазмұнын анықтау және болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін эксперимент жолымен тексеру қажет болды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігін тексеруге бағытталды.

Эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру үш кезең шеңберінде жүзеге асырылды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Эксперименттің барлық кезеңдері өзара байланысты және зерттеудің жалпы мақсатына бағынады. Дегенмен де, олардың әрқайсысының өзінің міндеттері, мазмұны және нәтижелері бар.

Анықтау экспериментінің мақсаты - болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің бар жағдайын өлшеу. Бұл кезең білім беру практикасындағы мәселе жағдайын анықтауға бағытталады. Анықтау эксперименті нәтижесінде қалыптастыру экспериментін зерттеу және ұйымдастыру үшін бастапқы материалдар жинақталады.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты ұсынылған элективті курс, базалық, мамандандыру пәндеріне енгізілген қосымшаларды қамтумен әзірленген модель негізінде болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру. Оның міндеті зерттеу болжамын тексеру және қуаттау болып табылады.

Эксперименттің бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылған деңгейі анықталады. Оның барысында эксперимент және бақылау топтарындағы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейіндегі сандық және сапалық айырмашылықтар айқындалды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты негізінде оның негізгі міндеттері қалыптастырылды:

1) эксперимент базасын, болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі қалыптастырылғанының өлшемдері мен деңгей көрсеткіштерін анықтау;

2) қалыптастыру үдерісіне болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұдайы қатысуын қамтамасыз ететін формалар мен әдістерді негіздеу және әзірлеу;

3) элективті курс мазмұнының оқу-тәрбие үдерісінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететінін тексеру;

4) эксперимент нәтижелерін талдауды өз пайымдауымызбен жазу.

Анықтау экспериментін ұйымдастыру болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылғандығын анықталған өлшемдер мен деңгейге байланысты анықтауға, керекті инструменттерді іріктеуге бағытталды. Бұл мәселе бойынша жүргізілген жұмыстар 2.1 тақырыпта қарастырылды.

Қалыптастыру кезеңі анықталған оқыту мазмұндары (мамандандыру пәндеріне енгізілген педагогикалық тапсырмалар мен элективті курс) арқылы ізделінді сапаға әсері, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің құраушысы болып табылатын білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыруға арналды. Осы кезеңде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың белсенді іс-әрекеті ұйымдастырылып, өздерінің де ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға мүдделілігін сезіндіруге ықпал күшейтілді. Мектептегі педагогикалық практикалар кезінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарға назар аударып, өзіндік үлесін қосуға, тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу жұмыстарына, сабақтарына қатысып, пікір алмасуға, олардан үйренуге мүмкіндік жасалды. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың студенттердің дәрістелген арнаулы курстарда семинарларға, практикалық сабақтарға белсенді қатысып, өз бетінше дайындық жұмыстарына, теориялық білімдерін тереңдетуге мүмкіндік жасалып, ықпал етілді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін зерттеу кәсіби іс-әрекетке болашақ мамандардың мотивация бағыттылығының деңгейімен, ұйымдастыру-әдістемелік даярлығының болуымен, педагогикалық іс-әрекетте өзін дамыту, өзін жетілдіру ұмтылысы дәрежесімен сипатталатын мотивациялық құраушыларды талдаумен басталады. Мотивациялық-құндылық құраушыларының қалыптасқандығының деңгейін анықтау үшін әдістеме бойынша кешенді зерттеу жүргізілді, берілген құраушылардың көрсетілген көрсеткіштерінің бәрі қамтылды.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бағыттылығын зерттеу және факторларды бөліп алу үшін кәсіби педагогикалық іс-әрекет жүзеге асыруда, қажеттілігін анықтауда сауалнама алынды.

Қалыптастыру эксперименті барысында автордың әзірлеген оқу құралы пайдаланылды. Ұсынылған оқу-әдістемелік құралды практикалық қолдану мүмкіндігі қарастырылды. Теориялық модельге сәйкес «Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері» курсына педагогикалық тапсырмалар әзірленіп ұсынылды (қосымша Т №2).

Зерттеу жұмысымызда ұлттық спорт түрі бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу материалдарының жеткіліксіздігінен біз - «Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілікке бағдарланған оқыту үдерісі» тақырыбындағы курс мазмұнын ұсындық және оқытушы-профессорлар құрамы арасында семинар ұйымдастырдық.

Ұсынылған арнайы курсты ұйымдастырудағы оқытуды/оқуды ұйымдастырудың негізгі формалары мен әдістері: педагогикалық әдебиеттермен жұмыс, спорттық іс-шаралар нәтижелерін сараптау, педагогикалық (құзыреттерге бағдарланған) тапсырмаларды шешу, тренингтік әдістемелер, шығармашылық жұмыстар, дене тәрбиесі сабақтарына қатынасу және сараптама жасау, реферат әзірлеу, т.б.

Қарастырылатын негізгі мәселелермен қатар төмендегілер қамтылды:

- ұлттық спорт түрінің сабақтары, сабақтан тыс жұмыстарды топтау;
- тақырыпқа байланысты жұмыс түрлерін таңдау;
- сабақтағы жүктемелерді мөлшерлеу;
- сабақ құрылымын талдау және құрастыру;
- оқушылардың жеке, жас және жыныстық ерекшеліктерін талдау;
- педагогтың сабақты өткізуге дайындығын зерделеу және құрастыру;
- дене тәрбиесіндегі педагогикалық ізденістер мен зерттеулерді оқып үйрену, т.б.

Семинар сабақтары тақырыпты жан-жақты талқылау, әңгіме-кеңес, дөңгелек үстел, диспут, интеллектуалдық жарыстар, іскерлік ойындары, дидактикалық ойындар, рефератты талқылау, оқу-жаттығуды қосымша орындау, т.б. түрінде өткізілді.

Ал, практикалық сабақтар, негізінен, қазақ күресінің әдіс-тәсілдерінде дене дамуы мен дене қабілетін, дене сапаларын анықтауға байланысты өлшеу жұмыстары, тестілік бақылау мен тәжірибелік сараптау, физиологиялық анықтау, карточкаларын толтыру, жеке білім алушының физиологиялық, психологиялық, кәсіби даярлығы бойынша сипаттамалар дайындау, оқытушының сабағына талдау, даму күнделігін толтыру, ой жүйесін дамытуға арналған тоғызқұмалақ ойынынан өзара сабақ өткізумен, тренинг өткізумен сипатталады.

Сонымен бірге, дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруда жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызын, оның мәні мен мұғалім рөлінің құндылық сипаты жете түсіндірілді.

Білім алушылар берілген тапсырма бойынша өздерінің және оқытушылардың педагогикалық үдерісті жүзеге асырудағы кәсіби іс-әрекетіне талдау жүргізді. Мұның бәрі сайып келгенде, білім алушылардың арнайы

кәсіби-педагогикалық білімін, іскерлігі мен дағдыларын, педагогикалық үдеріске, педагогикалық үдерістегі құндылық қатынасын шындай түсті.

Арнайы енгізілген элективті курс мазмұны бойынша алғашқы тақырыпта жаттықтырушы-оқытушының жеке тұлғалық сапасына мән берілді. Оған ықпал ететін факторларға назар аударылды:

1. Жеке тұлғаны қоғамнан тыс және адам қоғамы оның жеке тұлғалық құраушыларынсыз болуы мүмкін емес. Адам қашан да қандай да бір қоғамдық ұжымның: отбасы, мектеп, кәсіпорын, спорттық командан және т.б. мүшесі болы табылады. Белсенді іс-әрекет, ұжымдағы өзара қарым-қатынас едәуір дәрежеде жеке тұлғаны анықтайды және жеке дара белгілерін қалыптастырады.

2. Заманауи спорт жаттықтырушы-оқытушыдан қабілеттілікті талап етеді. Ол заманауи білімдермен қарулануы, спорт дайындығының психологиялық, әлеуметтік, материалдық-техникалық және басқа да дайындық аспектілерін ескеруі тиіс. Спортшылардың жетістіктері көп жағдайда олардың жаттықтырушы-оқытушы тұлғасына – оның біліміне, педагогикалық талантына, беделіне, еркіне, шығармашылық қатынас қабілеттілігіне байланысты болады. Жаттықтырушы-оқытушы өзінің мәні бойынша бәрінен бұрын педагог және оған кез келген тәрбиешіге қойылатын барлық талаптар қойылады.

3. Жаттықтырушы-оқытушының шеберлігі көп жағдайда өзінде бар сапалармен анықталады және ол оқушылармен қарым-қатынаста өзіндік ерекшелік береді. Бәрінен бұрын жаттықтырушы-оқытушының тұлғалық кәсіби сапалары басты болып табылады, олар: дүниетанымы, рухани, коммуникативтік (педагогикалық әдептілікті қоса), еріктік, интеллектуалдық-перцептивтік, аттенционалдықты (зейін сапасы) қамтыған, мнемикалық (ес сапасы) – қозғалысты (психомоторлы) дағдылары.

4. Жаттықтырушы-оқытушы мен оқушының арасындағы өзара қатынаста көбіне жаттықтырушы-оқытушының мінез-құлқына байланысты. Оның себебі, «идеал жаттықтырушының» сапасы туралы түсініктер жаттықтырушы-оқытушылар мен оқушыларда екіге ажырайды. Жаттықтырушы-оқытушы, бәрінен бұрын, іскерлік пен педагогтің кәсіби сапаларына зейін аударады (эрудиция, талапшылдық, қаталдық, қиын жағдайды шешу үшін оңтайлы жолдарды табу іскерлігіне). Сезімтал, көпшіл, жақсылық тілеуші қасиеттер мұғалім тарапынан аталады, бірақ оларға шешуші мән берілмейді. Оқушылар, керісінше, осы сапаларды бірінші орынға қояды. Спортшы-оқушылар алдымен «Бұл қандай адам» дегендей қарайды, содан кейін оған жаттықтырушы-оқытушы жаттығуды қалай жүргізетініне, үйрететініне зейін аударады.

5. Жаттықтырушы-оқытушының басқарудағы жеке-дара стилі жаттықтырушы-оқытушының тұлғалық сапаларымен үйлестіріледі; жаттықтырушы-оқытушының мінез-құлқы, дауыс ырғағы, ол қалай бұйрық береді, сыртқы келбеті; бұйрықтарының басқа сыйымдылығы, қажеттілігі және өзүақытында орындалуы; спортшылардың психикалық жағдайлары.

Жаттықтырушы-оқыту үшін қажетті сапаның бірі олардың тапқырлығы. Осыған байланысты төмендегідей тапсырмалар берілді және талқыланды.

- 1 сұраққа толық жауап бергенде 1 ұпай;

Тапсырма 2. Оқушылардың басым көпшілігі ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ бойынша алдыңғы сабақта өткен ойын ережелерін түсіндіруді өз деңгейінде жүзеге асыра білді. Тек кейбір оқушылар мысалдар келтіруді, «қалай?», «неліктен?» деген сұрақтарға толық мәнді жауап бере алмады. Аз ғана оқушы «салыстыру», «айырмашылықты» табу бойынша берілген тапсырманы орындай алмады.

Осыған байланысты:

1. Білімді бағалаудың деңгейін Б.Блум таксономиясы бойынша анықтаңыз. Себебін, түсіндіріңіз.

2. Ол деңгейдің көрсеткіштерін ұсыныңыз.

3. Анықталған таным дегейіне сәйкес бағалау критерийлерін ұсыныңыз.

Болжамды жауапты өзіңіз жазыңыз.

Біздің зерттеу жұмысызда, негізінен, алынған ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік құраушылары төмендегідей тапсырмаларды орындаумен толық мәнді жүзеге асырылады.

Құзырет: өзінің кәсіби іс-әрекеті нәтижесін рефлексия негізінде құрастырушылық іскерліктер.

Көрсеткіш: өзінің педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастырудағы құрастыру қабілеті.

1. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы құрастырушылық іскерлігі.

Тапсырма 1. Спорт мектебінен іріктеп алынған оқушыларға ұлттық спорт түрлерінен оқу-жаттығу жұмыстары ұйымдастырылды. Алынған ұлттық спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушының оқушылар меңгеруі тиіс деген жаттығуларды белгіленген мерзімде дәлдікпен игере алмады.

Осыған байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу оқушылардың ынта-ықыласының жоғалуына алып келді. Кейбір оқушылар бұл спорт түрінен жаттығу жасаудан бас тартты.

Алынған құзыретті қалыптастыру үшін 1-деңгейде білім алушыларға жағдаятты талдау үшін дайын алгоритм ұсынылады:

1. Дене шынықтыру сабақтарындағы ұлттық спорт түрлері бойынша оқу материалдарының және оқу-жаттығу мазмұнын, құрылымын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анықтауын, тұрғызуын талдап шығыңыз;

2. Ақпаратты материалдарды оқу-тәрбие, оқу-жаттығу жұмыстары үшін іріктеуін және дидактикалық тұрғыдан қайта өңдеуін нақтылаңыз;

3. Дене шынықтыру, оқу-жаттығу жұмыстарын қамтамасыз ететін ұйымдастыру формалары мен әдістерін, тәсілдерін жоспарлауына және пайдалануына ұсыныс беріңіз;

4. Ұлттық спорт түрлері бойынша оқушылардың интеллектуалдық іс-әрекеттері құрылымын жоспарлауын мазмұндаңыз;

5. Оқушылар үшін ұлттық спорт түрлері бойынша мамандық таныстыру бағытында тапсырмаларды әзірлеуді көрсетіңіз;

6. Ұлттық спорт түрлері сәйкес оқу-жаттығу базасын таңдауына және пайдалануына, оның педагогикалық тиімділігіне баға беріңіз.

7. Қорытынды шығарыңыз және ұлттық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша конструкциялаудағы жаттықтырушы-оқытушы үшін типті жағдаятты бағалаңыз.

2-деңгей үшін білім алушылар жағдаятты талдау мен шешу алгоритмін өздері ұсынуы тиіс.

3-деңгей үшін білім алушылар білім беру үдерісіндегі нақты жағдаятты жіктеуі және талдауы қажет. Мәселен, педагогикалық практика барысында.

Сабақта білім алушылар оқытушының басшылығымен ұжым болып жағдаятты талдап, оның шешімін ұсынады, ойын бойынша ситуацияны ойнап, ұйымдастыру-іс-әрекеттік ойынды пайдаланады.

Құзырет: өзінің кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырушылық іскерлігі.

Көрсеткіш: өзінің педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыру қабілеті.

II Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ұйымдастырушылық іскерлігі.

Тапсырма 2. Жаттықтырушы-оқытушы оқушы ұжымын спорт (ұлттық) түрлеріне бейімді ұйымдастыра алмады. Өзінің жұмысын да дұрыс үйлестіріп, оны тексеруді жүзеге асыра алмады. Жаттықтырушы-оқытушы өз уақытын жұмыс кестесімен толық орындап, берілген уақытта қалыптасуы тиіс сапалар қалыптастырылмады.

Алынған құзыретті қалыптастыру үшін 1-деңгейде білім алушыларға жағдаятты талдау үшін дайын алгоритм ұсынылады:

1. Спорт түріне байланысты оқушылардың, спортшылардың оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлауына талдау жасаңыз;

2. Оқушыларды ұлттық спорт, ойын түрі бойынша әртүрлі оқу-тәрбиелік, оқу-жаттығу, жарыстарға қатыстыруы, сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыруы;

3. Ұлттық спорт түрлеріне байланысты оқу-жаттығуды таңдауы (таңдау принциптері; іріктеу әдістемесі);

4. Ұлттық спорт түрлері бойынша оқушылардың оқу-жаттығу жұмыстарын мөлшерлеуі;

5. Оқу-жаттығу орнын ұйымдастыру және қызмет көрсету;

6. Ұлттық спорт түрлері бойынша алынған нәтижелерді есепке алуды және бағалауды жүйелі жүзеге асыруы;

7. Спорт түрлері бойынша оқушылардың сапалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жаңа тапсырмаларды анықтауы;

8. Сапалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқушылар ұжымымен іскерлік қатынасты бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруы;

9. Мектеп оқушыларына ұлттық спорт түрлері бойынша мамандықпен таныстыру іс-әрекетін ұйымдастыруы;

10. Ұлттық спорт түрлері бойынша жобалау іс-әрекеті барысында оқушылардың тапсырманы саналы және дұрыс орындауын ұйымдастыруы.

Жоғарыда көрсетілген педагогикалық тапсырмалар эксперимент топтарында оқу жұмыстарын ұйымдастыру барысында пайдаланылды. Сондай-ақ, жаттықтырушы-оқытушылардың біз зерттеп отырған сапаларын жетілдіру бойынша педагогикалық тапсырмалар қосымшада берілді (қосымша Т).

Қалыптастыру эксперименті барысында қалыптастырылған құзыреттіліктерді тіркеу және анықтау үшін кесте үлгісі толтырылды. Сол бойынша мәліметтерді есепке алу жүргізілді.

Зерттеу жұмысы бойынша ұлттық спорт түрлері, олардың ерекшеліктері, тарихы бойынша оқу пәндерін оқып үйрену барысы және практикалық сабақтарда физикалық дайындықта алған білімді қолдану болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлерінің әлемдік спорттағы алатын орнын айқындауға, оған деген білім алушылардың оң көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етті. Мамандық бойынша әдістеме пәні алған білімдерін оқыту барысында қолдану үшін білім алушыларға спорттық-педагогикалық білім беру жолдарын үйренуге ықпалын тигізді.

Спорт түрлері бойынша алған іскерліктері мен дағдыларын білім алушылардың педагогикалық практика мен арнаулы курста қолдануы, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға қажетті спорттық дайындық білімдерін арттырып, іскерліктері мен дағдыларын практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға көмектесті.

Эксперимент нәтижесі ұлттық спорт түрлері бойынша білімін тереңдету, практикалық тұрғыдан әдіс-тәсілдерді оқып үйренуді және жүзеге асыруды дұрыс жоспарлау, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушыларға ұлттық спорт білімі мен дене тәрбиесін беру іс-әрекетіне дайындығын жүзеге асыратындығын көрсетті. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындау барысында ұлттық спорт түрлерін оқып үйрену мен оқу-жаттығу жұмыстарын орындаудағы тапсырмалар саны арта түсті, дене шынықтыру сабақтарында ұлттық спорт түрлерін оқыту қарқынды қолға алынды.

Эксперимент топтарындағы білім алушылардың ұлттық спорт бойынша алған теориялық білімдері мұражайларға, көрмелерге топсеруен кезінде және педагогикалық практика кезінде жалғастырылды. Ұлттық спорт түрлерін оқыту әдістемесі сабақтарында спорт түрлерін жүзеге асыру, қолдану арқылы сабақ өткізудің жасалған жоспарлары бойынша педагогикалық практика негізінде білім алушылар дене шынықтыру сабақтары мен дене тәрбиесін беру мақсатында тәрбие сабақтарын өткізумен жалғастырылды.

Эксперименттік оқыту бағдарламасын әрі қарай жетілдірудің нәтижесінде бағдарлама мазмұны мынандай ұлттық оқу материалдарымен толықтырылды:

1. Ұлттық спорт мазмұны.
2. Ұлттық спорт сипаттары.
3. Спорт түрлерін ұйымдастыру шарттары.
4. Мектепте, спорт мектептерінде ұлттық спорт үйірмесін ұйымдастыру әдістемесі.
5. Ұлттық спорт – патриоттық, ақыл-ой, дене тәрбие көзі.

Үшінші кезеңде ұлттық спорт түрлерін оқыту және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру бағдарламасы мен әдістемесі тәжірибеге енгізілді. Эксперимент жүргізуші-оқытушылардың, кафедра ұжымының пікірлері талданып, қорытындыланып, бағдарлама мазмұнына өңдеулер мен толықтырулар жасалды, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне жан-жақты теориялық талдаулар жасалып, диссертация тақырыбы бойынша нұсқаулар дайындалды. Эксперимент жүргізетін оқытушы-профессор құрамы қажетті әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілді.

Зерттеу жұмысымызда біз Т.Е.Исаеваның ЖОО оқытушыларының педагогикалық мәдениетін диагностикалау бағдарламасын өзіміздің жұмысымызға бейімдеп, пайдаландық [250].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылғандығын растайтын мәліметтерді статистикалық өңдеуде төмендегідей өрнек қолданылды:

$$K=(Z \cdot n_i) / n = (n_1+n_2+n_3 \dots n_n);$$

- Мұндағ: n – құзыреттілікті сипаттаушы көрсеткіштер саны;
 n_i – білім алушылар меңгерген көрсеткіштер саны;
 Z – нұсқаларды қосу белгісі;
 K – Қалыптастырылған құзыреттердің толықтығы коэффициенті.

Келесі көрсеткіштің қалыптастырылғандығы деңгейінің коэффициент шамасы құзыреттілік мазмұнының бір типіне сәйкес келеді және ол былайша анықталады: $K \leq 0,5$ төмен деңгей; $0,5 \leq K \leq 0,7$ – орта деңгей; $0,7 \leq K$ – жоғары деңгей.

Сондай-ақ, құзыреттердің қалыптастырылғандығы көрсеткіштерін «ия» немесе «жоқ» деген жауап алған жерде, біз мәліметтерді өңдеудің басқа жүйесін қолдандық.

Құзыреттіліктердің қалыптасқандығының толықтығы коэффициентін есептеу үшін келесі өрнек қолданылды.

$$K=(Z \cdot m_i) / nm = (m_1+m_2+m_3 \dots m_n);$$

- Мұнда: K – қалыптастырылған құзыреттің толықтығы коэффициенті;
 Z – нұсқаларды қосу белгісі;
 m – көрсеткіштің қалыптастырылғандығы дәрежесіне сәйкес ұпайлар саны;
 n – құзыреттілікті сипаттайтын көрсеткіштер саны.

Мұнда да, қалыптастырылған құзыреттілік көрсеткіші төмендегіше анықталады: $K \leq 0,5$ төмен деңгей; $0,5 \leq K \leq 0,7$ – орта деңгей; $0,7 \leq K$ – жоғары.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысы барысында ұйымдастыру мен әдістемелік білім және іскерліктерді анықтауда арнайы өлшеу шамалары анықталып, математикалық түрлендірулер қолданылды.

Жүргізілген қалыптастыру экспериментінен кейін біз бақылау экспериментін жүзеге асырдық. Қалыптастыру экспериментінде оқу жұмыстары қалыптастыру моделі мен қалыптастыру әдістемесіне сәйкес ұйымдастырылды және жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысы барысында автордың авторлық бірлестікпен дайындалған оқу құралы оқыту үдерісіне ендірілді [251]. Оқу құралы зерттеу тақырыбы бойынша оқу материалдарын және іс-әрекеттерді ұйымдастыруда басшылыққа алынды.


Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру, оқушылардың жетістіктері олардың жеке бас дайындығына, тұлғалық сапалық қасиеттеріне байланысты екендігі кеңінен қарастырылды, оның ішінде сыртқы көрінісі (жинақы, тартымды), өзін ұстауы (жинақылығы, ептілігі, басшылармен сөйлесуде өзінің жетістілігін сақтауы, әріптестерімен іскерлік қатынастарды сабырлы түрде орнатуы), адамгершілік сапалары (қарапайым, шыншыл, принципшіл, сыпайы, мейірімді, ізгі ниетті), ерік сапалары (қақтығыс (ішінара келіспеушілік) жағдайларда тұрақты, қиын және күтпеген жағдайларда тапқыр, өзіне және өзгелерге талапшыл, өзінің педагогикалық әрекетін жүргізуде мақсатқа бағдарланғандығы, тұрақты, батыл, тәуекелшіл), танымдық үдерістері (зейінді жақсы шоғырландыра аламын, зейінді жақсы үлестіремін және аудары аламын, логикалық және сыни ойлай аламын, істің мәнін тез түсінемін және тапқырмын, адам жүзін бір көргеннен есте жақсы сақтаймын, күндер мен адам есімдерін есте жақсы сақтаймын), дене дайындығы (дене жағдайымды үнемі бақылауда ұстаймын, күн сайын дене жаттығуларын орындауға ұмтыламын, разрядтық нормаларын орындай аламын, жеткілікті мол күшке иемін, шыдамдымын, икемдімін, қатысушылармен ұлттық спорттық ойын түрлерін қуана орындаймын), педагогикалық бағыттылық (дене мәдениеті мұғалімі, жаттықтырушы-оқытушы мамандығы ұнайды, баланы қалыптастырудағы маңызын түсінемін, балалармен қарым-қатынасты ұнатамын, өзімнің білімімді, білігімді балаларға беруге тарысамын, маған мектеп ұнайды, басқа жұмысқа қызметке орналасқым, ауысқым келмейді) деген мәселелерге кеңінен назар аударылды.

Осыдан кейін бақылау эксперименті жүзеге асырылды.

Қосымшада берілген В.И.Андреевтің әдістемесі «Шығармашылық әлеует», «Білім алушылардың өзін жетілдіру, өздігінен білім алу қабілетін бағалау» бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесі болатынын көрсетті (Қосымша Р, С). Соңғы эксперимент нәтижелерін бақылау бойынша жүргізіліп, алынған мәліметтер келесі кестедегідей кесте түзуге мүмкіндік берді (кесте 20, сурет 8).

Кесте 20 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мотивациялық-құндылық құраушысының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)		Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	10,3	7	10,6	7	26,5	18	16,6	11
Орта	39,7	27	40,9	27	57,3	39	48,5	32
Төмен	50	34	48,5	32	16,2	11	34,9	23



Сурет 8 - Соңғы бақылауда анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің мотивациялық-құндылық құраушылары көрсеткіштерінің диаграммасы

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылғаны деңгейін анықтау бойынша сандық және сапалық талдау білім алушыларда оқуға, кәсіби іс-әрекеттеріне деген оң көзқарас бола бастағанын көрсетеді.

Эксперимент тобындағы жоғары көрсеткіш 26,5 %-ға қол жеткізген болса, бақылау тобында 16,6% құрады. Болашақ мамандардың өзін жетілдіруге ұмтылыстарының артқандығын көруге болады.

Ұлттық спорт бойынша оқу материалдары мен сол бойынша оқылған лекциялар мен ұйымдастырылатын іс-әрекеттің ғылыми негіздері ұлтжанды

болашақ педагогқа ой салды деп білеміз. Өзінің білімі мен біліктілігіне ұлттық астар беру «ұғымдардың» мәнін түсіну үшін кейбір студенттерге танымдық мотив туғызды.

Құзыреттіліктің құраушысы таным, яғни білімді қалыптастыру мәселелері бізге дейінде жүзеге асырылған. Бұл көрсеткіш деңгейлерінің оқыту мазмұнына қамтылуы мен жүзеге асырылуы тиіс (қосымша У).

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланған ғылыми мақаланы және практикалық мәнділікті сипаттайтын, растайтын құжаттар қосымшада берілді (қосымша Ф).

Біз жаттырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үшін «Элективті курс» мазмұнының тексеруге және ұсынылған педагогикалық тапсырмалардың мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Жұмыстың теориялық бөлімінде қарастырылған әдістеме бойынша әдістемелік нұсқау қалыптастырылды:

1. Педагогикалық практика барысында тәжірибелі жаттықтырушы-оқытушылардың өткізген жаттығуларына, сабақтарына қатысу және талдау;

2. Өзінің кәсіби даярлығын арттыру (арнайы әдебиеттер оқу, арнайы бөлім бойынша осы әдебиеттерді конспектілеу, жаңа мағлұматтарды талдап қорыту және өзінің жаттықтырушы-оқытушы жұмысы үшін тұжырымдар құрастыру); ұлттық спорттық ойын және баспа материалдарын оқу, спорттық жарыстар туралы телехабарларды қарау, барлық басты спорттық оқиғаларды білу мақсатында бірқатар жарыстарға қатысу, спорт саласында кең эрудицияны меңгеру;


3. Ұлттық спорт түрлері бойынша берілген тапсырманы орындауда күнделікті өзінің іс-әрекетін талдау (әртүрлі жағдайда оқушыларға ықпал ететін әрекеттер тиімділігін тіркеу, болашаққа жоспарын, жаттығуды ұйымдастыру бойынша ойларын жазу, т.б.);

4. Өзінің іс-әрекетімен байланысты, жаттықтырушы-оқытушыны қызықтыратын сұраққа жауап беретін күрделі емес зерттеу жұмыстарын өткізу.

Сонымен, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін бақылау арқылы 21-кестені толтырдық және 9-сурет бойынша көрнекі түрде бердік (сурет 9).

Кесте 21 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің танымдық (когнитивті) құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)		Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	13,2	9	15	10	29,4	20	18,2	12
Орта	33,8	23	32	21	47,1	32	34,8	23
Төмен	53	36	53	35	23,5	16	47,0	31



Сурет 9 - Соңғы бақылауда анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің танымдық (когнитивті) құраушылары көрсеткіштерінің диаграммасы


Студенттердің танымдық көрсеткіштері басқа құраушыларға карағанда жоғары екендігі байқалады. Оның себебі ретінде, бұл пәннің мазмұнындағы оқу материалдарының педагогика, әдістеме пәндеріне ұқсас қарастырылады. Бұл көрсеткіш бойынша студенттер: теориялық білімдерін: түсіну, қолдану, талдау, бағалау және жинақтау деңгейінде меңгеруін көрсетуі керек болатын және оларды кейбіреулері көрсете білді. Талдау, бағалау және жинақтау танымның жоғары көрсеткіші және біздің зерттеу жұмысымызда да жоғары деңгейде қалдырылды. Эксперимент тобында үлгерім 29,4% (20) болса, бақылау тобында 18,2% (12) пайызды көрсетті.

Бақылау тобындағы болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың басым көпшілігінің ұлттық спортты оқытудағы ұйымдастыру, әдістемелік білімдерді төмен деңгейде меңгергендердің мөлшері көп екендігі анықталды (Қосымша У). Оның себебінің бірі интербелсенді оқыту әдістерін таңдамауы және сол бойынша оқыту үдерісін ұйымдастырмауы деп білеміз.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелі болуы себепті, зерттеп отырған құзыреттіліктің іс-әрекеттік құраушысының жоғары деңгейін меңгеру көрсеткіші 27,9% құраса, бақылау тобында 12,1% көрсеткішін көрсетті. Бұл мәліметтерді 22-кестеден, 10-суреттен көруге болады.

Кесте 22 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің іс-әрекеттік құраушыларының қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)		Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	8,8	6	10,6	7	27,9	19	12,1	8
Орта	42,6	29	42,4	28	45,6	31	45,5	30
Төмен	48,6	33	47	31	26,5	18	42,4	28




Сурет 10 - Соңғы бақылауда анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің іс-әрекеттік құраушылары көрсеткіштерінің диаграммасы

Бақылау эксперименті нәтижелерін тіркеуде анықталғандай, құзыреттіліктің рефлексивтік-бағалау көрсеткішінің жоғары деңгейі эксперимент тобында да (27,9%) және бақылау тобында да (12,1%) төмен болды. Эксперимент тобындағы аталған құраушының жоғары көрсеткіші мотивациялық-құндылық құраушылардағы көрсеткішпен (26,5%) бара-бар болды.

Бақылау кезеңіндегі зерттеп отырған рефлексивтік-бағалау құраушыларының көрсеткіштерін кесте 23-ден, 11-суреттен көреміз. Кестеден эксперимент тобындағы төмен деңгейдің 29,4%-ға дейін азайғандығын көреміз.

Кесте 23 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің рефлексивтік-бағалау құраушыларының қалыптастырылғандығы.

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)		Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	10,3	7	10,6	7	26,5	18	12	8
Орта	39,7	27	40,9	27	44,1	30	44,0	29
Төмен	50	34	48,5	32	29,4	20	44,0	29




Сурет 11 - Соңғы бақылауда анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің рефлексивтік-бағалау құраушылары көрсеткіштерінің диаграммасы

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша келтірілген (осы тақырыптағы) кестелер болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құраушылары бойынша берілді. Енді біз жоғарыда келтірілген өрнек бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктің қалыптастырылу деңгейлерін анықтайтын боламыз (кесте 24).

Кесте 24 – Экспериментке дейін және эксперименттен кейін болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)		Эксп.тобы (68)		Бақ.тобы (66)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	10,3	7	10,6	7	28,0	19	15,2	10
Орта	39,7	27	40,9	27	48,5	33	42,4	28
Төмен	50,0	34	48,5	32	23,5	16	42,4	28

24-кесте бойынша нәтижелерді диаграммада бейнелі көруге болады (сурет 12).



Сурет 12 - Соңғы бақылауда анықталған болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі көрсеткіштерінің диаграммасы

24-кестеден көрініп тұрғандай, эксперимент соңында жоғары деңгей 28,0%-ға қол жеткізіліп, төмен деңгей 23,5% көрсеткішке төмендеді. Ал бақылау тобында жоғары көрсеткіш 15,2% құраса, төмен көрсеткіштің едәуір төмендеуі 42,4% орын алмады.

Эксперимент нәтижелерін бағалау зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде анықталғандай, құзыретті меңгерудің үш деңгейі бойынша жүзеге асырылды. Ұлттық спорт түрлері ерекшеліктерін, оларды оқыту бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың даярлығын жетілдіру, ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру жұмыстары мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды:

1. Ұлттық спорт түрлері – әлемдік спорт түрінің бір бөлігі ретінде қазақ халқы спортының, ойынының бір саласы, ұлтты ұлықтайтын брендті, даналығының көрінісі.

2. Білім алушының білім меңгеруі мен дағдысының нәтижелі қалыптасуы ұлттық спорт түрлері туралы педагогтың жасаған талдауларына тікелей байланысты. Ұлттық спорт түрлерінің ерекшеліктері неғұрлым терең де мәнді болса, қабылдау соғұрлым нәтижелі бола түсетіндігі анықталды.

3. Ұлттық спорт түрлерін оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану үшін оның мазмұнын айқындайтын оқу материалдары мен оқу элементтерін бөліп алу, олардың оқушыларға спорттық білім мен дене тәрбие беру мүмкіндігі ретінде қарастыруға жағдай туғызады.

4. Ұлттық спорт түрлерін оқушыларға таныстырудың және оған баулудың педагогикалық міндеттері төмендегідей:

а) Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу материалдарын оқу жұмыстарында меңгерту, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру;

б) Білім алушыларға ұлттық спорт түрлерін талдауға үйрету, талдау дағдыларын қалыптастыруды кешенді-жүйелі түрде жүзеге асыру;

в) Ұлттық спорт түрлерін оқыту барысында білім алушылардың жалпы спортқа деген оң көзқарасын қалыптастыру.

5. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды ұлттық спорт түрлерін оқыту бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді жүйесін құрайтын модель мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік-үдерістік компоненттерден құралатындығы дәлелденді.

6. Ұлттық спорт түрлерін оқыту/оқу мазмұны ретінде іріктеу, олардың әлемдік спорт сияқты мәліметтерге сай таңдап алу қажеттігі көрінді.

7. Ұлттық спорт түрлерін оқыту бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудағы ұсынылған бағдарлама біз зерттеп отырған мәселенің оқу материалдарын бөліп алуға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында ұлттық спорт түрлерінен үйірме ұйымдастыруға болатынына эксперименттік зерттеу барысында көз жеткіздік. Ұлттық спорт түрлерінен сабақтан тыс үйірмеде оқытатын мамандарды жоғары оқу орнында (педагогикалық) даярлауға болады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында алынған нәтижелер мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- жоғарыда ұсынылған жүйелі жұмыстар болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптастыруды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- арнайы ұсынылған әдістемені қолдана отырып, кәсіби дайындық үдерісінде білім алушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін арттыруға болады;

- жаттықтырушы-оқытушыларға ұсынылған әдістемені іс-тәжірибеге енгізу зерттеліп отырған сапаны қалыптастырумен қатар, жаңа формация жаттықтырушы-оқытушының жеке тұлғасын дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, тәжірибелік-педагогикалық жұмыс нәтижелері біздің ұстанған бағытымыздың нақтылығы мен нәтижелеріміздің дәйектілігін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Теориялық-эксперименттік зерттеу үдерісінде болжам расталды, алға қойылған мақсаттар толығымен шешімін тапты. Алынған нәтижелер келесідей қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

1. Заманауи білім берудің басты тенденциясы құзыреттерге, оқыту нәтижелеріне негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыру. Құзыреттілігі қалыптасқан мамандар даярлау үдерісінің жолға қойылуы пәндік білім емес құзыреттерге бағдарланған білім беретін маманды даярлауды талап етуде. Солардың бірі - жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру. Диссертациялық жұмыс барысында білім стандартын, маманның профессиограммасын, маманның лауазымдық міндеттеріне қойылатын талаптар зерделенді. «Болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі» кәсіби құзыреттіліктер құрылымында оның құраушысы болып табылатыны нақтыланды және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі, ұйымдастыру қабілеттерінің, әдістемелік білімдер мен іскерліктердің және тұлғалық сапалардың жиынтығы ретінде анықталды.

2. Ұлттық спорттық ойындар өзінің басқару тілі, ұйымдастырылуы мен әлеуметтік-психологиялық ықпал ету тұрғысынан болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететіні нақтыланды. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық спорттың мүмкіндіктері: спорттық әрекет құрылымы (бағдарлық, ұйымдастырушылық, т.б.), оның бағыттылығы (әлеуметтік-мәдени, практикалық, оқыту) және оқу жұмыстары барысында әртүрлі деңгейде ұйымдастырылуы (оқу-жаттығу, ұлттық спорт түрлері бойынша оқыту формаларын ұйымдастыру, жарыстарды ұйымдастыру деңгейінде) тұрғысынан артатыны анықталды.

3. Мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастыру-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік блоктарды қамтыған жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, жеке тұлғалық бағдарланған, этнопедагогикалық тұғырларға негізделген, құрылымы мотивациялық-құндылық, танымдық, іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалау құраушыларының жиынтығынан тұратын болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру моделі нәтижелі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, бағдар береді. Қалыптастыру үдерісінің сәттілігі оқыту үдерісін психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыру-педагогикалық және ұйымдастыру-әдістемелік шарттар кешенінің және жалпы дидактикалық: жүйелілік, бірізділік, ғылымилық, білім алушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру, сабақтастық қағидалардың сақталуы жағдайында жүзеге асырылады.

Зерттеу жұмысында болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша қалыптастырылған ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігінің деңгейлері: жоғары, орта және төмен деп анықталды.

4. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі: ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілік құраушыларын (білім, іскерлік және тұлғалық сапа қасиеттерді) анықтау; білім беру бағдарламаларын анықтауда болашақ жаттықтырушы-оқытушының ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін құраушылары жиынтығын талдау; олардың логикалық құрылымын анықтау; ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы оқу пәндерінің байланысын орнату (білім беру технологиясын құрастыру); болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған элективті курс енгізу; оқытуда технологиялық карта тұрғызу; анықталған құзыреттілік құраушыларын оқыту нәтижесі тұрғысынан оқыту әдістемесін жүзеге асыру тұрғысынан жобалануы және процессуалдық аспектіде орындалуы қалыптастыру үдерісін нәтижелі ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі біз ұсынған оқыту мазмұны (элективті курс) және оқыту формалары мен әдістерінің (сұрақ-жауап, пікір-талас, кейс, педагогикалық тапсырмалар, т.б.) үйлесімінде нәтижелі қалыптастырылуы жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері, жаңа бағытта жүргізілген жұмыс, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұлттық спорт түрлері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әлеуметтік талап тұрғысынан маңыздылығын дәлелдеді.

Орындалған жұмыс болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты барлық мәселені шешпейді. Диссертациялық зерттеулер барысында алынған тұжырымдар қарастырып отырған мәселені жан-жақты шешті деп, бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарын тоқтатуға да болмайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдап қорыту келешекте:

- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың когнитивті сала бойынша даярлығын терең зерттеу және танымның жоғары деңгейін қалыптастыруды;

- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың психомоторлы сала бойынша дене дайындығын терең зерттеу және автоматтандыру деңгейін қалыптастыруды;

- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың аффективті сала бойынша дайындығын терең зерттеу және құндылықтарды ұйымдастыру мен тарату деңгейін қалыптастыруды, одан жеке-жеке және кешенді түрде зерттеу қажеттігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы.
- 2 Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы // <http://old.qamshy.kz/>
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. –Алматы: Юрист, 2010. – 21б.
- 4 Weinert F.E. Concept of Competence: A Conceptual Clarification / In D. S. Rychen & L. H. Salganik (Eds.). Defining and Selecting Key Competencies Seattle. - Hogrefe & Huber, 2001. - P. 45–66.
- 5 Alireza Zandi, Mona Tavakoli, Seyed Nemat Khalifeh, Leila Saffari “The determination indices professional competence of teachers of general physical education of universities in Iran” // European Journal of Experimental Biology. – 2014. - № 4(1). – P. 309-314.
- 6 Arredondo P., Toporek R., Brown S.P., Jones J. et al. Operationalization of the multicultural counseling competencies // Journal of Multicultural Counseling and Development. – 1996. - №24(1). – P. 42-78.
- 7 Bakx A. Acquisition, Development and Assessment of Social-communicative Competence: doctoral Thesis. - Tilburg: Katholieke Universiteit Brabant, 2001. – P. 144-150.
- 8 Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. -160 с.
- 9 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. –М.: Высш.шк., 1990. -119 с.
- 10 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. //Стандарты и мониторинг в образовании. -1999.-№4. –С.21-22.
- 11 Баранников А.В. Содержание общего образования: Компетентностный подход. – М.: Педагогика, 2000. -132 с.
- 12 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. - № 5. - С. 34-42.
- 13 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. –Астана, 2001. – 275 б.
- 14 Меңлібекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. -2001. -№4-5. –С.153-159.
- 15 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. –Алматы, 2008. -328 б.
- 16 Палуандар белдескен күн. Елбасы және ел мұраты. – 2015, шілде 9 // http://www.elarna.com/koru_kk.php?id=461839.
- 17 Әл -Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 163 б.
- 18 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1992. – 428 б.
- 19 Иассауи А. Ақыл кітабы. – Алматы: Мұраттас, 1995. – 262 б.

- 20 Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 201 б.
- 21 Абай және қазіргі заман. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 336 б.
- 22 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1986. -560 б .
- 23 Байтұрсынов А.Шығармалары. – Алматы. Жазушы, 1989. – 320 б.
- 24 Дулатов М. Оян, қазақ! – Алматы: Алтын Орда, 1991. – 121 б.
- 25 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 26 Аймауытов А. Тәрбиеге жетекші. – Қызылорда, 1924. - 105 б.
- 27 Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
- 28 Намазбаева Ж.Ы., Ибашова М.С. Білім беру үрдісіндегі шығармашыл тұлғаның кейбір психологиялық мәселелері //Абай атындағы ҰПУ. Педагогика және психология ғылыми-әдістемелік журнал. - 2013. - №1 (14). - Б.109-114.
- 29 Хан Н.Н. Национальное воспитание как компонент профессиональной подготовки будущего учителя //Научное обозрение: гуманитарные исследования. - 2015. - №4. – С. 94-98.
- 30 Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования: учеб.для вузов.-2-е изд.- Алматы: Ғылым, 2003. –С. 265-270.
- 31 Әбдіғапбарова Ұ.М. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. - 23 б.
- 32 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2002. – 166 б.
- 33 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности.- Л.: ЛГУ, 1970. - 172 с.
- 34 Сериков В.В. Элементы теории системного управления образованием. – Челябинск: Изд-во ГЧГТУ, 1995. – С.3-15
- 35 Сластенин В.А. Формирование профессиональной культуры учителя: учебное пособие. - М.: Прометей, 1993. – 177 с.
- 36 Адамбеков К.И Проблемы исследования социальной педагогики физической культуры // Вестник КазНПУ им Абая. – 2014. - №2 (41). – С. 3-5.
- 37 Беркимбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. док. ...дис. – Түркістан, 2006. – 283 б.
- 38 Белицкая Г.Э. Социальная компетенция личности / Сознание личности в кризисном обществе. - М.: Научный мир, 1995. - 170 с.
- 39 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005. -208 б.
- 40 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1978. – 144 б.
- 41 Сапарбаев М.Б. Теория и практика подготовки учителей физической культуры в системе непрерывного педагогического образования: дис. ...док. пед. наук: 01.03.93. – Алматы, 1993. – 246 б.

42 Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: дис. ... пед. ғыл. канд.: 21.02.99. – Алматы, 1999. -146 б.

43 Оналбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ...дис. –Түркістан. 2007. – 235 б.

44 Қарақов А. Дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. – Түркістан. 2008. - 44 б.

45 Жанабаев Қ.Т. Дене тәрбиесіндегі ұлттық ойындар. – Алматы, 2001. - 37 б.

46 Ботағариев Т.А. Научно-практическое обоснование совершенствования физического воспитания школьников с учетом региональных условий:дис. ... док. пед. наук: 15.01.01. – Алматы, 2001. – 300 с.

47 Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006. – 166 б.

48 Оразов Ш. Б. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. –Түркістан, 2008. – 280 б.

49 Акшораев А. Тоғызқұмалақ. – Алматы: Қазақстан, 1979. - 75 с.

50 Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1985. – 83 б.

51 Барсай Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. - Шымкент. 2010. – 348 б.

52 Игропуло И. О структуре методической компетентности преподавателя вуза при переходе к образовательным стандартам нового поколения // <http://gisap.eu/ru/node/11894>.

53 Кузнецова Н.А. Профессионально-педагогическая компетентность учителя физической культуры // http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2013/20_13-3-5.pdf

54 Кенджаева Б.Б. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастыру: пед.ғыл.док. ... автореф. –Түркістан, 2010. - 27 б.

55 Суранов В.Г. Формирование организаторской компетенции у студентов педагогического вуза в системе деятельности студенческого клуба: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08.- Чебоксары, 2010.- 244 с.

56 Исламов А.Э. Педагогическое обеспечение формирования организационно-управленческой компетентности будущего учителя технологии: автореф. ... канд. пед. наук. – Елабуга, 2015. -25 с.

57 Каракозова Н.Ю. Формирование технологической компетентности воспитателей детского сада в процессе дополнительного профессионального образования: автореф. ...канд. пед. наук. –Тольятти, 2015. - 25 с.

58 Мешев И.Х. Формирование методической компетентности и культуры преподавателя физической подготовки вуза в процессе повышения квалификации // <http://www.online-science.ru/userfiles/file/lz4aordlw5s3vali0cni17z35dxupl.pdf>.

59 Кузнецова И.В. Развитие методической компетентности будущего учителя математики в процессе обучения математическим структурам в сетевых сообществах: дис. ... док. пед. наук. – Архангельск, 2015.

60 Маринченко К.А. Формирование компетентности профессионально-личностного самосовершенствования будущих преподавателей физической культуры в вузе: автореф. ... канд. пед. наук. - Орел, 2012. – 24 с. // <http://www.dslib.net/prof-obrazovanie/formirovanie-stiprofessionalno-ntnolichnostno-samosovershenstvovaniya.html>.

61 Никифоров Н.В. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-тренеров по вольной борьбе: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Якутск, 2009. – 25 с.

62 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген. - Астана, 2012.

63 Van Dinther M., Dochy F., Segers M., Braeken J. The construct validity and predictive validity of a self-efficacy measure for student teachers in competence-based education // *Studies in Educational Evaluation*. – 2013. - Vol. 39, №3. - P. - 169-179.

64 Ghazali, Mohd Izam Bin. A competence based education and training (CBET) approach to the diploma in accounting programme in the polytechnics of malaysia: an investigation and evaluation: doctoral thesis. - University of Huddersfield, 2004.

65 Методические рекомендации по проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования на основе компетентностного подхода и конструированию на их основе учебных планов и программ в вузах Кыргызской Республики. – Бишкек, 2012. – 92 с.

66 Оскарссон Б. Базовые навыки как обязательный компонент высококачественного профессионального образования // Оценка качества профессионального образования: доклад 5; Европейский фонд подготовки кадров. Проект ДЕЛФИ / ред. В.И.Байденко, Дж.ван Зантворта. – М., 2001. – С.42-46.

67 Равен Джон. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. – М.: Когито-центр, 2002. – 396 с.

68 Hutmacher, Walo. Key competencies for Europe: Report of the Symposium Berne. – Switzerland, 1996, march 27-30.

69 Council for Cultural Co-operation (CDCC) a Secondary Education for Europe. – Strasburg, 1997. – Vol. 7 – P. 11.

70 Советский энциклопедический словарь / ред. А.М.Прохорова. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 1388 с.

71 Реформы и развитие высшего образования: программный документ ЮНЕСКО. -1995. - 152 с.

72 Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н.Ю.Шведовой. – М.: Рус.яз., 1989. – 924 с.

73 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / жалпы ред.басқарған п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп». ЖАҚ, 2002. -256 б.

74 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

75 Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд.пед.наук. - Алматы, 2004. -24 с.

76 Velde Ch. Crossing borders: an alternative conception // Annual SCUTREA conference. - 1997. – Vol. 27. - P. 27-35.

77 Raven J. Education and Competencies required in Modern Society // Higher Education Review. – 1982. - №15. - P. 47-57.

78 Simon Shaw. Development of Core Skills training in the Partner Countries. Final Report for the ETF Advisory Forum Sub-Group D. - European Training Foundation, 1998, june.

79 Berlin A., Nilsson G., Tornkvist L. Cultural competence among Swedish child health nurses after specific training: a randomized trial // Nursing & Health Sciences. – 2010. - №?. – P. 78-84.

80 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. Алматы, 2008. – 328 б.

81 Варданян Ю.В. Строеие и развитие профессиональной компетентности специалиста с высшим образованием: дис. ... док.пед.наук. - М., 1999. - 353 с.

82 Омаров Б.С., Компетентностный подход как основа формирования профессиональной компетенции будущих педагогов-тренеров в вузе // Наука и образование в XXI веке: теория, практика, инновации. – М., 2014. – Ч. 1. – 107-112 с.

83 Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход // Сибирь. Философия. Образование. – Научно-публицистический альманах: СО РАО, ИПК, г.Новокузнецк. - 2005 (выпуск 8), – С.26-44. <http://drusa-nvkz.narod.ru/Pedagog-Sib.html>

84 Кожитов Л.В., Емельянов С.Г., Демин В.А. и др. Инновации в образовании. – Курс: Курс.гос.техн.ун-т, 2010. - 635 с.

85 John Biggs. Aligning teaching and assessment to curriculum objectives. Teaching and Learning in Higher Education: New Trends and Innovations. - University of Aveiro, 2003, april 13-17.

86 Stoof A., Martens R.L., van Merriënboer J.J.G. Что есть компетенция? Конструктивный подход как вывод из замешательства / пер. с англ. - Орел, 2004.

87 // <http://www.ht.ru/press/articles/print/art26.htm>.

88 Adam Smith., Froment E., Kohler J., Purser L., Wilson L., An introduction to learning outcomes, in EUA Bologna Handbook. - Berlin: Raabe, 2006. - Vol. 2 (3-1).

89 Болонский процесс: середина пути / под науч. ред. д-ра пед. наук, профессор В.И.Байденко. – М.; Астана: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов; Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2006. – 400 с.

90 Шалхарова Ж.С. Болон үдерісінің негізгі қағидалары (қысқаша шолу). – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті, 2013. - 18 б.

91 Bloom V.S. Taxonomy of Educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. - New York: Longman, 1956.

92 Самылкина Н.Н. Современные средства оценивания результатов обучения. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2007. - 172 с.

93 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2009. - 328 б.

94 Куралбаева А. А. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру: филос. док. (PhD) ... дис. - Түркістан, 2014. - 195 б.

95 McClelland D.C. Testing for competence rather than for "intelligence" // American Psychologist. - 1973. - №28. – P. 1-14.

96 Onstenk J. Lerend leren werken. Brede vakbekwaamheid en de integratie van leren, werken en innoveren. Learning how to work while learning. Broad occupational competence and the integration of learning, working and innovating. – Delft: Netherlands; Eburon, 1997. – P. 159.

97 Беркимбаев К.М., Мухамеджанов Б.Қ., Муратбаева Г.А., Рахмет У.Р., Омаров Б.С. Совершенствование профессиональной компетентности педагога в условиях информатизации образования // Доклады Казахской академии образования. - 2013. - №3-4. - С. 21-27.

98 Веснин В.Р. Практический менеджмент: пособие по кадровой работе. – М., 1998. –59 с.

99 Omarov B.S., Berkimbaev K.M., Mukhamedzhanov B.K., Abuseitov B.Z., Problems of Forming of future specialists' professional competence // Materials of the VII International research and practice conference “European Science and Technology”. – Munich; Germany, 2014. - Vol. 2. – P. 80-85.

100 Ключевые ориентиры для разработки и реализации образовательных программ в предметной области «Образование». – Бильбао: Университет Деусто, 2013. - 80 с.

101 Omarov B.S. To the question of training of future teacher-trainers on national sports in the conditions of education informatization // Применение новых технологий в образовании. – М.: Троицк, 2014. - С. 601-605.

102 Эталонная модель компетентностей педагогического работника // http://pacad.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=1071.

103 Носко И.В. Модель выпускника как основа формирования компетенций студентов в процессе вузовской подготовки: автореф. ... канд.пед.наук. – Владивосток, 2007. - 25 с.

104 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша ҚР МЖМБС 6.08.064-2010. – Астана. 2010. – 43 б.

105 Зимняя И.А. Общая культура и социально-профессиональная компетентность человека // Интернет-журнал "Эйдос". - 2006. - 4 мая. <http://www.eidos.ru/journal/2006/0504.htm>

106 Игропуло И.Ф., Уманская А.В. Структура методической деятельности преподавателя вуза при переходе к новым образовательным стандартам // Вестник Северо-Кавказского государственного технического университета. - 2012. - №3. - С. 158-162.

107 Чичикин И.В. Формирование коммуникативной компетентности в профессиональном образовании менеджеров (на примере специальности «Менеджмент организации»): автореф. ... канд. пед. наук. – Курск, 2010. -25 с.

108 Файоль А. Общее и промышленное управление. - М.: Контроллинг, 2002. – 360 с.

109 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 576 с.

110 Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. - Л., 2009. - 98 с.

111 Гончарова Н.Л. Категории «компетентность» и «компетенция» в современной образовательной парадигме // Сборник научных трудов СевКавГУ. Серия «Гуманитарные науки». - 2007. - № 5 // [http://www.%20ncstu.%20ru/\(15.01.15\)](http://www.%20ncstu.%20ru/(15.01.15)).

112 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.

113 Зеер Э.Ф., Павлова А.М., Сыманюк Э.Э. Модернизация профессионального образования: компетентностный подход: учеб. пособие. – М.: Московский психолого-социальный институт, 2005. – 216 с.

114 Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 қарашадағы №434 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 желтоқсанда №9015 тіркелді.

115 Ортаев Б.Т., Омаров Б.С. Болашақ педагог-жаттықтырушылардың кәсіби құзырлығын анықтаудағы негізгі мәселелер // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2015. - №6 (33). - Б. 96-100.

116 Shemais M.A. Management Competency of the Specialist of Sports (Descriptive Study) // World Journal of Sport Sciences. - 2010. - №3. – P. 55-59

117 Manzheley Irina V., Cherniakova Svetlana N. Development of Bachelor`s Physical Culture Competences // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. - Siberian Federal University, 2014. - №7 (7). - P. 120-126

118 Kovac M., Sloan S., Starc G. Competencies in Physical Education Teaching: Slovenian Teachers' Views and Future Perspectives // European Physical Education Review. - 2008. - №14(3). – P. 299–323.

119 Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыратын түрлі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының тізбесін және олардың қызмет қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығы.

120 Ортаев Б.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориясы мен практикасы: : пед. ғыл. док. ... дис. – Түркістан, 2010. – 300 б.

121 Качество знаний учащихся и пути его совершенствования / под ред. М.Н.Скаткина, В.В.Краевского. - М.: Педагогика, 1978. - 208 с.

122 Лернер И.Я. Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? – М.: Знание, 1978. - 48 с.

123 Краевский В.В. Проблемы построения целостной теории содержания образования и процесса обучения // Сб. научных трудов. – Челябинск: ЧГПИ, 1988. - 138 с.

124 Требования к знаниям и умениям школьников: Дидактико-методический анализ / под ред. А.А.Кузнецова. – М.: Педагогика, 1987. - 176 с.

